- Сондай-ақ АҚ Стратегиясын өзектендіру шеңберінде ҚР стандарттарының ұсынымдары мен АҚ-ны қамтамасыз ету бойынша үздік тәжірибелер негізінде «АҚ-ның жетілуін бағалау» құжаты әзірленді. Осы құжат негізінде 2022 жылдың желтоқсанында «Транстелеком» АҚ-да ақ аудиті бойынша жұмыс басталды.

ЖИЖ функцияларын қамтамасыз етуге байланысты міндеттер

ЖИЖ пайдаланудан шығару:

Қазіргі уақытта «Транстелеком» АҚ тіркелген телефон байланысы және деректерді беру желісінде ЖИ, ҚБІ функциялары бар сертификатталған жабдық пайдаланылады.

Алайда бұрын пайдаланылып жүрген «Ронекс Секьюрити» ЖШС өндірісінің COPM жабдығы қазіргі уақытта «Транстелеком» АҚ балансында, электр энергиясы көздеріне қосыла отырып, «ұйқы режимінде» тұр.

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 358 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторларының және (немесе) байланыс желілерін иеленушілердің жедел-ізвестіру, қарсы барлау іс-шараларын техникалық тұрғыдан жүргізу үшін өзінің телекоммуникациялық жабдығының функцияларын өз қаражаты немесе тартылған қаражат есебінен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жабдықтың иеленушілері ЖИ, ҚБІ техникалық тұрғыдан жүргізу функциялары бар телекоммуникациялық жабдықтарды пайдаланудан шығаруды және оларды қайта пайдалануды, сондай-ақ ақпаратты жинақтау және сақтау құрылғыларын кәдеге жаратуды ұлттық қауіпсіздік органдарының уәкілетті бөлімшесімен келісу бойынша жүзеге асырады.

Астана қаласында 23 сервер мөлшерінде ЖИЖ жабдығын пайдаланудан шығару жүзеге асырылды, бұл желілік жабдықты орналастыру үшін телекоммуникациялық шкафтар мен электрмен жабдықтау ресурстарын босатуға мүмкіндік берді.

Деректерді беру желісіндегі ЖИЖ қуатын кеңейтуді бастау:

Стандарттар мен салалық регламенттің талаптарына сәйкес ЖИЖ кешенінің негізгі архитектурасы Серверлік жүйеден (Server System) және Сақтау жүйесінен (Storage System) тұрады. Серверлік жүйе негізінен Заңды ұстау жүйесінің (Legal Interception System) функционалдығын қамтамасыз етеді.



Алынғыштарды кәдеге жаратудың шекті мәніне қол жеткізу тіркелді, бұл кейіннен абоненттердің трафигін ұстап қалу мүмкін еместігіне, ЖИ өткізу функционалын қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамауға әкелуі мүмкін. Бұл бұзушылық ҚР заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларына әкеп соғуы мүмкін.

Туындаған жағдайды шешу үшін «Транстелеком» АҚ-ның Басқарма деңгейіне мәселені эскалациялауды бастамашылық етілді.

Нәтижесінде кеңейту бойынша техникалық шешім пысықталды, кеңейту шығындары анықталды.

«Виртуалды АТС» жобасы

Виртуалды АТС – «Транстелеком» АҚ жаңа клиенттерін телефон байланысымен қамтамасыз етуге арналған қызмет. Қызмет клиент (компания) провайдерде физикалық түрде орналастырылған IP-АТС-ны толық пайдалануға алады (осыдан, виртуалды сөзі шыққан) және қызметті қосу құнын немесе байланыс қызметін тұрақты негізде пайдаланғаны үшін абоненттік/жалдау ақысын біржолғы төлейді.

Виртуалды АТС IP-АТС-тың барлық стандартты мүмкіндіктерін ұсынады: көп арналы нөмір, сөйлесулерді жазу, дауыстық сәлемдесу, қоңырауды аудару – мұның бәрі мамандандырылған коммутациялық жабдықты сатып алмай-ақ Интернет арқылы қолжетімді. Соңғы пайдаланушылар IP телефондарын немесе IP телефония бағдарламалық қолданбаларын пайдаланады.

Бағдарламалық жасақтама негізінде «Транстелеком» АҚ желілерінде ВАТС енгізу мынадай мүмкіндіктер береді:

1. «Транстелеком» АҚ-ның өз қажеттіліктері үшін, сондай-ақ коммерциялық корпоративтік клиенттер үшін корпоративтік байланыстың толыққанды шешімін жасау және өрістету;
2. әрбір тапсырыс беруші үшін ВАТС жүйесін масштабтау арқылы әлеуетті клиенттердің қосылуын арттырады;

3. бірыңғай нөмірді, мобильді қолданбаларды (Softphone) және Web-интерфейс (жеке кабинет) арқылы қызметтерді басқаруды пайдалану;
4. қоңырауды қайта адрестеу, қоңырауды ұстап тұру және күту функциялары, телефон қоңырауларын жазу, жауап беру машиналары, аудио конференциялар, көп арналы қоңыраулар, автоматты сәлемдесу жүйесі (IVR);
5. виртуалды технология бойынша клиенттерді қосу үшін TDM байланыс арналарын пайдалануды азайту;
6. желіні оңтайландыру.

Виртуалды АТС жобасын енгізудің бастапқы кезеңінде шығындардың бағасының жоғарылығына байланысты «Айтулабс» ЖШҚ компаниясының шешімі бойынша тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік беретін кірісті бөлу моделі (Revenue Sharing) қаралды. Мұндай модельде инсталляциялық және аванстық төлемдер мүлдем жоқ. Алғашқы есептеулер сатылым басталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

«Дереккөздердегі АСМ» ERG жобасы

Жоба «ССКӨБ» АҚ (ЖЭО, ЦПО), «Қазхром» АҚ (Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Дон тау-кен байыту комбинаты, Ақсу ферроқорытпа зауыты), «Қазақстан алюминий» АҚ, «ҚЭЗ» АҚ, «ЕЭК» АҚ (Восточный разрезі, Электростанция), «3-Энергоорталық» АҚ сияқты «Еуразиялық Топ» ЖШС-нің 9 кәсіпорнында АСМ енгізуді көздейді.

Жобаны іске асыру шеңберінде Sick (Германия), Codel (Ұлыбритания), Neo Monitors (Норвегия) және т.б. сияқты газ аналитикалық жүйелерді өндіруші әлемдік көшбасшылардың жоғары технологиялық жабдықтарын пайдалану көзделген.

Фискалдық деректер операторы

2022 жылы «Транстелеком» АҚ ФДО қызметін ұсынды жалғастыра отырып, клиенттерге жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желілері бойынша салық қызметі органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді сапалы және

үздіксіз беруді қамтамасыз ете отырып, жаңа БКМ қосу динамикасын ұлғайтты.

«Транстелеком» АҚ қызметін ілгерілету мақсатында келесі іс-шараларды өткізді:

- 6 немесе 12 айға қосылған ФДО қызметтерінің қазіргі және жаңа пайдаланушылары арасында Apple iPhone 13 смартфондарының ай сайынғы ұтыс ойыны бойынша науқан;
- ФДО қызметінің жаңа клиенттері үшін жеңілдікті кезеңдер мен жеке тарифтер ұсынылды;
- БКМ техникалық қызмет көрсету орталықтары арасында марафон өткізіледі;
- клиенттерге ыңғайлы болу үшін жаңа сервистер қосылды (Корпоративтік шот, ФДО API, Nalyk POS, Nalyk QR, номенклатура), сондай-ақ Kaspi QR арқылы ФДО қызметтері үшін тікелей ФДО жеке кабинетінде ақы төлеу мүмкіндігі.

ФДО қызметі толығымен автоматтандырылған және оған қосылу www.OFD1.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. ФДО қызметі іске қосылған сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін ФДО қызметіне ай сайынғы абоненттік төлемнің құнын ҚҚС-ты ескере отырып, 1 400 теңге мөлшерінде белгіленді.

ФДО қызметі бәсекелестік ортада көрсетіледі және «Транстелеком» АҚ-дан басқа қызметті «Қазақтелеком» АҚ, «Кар-Тел» ЖШС (Beeline) және «Kaztranscom» АҚ (Jusan Mobile) ұсынады.

Бәсекелестіктің артуына қарамастан 2022 жылы «Транстелеком» АҚ клиенттік базаны ұлғайтты және ФДО қызметтері нарығының 35%-дан астамын алады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ФДО қызметінен түсетін кірістер жоспары 67%-ға асыра орындалды:

2021 жылмен салыстырғанда:

- тіркелген БКМ саны 1,5 есеге (немесе 48%-ға) артып, 385 400 бірлікті құрады;
- тіркелген клиенттер саны 1,6 еседен астам өсті (немесе 62%) және 442 940 ұйымды құрады;
- ҚҚС есебімен ФДО қызметтері бойынша кірістер 1 865 млн теңгеден асты, бұл 2021 жылғы көрсеткіштерден 1,8 есе жоғары.

«SAP»

Бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ – ҚР аумағындағы SAP өнімдерінің ірі жүйелік интеграторы. 2019 жылдан бастап өзінің SAP құзыреттілік орталығын құрылды, ол қысқа уақыт ішінде SAP жобаларын іске асыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді, сондай-ақ компанияның имиджін арттыруға бағытталған. Осылайша, «Транстелеком» АҚ SAP Gold Partner мәртебесіне ие. Біздің құзыретіміз сертификаттармен және наградалармен расталған, оның ішінде:

- Мұнай-газ саласындағы расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Oil and Gas);
- Пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы расталған сараптамасы бар серіктес (SAP Recognized Expertise Industry: Mining);
- SAP Value Award 2018 жыл сайынғы сыйлығының финалисті дипломы;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да SAP жүйелерін SAP HANA жаңа платформасына көшіру» жобасын табысты іске асырғаны үшін алғыс хат.

Осылайша, бүгінгі таңда «Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының аумағында SAP барлық функционалдық бағыттарында SAP жүйелерін енгізу, дамыту және сүйемелдеу бойынша кең құзыретке ие.

Жаңа жобаларға келетін болсақ, 2022 жылдың маусым айында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-да SAP емес SAP MDG жүйелерімен интеграциялау бойынша қызметтерге тендер ұтып алынды. Жоба сыртқы ақпараттық жүйелердің деректерін пайдалана отырып, әртүрлі жүйелер арасында бірыңғай ақпараттық кеңістік құруды көздейді, жобаны іске асыру 2023 жылдың маусым айының соңына дейін жоспарланған.

Сонымен қатар, 2022 жылдың қараша айында «Dasco Technology» ЖШС-мен консорциумда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-де енгізілген SAP жүйесін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетуге тендер ұтып алынды. Жобаны іске асыру 2022-2023 жылдарға көзделген. Жоба SAP S4HANA жүйелерін өнеркәсіптік пайдалануды қолдауды, SAP S/4 HANA жүйесінің стандартты шешімдерін қолдана отырып, функционалдылықты жетілдіруді және оңтайландыруды қамтиды.

Операторлық бизнесті дамыту (B2O сегменті)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ B2O БИЗНЕС

«Транстелеком» АҚ халықаралық B2O бизнесі көптеген жылдар бойы ішкі және халықаралық нарықтарда сапалы байланыс қызметтерін ұсыну бойынша белсенді қызмет жүргізіп келеді. Біздің серіктестер – бұл сапалы телекоммуникациялық қызметтер бизнес жүргізудің қажетті шарты болып табылатын ірі компаниялар.

Көптеген жылдар бойы негізгі серіктестердің қатарына British Telecom, ChinaTelecom, China Mobile, China Unicom, RETN, Veon, MegaФон, Telegraph, Orange және басқа да белгілі халықаралық байланыс операторлары кіреді, бұл ең жоғары халықаралық деңгейде сенімді ынтымақтастық жүргізу мүмкіндігін куәландырады.

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫМЕН СЕРІКТЕСТІК

Ресей Федерациясының операторларымен және «Транстелеком» АҚ-мен бірлескен жұмыстар белсенді жүргізілуде, «МТС» ЖАҚ желілерді қосуды ұйымдастырған ҚР бірінші операторы болып табылады.

- 2022 ж. – ҚР/РФ шекарасында «МТС» ЖАҚ-пен желілердің түйісуі ұйымдастырылды
- 2023 ж. – Ресейдің басты операторы – «Ростелеком» ЖАҚ-пен трансшекаралық түйісті іске қосу жоспарлануда

Бүгінгі таңда Қоғам 28 халықаралық түйісуді ұйымдастырды



28

Ресей Федерациясымен шекарада 14 түйіс


Қырғызстанмен шекарада 7 түйіс

Қытаймен шекарада 5 түйіс

Өзбекстанмен шекарада 2 түйіс



Халықаралық түйісулер



Халықаралық байланыс операторларымен түйісулер ҚР ішкі нарығында бастапқы провайдер мәртебесін береді, TIER-1 және TIER-2 деңгейіндегі әртүрлі провайдерлерден Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін сатып алуға, сол арқылы Интернет қызметтерінің толық резервін құруға және ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

СЕРВЕР КЭШІ

TTC ЖЕЛІСІНДЕ СЕРВЕР КЭШІ ОРНАТЫЛҒАН:

Бұл өз клиенттеріне Интернет қызметін неғұрлым бай контентпен және жақсы сапамен ұсынуға мүмкіндік береді.



1. Google



2. Facebook



3. CDNVideo



4. WoT

TRANSKZ

Жүйе бүкіл ұзындығы бойынша резервтік маршруттарға ие және Еуропа мен Азияны Франкфурттан Гонконгқа дейін (ең қысқа маршрут бойынша) ұзындығы 15 мың шақырым болатын талшықты-оптикалық кабельмен байланыстырады. Маршруттағы айналмалы кідіріс 150,56 мс құрайды.

1500G сыйымдылығының жиынтық өсімімен Қытай, Қырғызстан және Өзбекстан бағытында меншікті транзиттік желілерді жаңарту маңызды жетістік болып табылады.

2022 жылдың мамыр айында жалпы табысы 14,4 млн. долларды құрайтын, 3 жыл ішінде 2ТВ-ге дейінгі жиынтық көлемі бар Өзбекстан бағытында транзиттік арналарды ұсыну бойынша ұзақ мерзімді шартқа қол қойылды.

100G Еуропа-Қытай транзиттік арналарын ұсыну бөлігінде Қытай операторларымен, атап айтқанда China Telecom (тендерге қатысуға шақыру алды, 2022 жылдың соңында) және China Unicom (MOU-ға қол қойды және 2022 жылдың соңында 100G арнасына тендерді жеңіп алды, ол 2023 жылдың басында іске асырылады). Сондай-ақ China Mobile-мен ынтымақтастықты нығайтты (Мәскеу қ. бағытында 100G арнасына тапсырыс алды) және TRANS KZ желісі бойынша қосымша 2x100G ұйымдастырды. Жыл ішінде барлығы Қытай бағытында 4x100G енгізілді, оның ішінде IRU шарттарында және 1x100G 2022 жылғы желтоқсанда расталды.

TRANSKZ –

бұл бір желілік провайдермен толқын ұзындығы бойынша тығыз мультиплекстеу (DWDM) технологиясына негізделген Еуропа мен Азияны бірыңғай жер үсті жүйесімен байланыстыратын инновациялық жүрдек маршрут.

«Транстелеком» акционерлік қоғамы

Қырғызстан нарығындағы позициясын нығайтты, 100 Гбит/с-қа қосымша көлемді сатты, нарықтағы қатысу үлесін 4-тен 15%-ға дейін ұлғайтты.

2022 жылдың желтоқсанында Астана – ҚР/РФ (Пресногорьковка ст.) шекарасы бағытында сыйымдылығы 500 Гбит/с дейінгі «Зуммер» ЖШҚ-мен желі дайындалды, бұл жаңа транзиттік бағытты Қырғызстан мен Өзбекстан бағытында сату үшін пайдалануды жоспарлап отырмыз.

2020-2022 Ж.Ж. В20 КӨРСЕТКІШТЕРІ

САЛЫМ (В20)	МЫҢ ТЕҢГЕ
2020	3 561 063
2021	3 947 640
2022	6 185 662

- **2022 жылы В20 салымы** ҚҚС-сыз 6,2 млрд. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 57%-ға ұлғайды.
- **Шығыстар** ҚҚС-сыз 3,5 млрд. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 35%-ға азайды.
- **Түсім** ҚҚС-сыз 9,7 млрд. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға ұлғайды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша операторлық бизнеспен келесі көрсеткіштерге қол жеткізілді:

1. Интернеттің сыртқы арналарының жалпы сатып алынатын сыйымдылығы 10%-ға ұлғайтылды, бұл ретте 1 Мбит/с үшін құны 10%-ға төмендеді.

Меншікті транзиттік желілердің сыйымдылығының 1500G артуы



ШЫҒЫСТАР (В20)	МЫҢ ТЕҢГЕ
2020	5 133 958
2021	5 379 943
2022	3 504 014

КІРІСТЕР (В20)	МЫҢ ТЕҢГЕ
2020	8 695 021
2021	9 327 583
2022	9 689 677

2. ҚР ірі операторларына арналған Интернет-трафикпен алмасу («Транстелеком» АҚ желісімен пиринг) қызметі іске асырылды, бұл сыртқы Аплинкаларға жүктемені азайтуға және Қазақстан ішіндегі контентке кідірістерді азайтуға мүмкіндік берді.



В2О ІШІНДЕГІ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ

В2О сегменті «Бизнес кейстер» процесін әзірледі, ол елдік кейстердің рентабельділігін анықтауға, сондай-ақ салымды ұлғайту бойынша кейстерді жақсартуды жоспарлауға мүмкіндік берді. 2023 жылы процесті автоматтандыру жоспарлануда.

В2О сегментінің ішінде бизнес-процестерді автоматтандыру үшін Asana project management бағдарламасының пилоттық жобасы іске асырылуда.

Asana - бұл команданың жұмысын ұйымдастыруға және басқаруға, тапсырмаларды бақылауға, командада байланыс орнатуға және құжаттармен алмасуға көмектесетін жан-жақты құрал. Бірақ басты артықшылығы – жобаларды басқару үшін Asana-ны пайдалану мүмкіндігі.



Сыртқы интернет
арналарының жалпы сатып
алынатын сыйымдылығы

10%

-ға ұлғайды

бұл ретте 1 Мбит/с құны

10%-ға төмендеді

Теміржол саласындағы бизнесі дамыту (В2КТЗ сегменті)

2020 жылдың төртінші тоқсанында қайта құрылымдау шеңберінде «Транстелеком» АҚ-да сату блоктары бағытының векторлары құрылды, оның ішінде темір жол саласындағы бизнесі дамыту жөніндегі жеке блок (В2КТЗ) бөлінді, олар ұстап қалуға, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен өзара қарым-қатынасты жолға қою арқылы кіріс шарттарын жақсартуға бағдар алды және оның еншілес ұйымдары дамудың әр кезеңінде бәсекеге қабілеттілікті арттыру арқылы ұсынылатын жұмыстар мен қызметтердің барлық деңгейлерінде байланысты нығайтуға мүмкіндік берді.

В2КТЗ жұмыс векторы ұсынылатын жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға, біздің «Транстелеком» АҚ базасында әрбір міндетке жеке көзқарасты, шешімнің кешенділігін қолдану арқылы бірыңғай цифрлық платформа құруға, міндеттерді іске асыруда жаңа технологияларды пайдалануға және «Транстелеком» АҚ қолайлы имиджін қалыптастыруға бағытталған.

В2КТЗ құзыреттері:

- ДӨӨ
- СОС
- БАО
- ЭДТ АБЖ
- ОТС
- Станциялар АБЖ
- ТОБЖ
- Парк АБЖ
- Магистраль АБЖ

В2КТЗ қызметінің бағыттары:

- Автоматика, телемеханика
- Байланыс, радиобайланыс
- Қауіпсіздік құрылғылары
- Энергетика
- Ақпараттық жүйелер
- Электрмен қоректендіру құрылғылары
- Ауа баптау жүйелері



2022 ЖЫЛҒЫ ЖЕТИСТІКТЕР

2022 жылы ұсынылатын жұмыстар мен қызметтерді көбейту бойынша орасан зор жұмыс жүргізілді, оның ішінде:

- Серверлік қуаттарды ұсынуды ұлғайтуға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен жасалған шарт;
- Астана қаласында пойыздар қозғалысын басқару үшін жедел-технологиялық байланыс (ОТБ) ұйымдастырылды;
- «Радиоарна базасында пойыздар қозғалысын аралық реттеу жүйесі жобасын» бақылаудағы пайдалануға аудару
- «KTZ Express» АҚ үшін IT-дің 1-ші және 2-ші желілеріне техникалық қолдау көрсетудің жаңа қызметін ұсыну
- «Сымсыз байланыс» корпоративтік байланыс үшін пилоттық жобаны іске қосу;
- SDH жаңарту – 411 станцияда HUAWEI (SDH +IP MPLS) жабдығында SDH (LUCCENT, MARCONI) жабдығын жаңарту

IAAS

2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ тапсырыс берушісімен бірлесіп SAP интеграциялық шинасы үшін сынақтардан өту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Клиентті ұстап қалу «Транстелеком» АҚ техникалық және кәсіби мүмкіндіктерін көрсете отырып жүргізілді. Осы қызметті ұсыну кезінде ауыртпалықсыз көші-қон ұсынылды, басқа әзірлеушілердің

қатысуынсыз техникалық мамандар тартылды, бұл қаржы бөлігінің шығындарын барынша азайтты.

АҚБЖ

Клиентке бағдарлану, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік қызметін ұсыну бойынша шарттық міндеттемелерді орындау көрсеткіші шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін «Кибер-қатерлерді анықтау және оларға ден қою» тақырыбында біліктілікті арттыру курстары өткізілді. Осы оқыту шеңберінде мақсаты кәсіпорынның ақпараттық ортасын тұрақсыздандыру болып табылатын ақпараттық зиянкестердің нақты әрекеттеріне жақын зертханалық жұмыстар жүргізілді. Курстан өткеннен кейін өтілген материалдың игерілуін тексеру, сондай-ақ сертификат алу үшін міндетті тестілеуден өтті.

Жедел-технологиялық байланыс

Диспетчерлік топтар бірлестіктері, Алматы қаласындағы жаңадан құрылған Пойыздар қозғалысын басқару өңірлік орталығында (АТБО) жедел-технологиялық байланысты (ОТС) және Оңтүстік-Шығыс өңірдің инфрақұрылымын «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Магистральдық желі дирекциясы» бірлесіп ұйымдастыру. Жаңа АТБО бір орталықтан басқару жолымен оңтүстік-шығыс торапта пайдалану шығындарын азайту, басқаруды оңтайландыру және тиімділігін

арттыру кезінде жұмыс орындарын автоматтандыру мақсаты қойылған тасымалдау процесі мен диспетчерлік басқарудың интеграцияланған мониторинг жүйесі болып табылады.

VTL FalconStor

Бос емес кеңістікті бұлтты есептеуді оңтайландыру үшін VTL FalconStor бағдарламалық жасақтамасы енгізілді. Ішкі желі арқылы өтетін деректердің көлемі резервтік көшірмелердің көлемі 3 есе қысқарды, сақталатын ақпарат мөлшерінің азаюы қолда бар деректер қоймаларының ресурстарын қайта бөлуге мүмкіндік берді. Қойманы сатып алуға және желілік инфрақұрылымды жаңартуға жаңа күрделі салымдардың жеделдігі жоғалды. Бұл софттің пайда болуы автоматтандырылған режимде георезервация мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Деректерді резервтік көшірмелерден қалпына келтіру процесі едәуір жеделдеді, бұл қызметкерлердің еңбек шығындарын азайтты.

SMAX

«KTZ Express» АҚ-да АТ-ның бірінші және екінші желілеріне техникалық қолдау көрсету – SMAX корпоративтік өзіне-өзі қызмет көрсету порталы өрістетілді, өтім беру үшін бірыңғай қысқа нөмір 191 («Транстелеком» АҚ байланыс орталығы) ұсынылды. Екінші қолдау желісі бойынша қызмет

көрсететін қызметкерлер оқытылды. Қызметтер каталогы жаңартылды, АТ активтерін есепке алу және басқару үшін бірыңғай база құрылды, статистика жиналады және техникалық қолдау бойынша өтімдерді орындау бойынша есептер ұсынылады. Барлық кіріс және шығыс ақпарат құрылымдалған және SLA жақсарту үшін талданады.

Ұялы байланыс

«ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін ұялы байланыс беру бойынша жұмыс жүргізілді, бұл телко шарттары бойынша көрсеткіштердің ұстап қалуына және кірістердің сақталуына әкелді.

«Сымсыз байланыс» корпоративтік байланысы үшін үш тарифтік жоспары бар «Кар-Тел» ЖШС бизнес серіктесімен «Sim-карталарды» жалға беру қызметтерін ұсыну үшін пилоттық жоба іске қосылды. 2023 жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының 20 мыңнан астам абонентін «Сымсыз байланысқа» көшіру жоспарланып отыр.

Қаржылық көрсеткіштерді арттыру

Өзге провайдерлер желісінен «Транстелеком» АҚ желісіне ауысу жолымен шығыстарды оңтайландыру, осылайша 2022 жылы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 8 станция ауыстырылды. Оңтайландыру сомасы кіріс бөлігін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ЭҚҚ және АҚБ

ЭҚҚ және АҚБ модернизациясы – 300 станциядағы Huawei жабдықтарына ЭҚҚ және АҚБ (BZX) модернизациясы.

Аталған модернизация Алматы – Достық, Астана – Алматы, Астана – Петропавл, Астана – Павлодар, Семей – Ақтоғай, Шу – Жамбыл – Арыс, Арыс – Қызылорда – Қандыағаш учаскелерінде ақаулыққа төзімділікті арттырады және SLA-ны арттырады

SDH

SDH жаңарту – 411 станцияда Huawei (SDH +IP MPLS) жабдығында SDH (Luccent, Marconi) жабдығын жаңарту.

Аталған модернизация Алматы – Достық, Астана – Алматы, Астана – Петропавл, Астана – Павлодар, Семей – Ақтоғай, Шу – Жамбыл – Арыс, Арыс – Қызылорда – Қандыағаш, Қостанай – Новоишим – Пресногорьков, Новоишим – Көкшетау учаскелерінде байланыс арналарын кәдеге жаратуды арттыруға, істен шығуға төзімділікті арттыруға және L3 деңгейіндегі арналарды IPVPN қызметтерін ұсынуға мүмкіндік береді.

2022 жылы B2KTZ «Индустрия 4.0» бағдарламасы шеңберінде теміржол саласын дамыту тұжырымдамасын, сондай-ақ 2021-2023 жж. блок стратегиясында нәтижелерге қол жеткізу жөніндегі жұмысты жалғастыруда.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен өзара іс-қимылды жақсарту және қолданыстағы өндірістік бизнес-процестердің экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында аналогты радиобайланыстан цифрлық радиобайланысқа көшудің технологиялық процестерін цифрландыру, сондай-ақ ақпаратты толық бақылау мен мониторингілеуді қамтамасыз ететін ұялы байланыс базасында Бірыңғай цифрлық платформаны (бұдан әрі – БЦП) ұйымдастыру мәселесі бойынша шаралар қабылдануда. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да БЦП архитектурасы таныстырылды, ол Тапсырыс берушінің қолданыстағы инфрақұрылымын біріктіруге және «Транстелеком» АҚ платформасы базасында цифрлық жүйелерді бірыңғай ортаға біріктіруге мүмкіндік береді.

Цифрлық радиобайланысқа көшу

Цифрлық жедел-технологиялық радиобайланыс жүйесі цифрлық жедел-технологиялық радиобайланыс пен аналогты радиобайланыс үшін заманауи тиімді жұмыс істейтін желіні, станциялық және МСРТТ ұйымдастыруға арналған.

«Цифрлық трансформация» шеңберінде KTZ.01.01.P «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да АТ-өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті енгізу жобасымен енгізілген өндірістік қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесі бойынша жобаны қамту.

Жүйенің мүмкіндіктері:

- Өндірістік қауіпсіздік процестерін цифрландыру

- Шығарындылар мен эмиссияларды дәл есептеу
- Жарақаттар мен оқиғаларды уақтылы анықтау және алдын алу
- Есептіліктің ашықтығы
- Предиктивті талдау
- Нақты уақыт режимінде қауіпсіздік индикаторларының мониторингі және үздіксіз бақылау

ЭДТ АБЖ. Кеңейту-2

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесін (бұдан әрі – ЭДТ АБЖ) локомотивтерге енгізу жөніндегі стратегиялық жобаны іске асыру шеңберінде жүйені пайдаланудың кешенді қызметін, оның ішінде электровоздар мен тепловоздардың техникалық параметрлерін жинау мен беруді ұсына отырып, ЭДТ АБЖ көп деңгейлі жүйесін «толық аяқтап» енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді, отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу, машинистің электрондық бағытын жүргізу, локомотив бригадаларының жұмыс уақытын есепке алу және ЭДТ АБЖ-нің басқа да көзделген функционалы (2012 жылдан бастап, яғни 10 жылдан астам).

2022 жылы ЭДТ АБЖ жарақтандыруға және дайындаушы зауыттардан шығарылатын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тепловоздары мен электровоздарының қосымша көлемінің техникалық параметрлерін беруге шарт жасалды.

Магистраль АБЖ

2022 жылы «Транстелеком» АҚ «Магистраль» АБЖ жобасын табысты іске асыруды жалғастырды. Бұл жобаның диагностикаға жаңа тәсілді әзірлеудегі, жөндеу жұмыстарын ұйымдастырудағы, бақылау мен талдауды орындаудағы, темір жол диагностикасы саласындағы жаңа әзірлемелерді енгізудегі бірегейлігі. Қазіргі уақытта «Транстелеком» АҚ жаңа мобильді диагностикалық кешендердің 6 бірлігін енгізді және сервистік модель арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін магистральдық темір жолдарды диагностикалау бойынша қызмет көрсетеді. 2022 жылы «Транстелеком» АҚ мобильді диагностикалық кешендерімен қызметті енгізу арқылы ақаулар анықтала отырып, шамамен 325 мың км теміржол жолы диагнозы қойылды. Сондай-ақ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да пайдалануға КАПСБП бағдарламалық жасақтамасы берілді, оның көмегімен түйіспесіз жолдың дәлелденбеген жағдайына сәтті предиктивтік талдау жүргізіледі. Анықталған/болжамдалған ақауларды уақтылы жою пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін жеткілікті жоғары деңгейде ұстауды қамтамасыз етеді.

ВЧД жұмысын автоматтандыру

ВЧД АЖ міндеттері есеп беру және есепке алу нысандарының қағазсыз технологиясына көшу, вагон депосының технологиялық процесін цифрландыру және вагондардың жай-күйін тексеру

процестерін оңтайландыру болып табылады. Бұл қызметті пайдаланушылар «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС вагон депосының (ВЧД) қызметкерлері болып табылады. Алматы және Астана қалаларында сәтті пилоттар өткізілді.

1. Вагон операторының WEB-порталы – ӨТБ жұмысының цифрлық кестесін жүргізу және пойыз құрамындағы вагонның ақауларын тіркеу құралы. ВЧД АЖ пилоттық нұсқасы аясында web-порталда келген пойыздың натуралық парағы бойынша деректерді және келген состав орналасқан жол нөмірі бойынша ақпаратты енгізу режимі бар.
2. Вагондарды қараушының мобильді қолданбасы – вагонның жылжымалы составын тексеруге тапсырма бойынша хабарлама алуға және анықталған ақаулықтарды тіркеуге мүмкіндік беретін құрал.
3. BI-есептер модулі: ВЧД қызметі бойынша BI-есептер: тексерілген составтар саны, ауысымда вагондар, ақаулы вагондар саны және т.б.;

Жобаны іске асыру «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС үшін мынадай әсер етеді:

- вагондарды қарау және қағазсыз технология бойынша жөндеуге жөнелту бойынша электрондық нысандарды автоматтандырылған қалыптастыру қағаз нысандарын қалыптастыруға үнемдеуге мүмкіндік береді;

- ақаулықтарды фото-тіркеу есебінен өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру, электронды түрде тексеруге тапсырмалар алу, вагондарды тексерудің жоспарлы уақыты өткеннен кейін дыбыстық хабарлау;
- жүргізілген тексерулер бойынша BI-есептерді және вагондарды жөндеу бойынша деректерді қалыптастыру «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшы құрамын вагон деполарының қызметі бойынша онлайн-режимде жедел ақпараттандыруды іске асыруға мүмкіндік береді;
- ВЧД АЖ жедел жүйе болып табылады, процеске қатысушылар арасындағы деректер тікелей мобильді қолданбалардан дерекқорға беріледі және одан әрі вагон операторының web-порталында көрсетіледі. Ақпаратты дауыспен және қағаз жүзінде беруді болдырмау ТҚҰ вагон операторларын бірыңғай басқару орталығында біріктіруге мүмкіндік береді.

Бұл жоба «Транстелеком» АҚ-ның өнім портфелін кеңейтеді және сервистік модель бойынша қызмет көрсету есебінен операциялық кірісті ұлғайтады.

Жүк вагондарын бөлу процесін автоматтандыру КТТ АЖ

КТТ АЖ құру вагондарды бөлу процесін автоматтандыру саласындағы кешенді басқаруға, электрондық актілерді автоматтандырылған қалыптастырумен қағазсыз технологияға көшуге бағытталған.

Бұл жобаны құрудың мақсаты – мобильді терминалдар арқылы вагондарды тексерудің автоматтандырылған жүйесін құру, техникалық жағдайдың цифрлық актілерін қалыптастыру, вагондардың шығуы және т.б., оларға ЭЦҚ көмегімен қол қою, ТЖБАЖ, 1С жүйесімен интеграциялау және адресаттарға жіберу. Қайтарылатын бөлшектер мен қосалқы вагондарды бөлуге жөнелтілгендердің саны туралы еспелі қорытындымен ауысым, тәулік үшін КТТ қызметі бойынша BI-есептілікті қалыптастыру, оны өңдеуді жеделдету, деректердің «ашықтығын» қамтамасыз ету.

Пилоттық сынақ үшін прототипті бастау және дайындау сатысындағы пилоттық жоба.

E-telegram

E-Telegram құру жеделхаттарды электрондық форматта жіберу және алу саласындағы кешенді басқаруға, «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының барлық бөлімшелерінің қызметін бірыңғай интеграциялық кеңістікте, корпоративтік құрылымның барлық элементтері мен осы салада жүргізіліп жатқан процестер арасындағы өзара байланыста жүзеге асыруға бағытталған.

E-Telegram шешетін міндеттер:

- жеделхаттарды жіберу және алу процесін автоматтандыру;
- жеделхаттардағы міндеттердің орындалуын мониторингілеу және талдау;

- жіберілген және алынған жеделхаттардың барлық түрлері бойынша статистикалық деректерді жүргізу;
- жіберілген және алынған жеделхаттар бойынша ақпаратты жүйелеу және сақтау;
- оларды жүйелі болжау және бағалау негізінде тәуекелдердің туындауының алдын алу;
- тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ететін басқару құралдары мен тетіктерін құру;
- міндеттердің уақтылы орындалуын бақылау;
- есепті-есептік құжаттаманы қалыптастыру, оны өңдеуді және басқарудың барлық деңгейлері бойынша көбейтуді жеделдету, деректер мен олардың негізінде басқарушылық шешімдердің «ашықтығын» қамтамасыз ету;
- компания басшылығына статистикалық және талдамалық ақпарат беру сапасын, оның толықтығы мен уақтылығын арттыру.

Автоматтандыру объектілері «ҚТЖ» ҰК» АҚ компанияларының бүкіл тобы бойынша жеделхаттарды жіберу және алу процестері болып табылады.

2022 жылы Алтынкөл, Достық, Сарыағаш түйіспе станцияларында НОДГП-1,3, НЖС-1,3 бойынша функционалдарды пилоттау бойынша жұмыстар жүргізілді:

- Жүйеде тіркеу/авторизация;
- Электрондық-цифрлық қолтаңба жеделхатына (бұдан әрі – ҚР ҰКО ЭЦҚ) қол қою;
- Жауапты адамды тағайындау, жеделхатты жабу;



- ДУ-61 нысанындағы ескерту бланкілерін қалыптастыру;
- ДУ-60 нысанындағы журналдарды енгізу;
- Ауысым қызметкерлері арасында ауысымды беру жөніндегі функционал;
- Пайдаланушыларға push хабарландырулары және қоңырау арқылы хабарлау;
- Кіріс және шығыс жеделхаттардың статистикасы;
- Вагонды қоршау туралы экспедиторларды хабардар ету.

ТӨА АЖ

Жобаның мақсаты теміржол станцияларының техникалық-өкімдік актілерінің бірыңғай нормативтік дерекқорын жүргізу процестерін автоматтандыру, станциялардың техникалық-өкімдік актілерін жасау және жаңарту жөніндегі персоналдың қызметін автоматтандыру, сондай-ақ барлық деңгейдегі пайдаланушыларды ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Пилоттық жоба 2022 жылы аяқталды, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тарапынан оң мақұлдау алынды.

Цифрлық технологиялық карталар

Темір жол автоматикасы, байланыс және энергетика құрылғыларын жөндеу, ұстау, қызмет көрсету, реттеу және т.б. жөніндегі жұмыстарды орындаудың технологиялық карталарының цифрлық форматы. ЦТК-да қажетті мәліметтер, техно-

логиялық процесті орындайтын персоналға арналған нұсқаулықтар толық сипатталған технологиялық карталардың барлық түрлері көрсетіледі, сондай-ақ онда регламент, жұмыс ережелері, техникалық және әдістемелік нұсқаулар, анықтамалықтар, альбомдар, нормалар және т.б. туралы деректер сақталады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін ЦТК қолдану емтихандарға дайындалу туралы хаттаманы толтыру мен берудің барлық рәсімдері мен ережелерін сақтай отырып, онлайн режимде технологиялық карталар бойынша емтихандарға дайындықты / қайта даярлауды өткізуге мүмкіндік береді. Пайдалану жеделдігі үшін ЦТК мобильді нұсқасын іске асыру көзделеді.

Жоба пилоттық сынақтарға арналған прототипті бастау және дайындау сатысында.

БЦП-дан басқа енгізілетін жүйелер:

ТБО – тасымалдауды басқару орталығы

Жоба жол бөлімшелері жанындағы диспетчерлік топтардың орнына ТБО ұйымдастыруға бағытталған. Нақты уақыт режимінде пайдалану қажеттіліктерін ескере отырып, бүкіл учаскеде тасымалдау процесіне бақылау және басқару жасауға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтаманы ұсынуға қатысу, сондай-ақ стандартты емес жағдайларда процестерді уақтылы үйлестіру мүмкіндігі пайда болады.

ҚР аумағында микропроцессорлық, релелік-процессорлық орталықтандыруды, автоблоктау жүйелерін оқшаулау

Жоба пойыздар қозғалысын басқару жүйелерін (электрлік орталықтандырудың бекеттік құрылғыларын, автобұғаттауды) кезең-кезеңімен жаңғыртуға бағытталған. Қолданыстағы т.ж. автоматика жүйелері моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген (80%-дан астамы). Магистральдық желіде учаскелерді бөлу, сондай-ақ өндірісті оқшаулау мәселелері пысықталуда.

Бұл жүйелер учаскелердің өткізу қабілетін арттыруға, поездар қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ оқшаулау есебінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Достық-Мойынты ТЖ көлік дәлізін жаңғырту

Осы жоба бойынша конкурс өткізілді, «INTEGRA CONSTRUCTION KZ» ЖШС-мен шарт жасалды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылық деңгейінде қатысушылармен бірге біздің техникалық шешімімізді АБТЦ-И автоблоктау жүйесі бөлігінде қолдану мәселесі пысықталуда. Осы мәселе оң шешілген жағдайда осы жобаны іске асыруға қатысу жоспарлануда. Барлық жобаны іске асыру мерзімі 2023-2025 жж.



ЭЦ посттарының кіріспе панельдерін ауыстыру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ электр орталықтандыру бекеттерінің кіріспе панельдері өздерінің екі нормативтік мерзімін пысықтады, яғни оларды жаңасына дереу ауыстыру талап етіледі.

Шағын станцияларда (30 тілге дейін) және үлкен станцияларда (200 тілге дейін), барлығы 300-ге жуық станцияны ауыстыру қажет.

Брест электротехникалық зауытымен кездесулер-келіссөздер жүргізілді, ынтымақтастық бойынша белгілі бір уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Осы бағыт бойынша ҚР-да оқшаулау және қаржыландырудың әртүрлі нұсқалары бар 2023-2025 жылдарға арналған бюджетке енгізу мәселелері пысықталуда.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас кеңсесінде жергілікті-есептеу желісін жаңғырту

Huawei жабдықтары базасында 6000 пайдаланушыға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық кеңсесінің ғимаратында сымсыз желі жабдықтарын жаңғырту бойынша жұмыс жүргізілді.

Қазақстанда алғаш рет корпоративтік желі үшін ең жаңа WPA 3 қауіпсіздік хаттамасымен WiFi 6 (802.11 ax) енгізілді.

Бұл хаттамада неғұрлым сенімді аутентификация және криптографиялық төзімділікті арттыру үшін жаңа тәсілдер қолданылды. Бұл ретте қауіпсіздік деңгейі түбегейлі жоғарылайды.

Сымсыз қамту аймағы ұлғайтылды.

Виртуалды АТС базасындағы «Байланыс орталығы»

«Қазтеміртранс» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы үшін виртуалды АТС базасында байланыс орталықтарын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Заманауи көп арналы байланыс орталығы клиент үшін кез келген ыңғайлы тәсілмен өтініштерді қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл электрондық пошта, телефон, әлеуметтік медиа, SMS-хабарламалар, өзіне-өзі қызмет көрсетудің әртүрлі жүйелері (мысалы, онлайн қолдау порталы) және бейне қоңыраулар болуы мүмкін, бұл өтінімдерді өңдеу мүмкіндігін арттырады.

ЖЖЖҚ

ҚР аумағы бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ желілік жабдықтарын техникалық қолдау бойынша жоба іске асырылды.

Техникалық қолдау мыналарды қамтиды:

- Жоспарлы-профилактикалық жұмыстар.

- Ақаулы жабдықты жөндеу жұмыстары.
- Ақаулы бөліктерді ауыстыру.

Пилоттық жоба: «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісіндегі жылжымалы құрамның бейне-аналитикасының автоматтандырылған жүйесі»

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пилоттық жобасын жүргізу үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «БП Шымкент бөлімшесі» филиалының Сарыағаш станциясы таңдалды.

Пилоттық жобаның мақсаты – «ҚТЖ» ҰК» АҚ объектілерінде «Транстелеком» АҚ жылжымалы құрамының жұмыс қабілеттілігі, тиімділігі, дәлдік көрсеткіштері және автоматтандырылған бейне-талдау жүйесін қолдану мүмкіндігі туралы объективті ақпарат алу.

Жүйе мыналарға арналған:

- оператордың көзбен шолып бақылауын автоматтандыру және құрамдардың қозғалысы процесінде жылжымалы құрам мен жүктердің жай-күйін бейне тіркеу, теміржол станциясы персоналының жұмысын оңтайландыру, қабылдау-тапсыру операцияларын жеделдету, еңбек жағдайларын жақсарту және вагондарды қараумен айналысатын жұмыскерлердің қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- жылжымалы құрамның бейнежазбасын көрсету және сақтау, қажетті кезең ішінде толық ақпарат алуға мүмкіндік беретін оқиғалар журналын автоматты түрде жазу;

- пойыздар, вагондар, контейнерлер туралы ақпаратты салыстыру және талдау, бейнебақылау камераларынан және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қолданыстағы ақпараттық жүйелерінен алынған ақпарат негізінде вагондарға техникалық қызмет көрсетуден және жүгіруден өту күндерін бақылау.

2022 жылы мыналар орындалды:

- пилоттық жоба шеңберінде жабдықтарды сатып алу және жеткізу;
- бейнебақылау жүйесінің жабдықтарын орнату;
- байланыс арналарын теңшеу;
- жылжымалы құрам бейнеаналитикасының АЖ-ін «ҚТЖ» ҰК» АҚ АБЖ АЖ-мен жылжымалы құрам тәсілі бойынша ақпарат алу бөлігінде интеграциялау.
- вагондардың түгендеу нөмірлерін танудың базалық моделін теңшеу;
- вагондар санын есептеудің базалық моделін теңшеу;
- вагондардың габаритті еместігін танудың базалық моделін теңшеу;
- Оператордың АРМ теңшеу;
- ТГНЛ және АСВАПС деректерін салыстыру логикасын теңшеу.

Пилоттық жоба: «ЦТС» АҚ желісінде жылжымалы құрамның өтуін автоматтандырылған бақылау жүйесі»

Пилоттық жобаны жүргізу үшін 2022 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Павло-

дар-Порт станциясы «ЦТС» АҚ-ға тиесілі жолдар анықталды.

Пилоттық жоба аясында Тапсырыс беруші келесі міндеттерді қойды:

- қажетті уақыт аралығында мұрағатты көру мүмкіндігімен камералардан құрамның өту бейнесін жазу.
- қозғалыс бағытына қарамастан құрамның «басынан» вагондар санын есептеу (локомотивтерді қоспағанда);
- қозғалыс бағытына қарамастан құрамның «басынан» дөңгелек жұптарының санын есептеу (локомотивтерді қоспағанда);
- вагонның борты мен рама-сынан вагондардың нөмірлерін анықтау және тану (кейіннен цифрлық форматта сақтай отырып оқу);
- қажетті уақыт аралығы үшін екі бағыттағы вагондар/дөңгелек жұптарының саны туралы есепті қалыптастыру.

Қарап-тексеру жүргізілді және «ҚТЖ» ҰК» АҚ электр қоректендіру желісіне қосылуға және ОВ жалға алуға ТШ сұралды. Пилоттық жобаны іске асыру бойынша бірлескен жол картасы әзірленді.

Серіктестік байланыстарды дамыту

2022 жылғы жетістіктерге жабдықтың ірі жеткізушілерімен жүргізілген жұмыстарды да жатқы-

зуға болады. Мынадай серіктестік келісімдер жасалды немесе жасалу сатысында:

1. «Информтехника және байланыс» АҚ – 5 жылға жарамды алтын серіктес сертификаты.
2. «Промэлектроника FEO» АҚ.

Стратегиялық жобаларды дамыту

2022 жылы «Транстелеком» АҚ-ның жобалау және құрылыс саласындағы стратегиялық жобаларын дамыту бойынша үйлесімді жұмыс жасалды.

2020 жылы құрылған Қазақстанның 7 қаласында деректерді өңдеу орталықтарының базасында «Транстелеком» АҚ ҰҚК РММ үшін сервис ретінде инфотелекоммуникациялық инфрақұрылымды уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Мемлекеттік электрондық сервистерді орналастыру үшін Астана қаласында 200 тірекке арналған деректерді өңдеу орталығын салу бойынша жұмыс қарқынды жүріп жатыр. Қазақстанда алғаш рет сенімділік деңгейін арттыру үшін бірегей шешім – үздіксіз қоректендірудің дизельді-роторлы көздерін (ҮҚДРК) пайдалану арқылы үздіксіз қоректендіру пайдаланылатын болады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша В2SP секторының кірістері 4 634 468 мың теңгені құрады.

Өңірлік бизнесті дамыту (B2R сегменті)

B2R сегменті қызметінің қорытындысы бойынша 2022 жылғы табыс

12,1

млрд. теңгені құрады



- 2021 жылғы **табысқа өсім** 115%, 2020 жылға қарай 176% құрады. «Транстелеком» АҚ таза пайдасына B2R салымы 2022 жылы 4,6 млрд. теңгені құрады.
- 2021 жылғы **таза пайдаға өсім** 104%, 2020 жылға қарай 159% құрады.

АЕМ-дегі байланыс қызметтері

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Транстелеком» АҚ МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде «SilkNetCom» ЖШС компаниясымен бірлесіп 5,3 мың км. желінің құрылысын аяқтады.

«Транстелеком» АҚ интернетпен қамтамасыз етілген АЕМ-нің жал-

пы саны ағымдағы жылдың ақпан айындағы жағдай бойынша 568 ауылды, оның ішінде МЖӘ жобасы шеңберінде 431 ауылды құрайды.

Бұдан басқа, «Транстелеком» АҚ өңірлік филиалдары ауылдық жерлерде 26,5 мыңға жуық абонентті интернет желісіне қосуды ұйымдастырды. Жобаны әлеуетті қамту 40 мың абонентке дейін жетеді.

09.2020 жылдан бастап 12.2022 жылға дейінгі жалпы табыс шамамен 1 350 млн. теңгені құрады, оның ішінде 2021 жылда – 506,6 млн. теңге, 2022 жылда – 773,2 млн. теңге, 2021 жылға қатысты өсу серпіні – 153%

B2R үшін маңызды оқиға конкурстағы жеңіс және 2022 жылғы 19

тамызда Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен ауылдық елді мекендерде Интернет және телефония қызметтерін ұсыну кезінде 177 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік субсидиялар алуға шарт жасасу болды. Өткен жылдары субсидияларды жалғыз алушы «Қазақтелеком» АҚ болды.

Бұл жеңіс «Транстелеком» АҚ мемлекет үшін әлеуметтік маңызы бар елді мекендерде байланыс қызметтерін көрсететінін көрсетеді.

Құрылыс

«Транстелеком» АҚ Даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Қазақстанның ірі қалаларында B2R сегментімен жалпы ұзындығы 255 км жергілікті телекоммуникация желілерінің талшықты-оптикалық байланыс желілері салынды.

«Транстелеком» АҚ кабельдік кәріз желілерін кеңейту жұмыстарын жалғастыруда. Мәселен, 2022 жылы жергілікті атқарушы органдардан 53,4 км кабельдік кәріз желілерін сенімгерлік басқаруға және пайдалануға қабылданды.

Co-location және Cloud қызметтері

TIER III халықаралық ақауларға төзімділік стандарты бойынша салынған деректер орталықтарының (DCO) қызметі аясында 2022 жылы B2R сегментінде Co-Location және IaaS қызметтерін сату өткен жылмен салыстырғанда өсті:

- Co-Location бойынша кірістер 148,7 млн. теңгені құрады (2021 жылдың ұқсас кезеңі – 58,8 млн. теңге)
- IaaS бойынша кірістер 89,1 млн. теңгені құрады (2021 жылдың ұқсас кезеңі 64,4 млн.теңге).

«ҰАТ» АҚ жобасын іске асыру

«ҰАТ» АҚ «Электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының ұлттық операторы «Транстелеком» АҚ-ның негізгі корпоративтік және стратегиялық клиенттерінің бірі болып табылады.

«Транстелеком» АҚ мен «ҰАТ» АҚ арасында IP VPN байланыс арналарын жалға беру қызметтерін ұсыну шеңберінде тығыз ынтымақтастық жалғасуда.

2022 жылы арналарды қосу нүктелері ұлғайтылды, бұл кіріс көрсеткіштерінің жақсаруына әкелді. Шарттар жалпы сомасы 152,6 млн. теңгеге жасалды. 2021 жылға қарай өсу қарқыны 127,7%-ды құрады (2021 жылы 119,5 млн. теңге).

Жобалар

Соңғы екі жылда B2R сегменті өңірлерде жаңа сервистер мен өнімдерді іздеу және сату бойынша қызметті жандандырды.

Мәселен, 2022 жылы мынадай жобалар іске асырылды:

- бейнебақылау және ҚББЖ;
- өрт/күзет дабылына/сөндіру/бейнебақылау жүйелеріне және осыған ұқсас жабдыққа техникалық қызмет көрсету, «толық аяқталған» АТ саласындағы кешенді жұмыстар;
- инфрақұрылым желілерін салу;
- жарықтандыру жүйесін орнату;
- IT-инфрақұрылымды басқару жөніндегі қызметтер;
- басып шығару қызметі;
- бейнеконференцияны ұйымдастыру;
- IT шешімдеріне техникалық/сервистік қызмет көрсету;
- ЖСҚ әзірлеу/есептеу/жасау бойынша жұмыс;
- ТОВЖ шығару бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі қызметтер;
- GPS-мониторинг жүйесі арқылы автокөлік құралын мониторингілеу қызметтері және басқалар.

Бұдан басқа, 2022 жылдың басынан бастап «Транстелеком» АҚ брендімен Қазақстан Республикасының Білім беру саласында «Электрондық портфолио» және «E-Kitaphana» сервистері сияқты қызметтерді ұсыну бойынша жобалар іске асырылды.

Электрондық портфолио

Мұғалімнің жинақталған тәжірибесінің нәтижелерін электрондық форматта жүйелеу және жалпылау үшін заманауи шешім. Бұл сервис педагог қызметкерлердің және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезеңінің барлық рәсімдерін іске асырады: өтініш қалыптастырудан бастап куәлік алуға дейін.

E-kitaphana

Кітапхана ісі, есепке алу, әкімшілік бақылау және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру міндеттерінің кең спектрін кешенді шешу.

Бұл сервистер Ақтөбе, Павлодар, Түркістан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарында және Шымкент қаласында енгізілді.

Пайдаланушылардың жалпы саны 120 мыңнан астам педагогтар мен жергілікті атқарушы білім беру органдарының қызметкерлері бар. 2022 жылы осы электрондық сервистерді сатудан алынған кірістердің жалпы көлемі шамамен 100 млн теңгені құрады. Бұл ретте 2023 жылы әлеуетті клиенттер (мемлекеттік мекемелер) тарапынан мүдделілік және «Транстелеком» АҚ филиалдарының белсенді қатысуы жағдайында кірістердің өсуі 300 млн теңгеге дейін жетуі мүмкін.





ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«Транстелеком» АҚ өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын біріктіре отырып, Тұрақты дамудың 17 мақсатын ұстанады. «Транстелеком» АҚ ТДМ әрқайсысы көрсететін экологиялық және әлеуметтік проблемалар өзекті болып табылатынын және кез келген ұйымға әсер ететінін түсінеді.

«Транстелеком» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы қызметі бизнесті жауапты жүргізу қағидатына және экономикалық өсу, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқат үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын инновациялық әлеуетке негізделді.

«Транстелеком» АҚ өзі қатысатын жерлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, инновациялық технологиялардың, әлеуметтік және білім беру бағдарламаларының көмегімен өз қызметтерінің сапасын арттыруға, қызметтің ашықтығына, экологиялық мәселелерге теріс әсерді азайтуға зейін қояды.

«Транстелеком» АҚ келесі қағидаттарды орындауды өз мойнына алды:



Адам құқықтарын сақтау саласында: халықаралық қоғамдастық жариялаған адам құқықтарын сақтауды қолдау және құрметтеу, адам құқықтарын бұзуға өзінің қатыспауын қамтамасыз ету.



Еңбек қатынастары саласында: қауымдастықтар бостандығын қолдау және ұжымдық шарттар жасасу құқығын іс жүзінде тану, мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жоюды қолдау, балалар еңбегін толық жоюды қолдау, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды қолдау.



Қоршаған ортаны қорғау саласында: қоршаған ортаға теріс әсерлердің алдын алуға ықпал ету, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамалар қабылдау, экологиялық таза технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесу.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында: бопсалау мен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы тұру.



«Транстелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы қызметі көбінесе телекоммуникация саласының ерекшелігімен анықталады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялар «Транстелеком» АҚ өмірінің барлық салаларына енгізілген және «Транстелеком» АҚ дамуының қозғаушы күшіне айналды. Телекоммуникация нарығында ең заманауи технологияларды кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейімен үйлесімде қолдану мүмкіндігі «Транстелеком» АҚ-ға қазақстандықтардың жұмыс сапасы мен өмірін жүйелі түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

Тұрақты даму «Транстелеком» АҚ бизнес-стратегиясының ажырамас элементі болып табылады. Бұл принцип біздің инновацияға, жаңа өнімдерді әзірлеуге және енгізуге деген көзқарасымызды анықтайды.

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі «Транстелеком» АҚ қызметінің басым бағыттарын және «Транстелеком» АҚ даму стратегияларын айқындайды, «Транстелеком» АҚ жылдық есебін бекітеді.

«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен филиалдарының басқарушы директорлары «Транстелеком» АҚ Даму стратегиясы мен даму жоспарын уақтылы іске асыруды бақылауға, сондай-ақ орнықты даму саласындағы қағидаттарды енгізуге, ақпараттың сенімді ашылуына жауапты болады. Төраға «Транстелеком» АҚ мүдделі тараптарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуді қоса алғанда, «Транстелеком» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

«Транстелеком» АҚ әлеуметтік үлесі

Атауы	Өлш.бір.	2020	2021	2022
Қызметкерлер				
Жалпы қызметкерлер саны	адам	3 183	3 358	3 453
Еңбекке ақы төлеу бойынша шығыстар	млн тг.	10 602	11 955	14 767
1 қызметкерге шаққандағы кірістер	млн тг.	21 505	25 201	24 229
Еңбек қауіпсіздігін арттыруға шығындар (мед тексеру, еңбекті қорғау)	млн тг.	77	71	70
Мемлекет				
Пайда салығы	млн тг.	1 240	1587	-2 031
«Транстелеком» АҚ				
Мүшелік жарналар, кәсіподақтарға төлемдер, қайырымдылық бағдарламалары	млн теңге	52	48	92

(үнемдеу)

«Транстелеком» АҚ 3 710-нан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тұрақты өсудің басты құрамдас бөлігі болып табылады және «Транстелеком» АҚ қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ерекше назар аударады. «Транстелеком» АҚ-ның кадр саясаты кадр әлеуетін нығайтуға, ынталандырудың тиімді жүйесін құруға және персоналдың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға бағытталған.

«Транстелеком» АҚ-да корпоративтік басқару кодексін, HR саясатын, қоршаған ортаны қорғау саясатын қоса алғанда, орнықты даму саласындағы «Транстелеком» АҚ-ның іс-әрекеттерін реттейтін құжаттар әзірленді, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ-ның әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын айқындайтын корпоративтік

әлеуметтік жауапкершілік саясаты әзірленуде. Энергия тиімді және экологиялық таза технологияларды енгізу «Транстелеком» АҚ қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

«Транстелеком» АҚ-ның тұрақты даму саласындағы іс-әрекеттері қолайлы еңбек жағдайларын жасауды, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, қатысатын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдауды және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды білдіреді. АҚ

«Транстелеком» АҚ өзінің мүдделі тараптарының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әл-ауқаты қағидаттарын қатаң ұстанады және мұны болашаққа инвестициялар ретінде қарастырады.

делін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың кепілі. Сыртқы, сондай-ақ ішкі стейкхолдерлермен сындарлы қарым-қатынастар құру неғұрлым әділ және тұрақты әлеуметтік дамуды, тәуекелдермен беделді жақсы басқаруды қамтамасыз етуге, бизнес-орта мен нарықты кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бізге «Транстелеком» АҚ мүдделі тараптарды қалай көретінін, олардың бизнестен және әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық бастамаларынан қажеттіліктері мен үміттері қандай екенін білу маңызды.

Әлеуметтік әріптестік, өзара тиімді ынтымақтастық, құрмет, ашықтық және сенім – мүдделі тараптармен кез келген өзара іс-қимыл процесінде «Транстелеком» АҚ басшылыққа алатын негізгі ережелер.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары мен басымдықтары «Транстелеком» АҚ корпоративтік құжаттарында: Корпоративтік әдеп кодексінде және Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген. «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқарудың жаңа тетіктері мен рәсімдерін қалыптастыра және қазіргілерін үнемі жетілдіре отырып, барлық стейкхолдерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге және мүдделерін үйлестіруге ұмтылады.


Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптармен белсенді диалог қағидатын іске асыра отырып, «Транстелеком» АҚ өз қызметінің ашықтығы мен айқындығының ең жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. «Транстелеком» АҚ мүдделі тараптардың сұраулары мен тілектеріне жауап бере отырып, өз қызметінің барлық аспектілері бойынша маңызды ақпаратты уақтылы ұсына отырып, барлық мүдделі тараптармен белсенді қарым-қатынас жасайды.

«Транстелеком» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға көзқарасы

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл – бұл ұзақ мерзімді құнды құру, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және «Транстелеком» АҚ-ның оң бе-

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ



Стейкхолдерлер картасында «Транстелеком» АҚ-ның қандай да бір стейкхолдерге әсер етуінің үш концентрлік саласы ерекшеленеді:



Өкілеттік/жауапкершілік саласы.

Осы салада «Транстелеком» АҚ тікелей бағыныстағы мүдделі тұлғалар анықталды.



Тікелей ықпал ету саласы.

Бұл салада «Транстелеком» АҚ тікелей ықпал ететін мүдделі тұлғалар орналасқан.



Жанама әсер саласы.

Бұл салаға «Транстелеком» АҚ жанама әсер ететін стейкхолдерлер кіреді.

Өзара әрекеттесу тәсілі келесі принциптерге негізделген:

- тұрақты сындарлы диалог;
- серіктестік;
- өзара тиімді ынтымақтастық;
- сенімділік пен шынайылық;
- жариялылық және ашықтық;
- өзіне алған міндеттемелерді орындау.

«Транстелеком» АҚ-ның негізгі мүдделі тараптары – акционерлер, кәсіподақтар, тұтынушылар, жеткізушілер, қызметкерлер, мемлекеттік органдар, БАҚ және жергілікті қоғамдастықтар.

Акционерлер

«Транстелеком» АҚ акционерлердің мүддесі үшін тұрақты дамуға және оның құнын арттыруға бағытталған. «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін басшылыққа алады және өзінің беделін ойлайды. «Транстелеком» АҚ барлық акционерлерге «Транстелеком» АҚ және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа бірдей қолжетімділік береді, сондай-ақ акционерлер құқықтарының абсолюттік теңдігін сақтайды. Ақпараттың негізгі көздері міндетті түрде ашу құжаттары болып табылады: Жылдық есеп, қаржылық есептілік, «Транстелеком» АҚ корпоративтік веб-сайты.

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес «Транстелеком» АҚ басқаруды Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы акционерлердің құқықтарын сақтайды және қорғайды. Акционерлер «Транстелеком» АҚ-ның қаржылық нәтижелеріне мүдделі, бірақ корпоративтік басқару, клиенттермен және жеткізушілермен қатынастар, өндірістік қауіпсіздік және жергілікті қоғамдастықтардың дамуына үлес қосу сияқты басқару сапасын куәландыратын қаржылық емес көрсеткіштерді де назардан тыс қалдырмайды.

Персонал

«Транстелеком» АҚ мен персоналдың өзара іс-қимылы адами капиталды дамытуға және ынтымақтастық негізінде қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

Қызметкерлердің жалақысы, әлеуметтік пакет және әлеуметтік кепілдіктер, мансаптық өсу, еңбек қауіпсіздігі және еңбек жағдайлары ҚР заңнамасының нормаларына толық сәйкес келеді, еңбек шартымен және Іскерлік этика кодексімен реттеледі. «Транстелеком» АҚ әрбір қызметкердің үлесін бағалайды және кадрлармен қарым-қатынасты сыйластық пен ынтымақтастық негізінде құрады, бастаманы, жауапкершілікті және өршіл мақсаттарға қол жеткізуді көтермелейді. Бұл қағидаттар қызметкерлерге олардың тиімділігін арттыруға және жоғары кәсіби нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Жеткізушілер мен тұтынушылар

«Транстелеком» АҚ-ның ұзақ мерзімді табысы «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаның сыртқы факторларын кешенді есепке алмай мүмкін емес. Негізгі сыртқы факторлардың ішінде жеткізушілер мен тұтынушылардың тұрақты дамуы.

«Транстелеком» АҚ сенімді және адал серіктес болып табылады және жеткізушілер мен тұтынушылар алдындағы өз міндеттемелерін уақтылы орындайды. «Транстелеком» АҚ ашықтық, адал бәсекелестік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын ұстанады. «Транстелеком» АҚ бәсекелестіктің жосықсыз әдістерін қабылдамайды және сөз байласуға қатыспайды. «Транстелеком» АҚ ұзақ мерзімді іскерлік ынтымақтастыққа бағдарланған және диалогқа ашық болып қала отырып және екінші тараптың ұстанымын ескере отырып, өз әріптестеріне барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

ҚР Мемлекеттік стандарттарына және Корпоративтік стандарттау жүйесінің стандарттарына сәйкес, «Транстелеком» АҚ-да қызметтердің сапасын бақылау тұрақты түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік органдар

«Транстелеком» АҚ жауапкершілік, адалдық және өзара мүдделерді сақтау қағидаттарына негізделген мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты және сындарлы қарым-қатынас құруға және қолдауға ұмтылады. «Транстелеком» АҚ заңдарға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі комитеттер мен жұмыс топтарына белсенді қатысады.

«Транстелеком» АҚ саяси партиялар мен саяси қайраткерлерді қолдамайды; «Транстелеком» АҚ-ның елдің әл-ауқатына ерікті үлесі, заңнамалық минимумнан басқа, ауқымды қайырымдылық және демеушілік қызмет болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтар

Жергілікті қоғамдастықтар ортаны қалыптастыра отырып және «Транстелеком» АҚ үшін негізгі ресурстардың көзі бола отырып, «Транстелеком» АҚ-ға елеулі әсер етеді.

«Транстелеком» АҚ жергілікті қоғамдастықтар үшін білім беру, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, мәдени іс-шаралар өткізу, денсаулық сақтауды қолдау, инфрақұрылымды дамыту, өңірлерді абаттандыру мен көгалдандыруға байланысты бірқатар жобаларды іске асырады. «Транстелеком» АҚ үшін жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл – бұл жүйелі қызмет, ол болу регионында атмосфераға және психологиялық климатқа оң әсер етеді.

2022 жылы «Транстелеком» АҚ бос жұмыс орындары 100%-ға жергілікті тұрғындар арасынан жасақталды.

БАҚ

«Транстелеком» АҚ ақпаратты ашу қағидаларын сақтай отырып, ашықтықтың жоғары деңгейін, сондай-ақ баспасөз конференцияларын тұрақты

өткізіп, республикалық басылымдарда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есеп бере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарымен сындарлы диалогты қолдайды.

Көптеген мүдделі тұлғаларға қолжетімді ақпаратты таратудың маңызды арнасы «Транстелеком» АҚ-ның ресми веб-сайты (www.ttc.kz) болып табылады, атап айтқанда, веб-сайттың «Компания туралы» бөлімі (www.ttc.kz/ru/About/history). Бұл ресурстарда «Транстелеком» АҚ-ның соңғы жаңалықтарымен, қаржылық және өндірістік көрсеткіштерімен, есептілігімен және «Транстелеком» АҚ қызметі туралы басқа да пайдалы ақпаратымен, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ басқару және бақылау органдарының қызметін регламенттейтін мынадай құжаттармен танысуға болады: Жарғы, Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқарма туралы ереже. Барлық мүдделі тұлғалар үшін ақпараттың тең қолжетімділік қағидатын ұстана отырып, «Транстелеком» АҚ ресми веб-сайтта орналастырылатын ақпаратты үш тілде: орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жариялайды.

Тұтынушының жеке өміріне қол сұғылмаушылық

«Транстелеком» АҚ жеке өмірге қол сұқпаушылық және клиенттер туралы ақпаратты қорғау мәселелеріне аса маңыз береді.

«Транстелеком» АҚ тұтынушылары мен клиенттерінің деректеріне рұқсаты бар қызметкерлер тобы анықталды. Оған қоса «Транстелеком» АҚ үшін клиенттік база коммерциялық құпия болып табылады.

Клиенттік деректер базасы туралы ақпаратты «Транстелеком» АҚ-ға қатысты бөгде адамдарға ашу ҚР уәкілетті органдарының талап етуі бойынша ғана жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде клиенттер туралы деректердің жоғалу жағдайлары болған жоқ, сондай-ақ тұтынушылардың жеке өміріне қол сұғылмаушылықтың бұзылуына және тұтынушылар туралы деректердің жоғалуына қатысты шағымдар байқалмады.



ҚАРЖЫ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

96 078 млн теңге
2022 жылға арналған кірістер



81 663 млн теңге
2022 жылға арналған түсім



-11 129 млн теңге
2022 жылға арналған таза пайда




«Транстелеком» АҚ жаңа TTC TV қолданбасын іске қосты. Абоненттер сүйікті хабарларын кез келген уақытта, кез келген жерде көруге мүмкіндік алды.



ҚАРЖЫ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Компания сандармен



Негізгі индикаторлар

	Өлш. Бір.	2019	2020	2021	2022
Қаржылық көрсеткіштер					
Қызметтерді сатудан түскен кіріс	млн. тг	82 095	68 585	84 615	81 663
Таза пайда	млн. тг	2 708	3 864	4 823	(11 129)
ЕБИТДА	млн. тг	20 277	19 371	35 295	20 643
Ebitda margin	%	25%	28%	42%	25%
ROACE	%	16%	8%	13%	7%
Өзіндік құны	млн. тг	64 597	52 476	58 429	67 344
ОАР	млн. тг	6 814	8 095	7 341	8 018
Күрделі салымдар	млн. тг	9 357	15 055	22 172	11 111
Тиімділік көрсеткіштері					
Roic (инвестицияланған капиталға қайтару)	%	14%	5%	12%	10%
Жұмыскерлер саны	адам	2 763	3 183	3 358	3 453
1 қызметкерге шаққандағы кірістер	мың тг	29 712	21 547	25 201	23 650
Активтер туралы мәліметтер					
Активтер, барлығы	млн. тг	113 960	174 543	198 690	220 037
Міндеттемелер	млн. тг	86 659	143 462	162 824	195 271
Меншікті капитал	млн. тг	27 301	31 081	35 866	24 767
Өндірістік көрсеткіштер					
Телефония бойынша жеке тұлға абоненттерінің саны	аб.	34 292	32 528	30 426	27 765
Тіркелген ҚЖҚ порттарының саны	аб.	64 707	69 492	87 072	98 550
Ақылы TV қосылу нүктелерінің саны	аб.	421	7 662	11 655	17 572
Занды тұлға абоненттерінің саны	аб.	4 000	4 254	4 514	7 304



Активтердің салыстырмалы түрде жоғары динамикасы
2022 жылы «Транстелеком» АҚ активтері 10,74%-ға өсті. Соңғы 3 жылда 93%-ға өсті.

Салыстырмалы түрде төмен өтімділік көрсеткіштері
31.12.2022 ж. абсолютті өтімділік коэффициенті – 0,10, мерзімді өтімділік коэффициенті – 0,37, ағымдағы өтімділік коэффициенті – 0,41.

Компанияның негізгі көрсеткіштерін есептеу

	31.12.2019	31.12.2020	31.12.2021	31.12.2022
Активтер				
Активтер көлемі, мың теңге	113 959 715	174 542 867	198 690 043	220 037 436
Активтердің динамикасы	-	53,16%	13,83%	10,74%
Өтімділік				
Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,006	0,099	0,135	0,109
Мерзімді өтімділік коэффициенті	0,56	0,59	0,77	0,37
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	0,61	0,62	0,82	0,41
Пайдалылық және рентабельділік				
Таза пайда активтерінің рентабельділігі (ROA)	2,4%	2,2%	2,4%	-5,1%
Таза пайда бойынша капитал рентабельділігі (ROE)	9,9%	12,4%	13,4%	-44,9%
Сатудың рентабельділігі (ROS)	3,3%	5,6%	5,7%	-13,6%
Таза пайда, мың теңге	2 708 133	3 864 081	4 823 149	-11 128 752
Дебиторлық берешек				
Дебиторлық берешек, мың теңге	24 028 556	24 805 148	30 059 283	30 803 820
Активтер құрылымындағы дебиторлық берешектің үлесі	21,09%	14,21%	15,13%	14,00%
Ағымдағы активтер құрылымындағы қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі	84,39%	61,83%	57,64%	44,68%
Кредиторлық берешек				
Кредиторлық берешек, мың теңге	22 832 228	70 316 768	87 521 137	115 921 580
Міндеттемелер құрылымындағы кредиторлық берешектің үлесі	26,35%	49,01%	53,75%	59,36%
Капитал				
Капитал көлемі, мың теңге	27 300 976	31 080 821	35 866 067	24 766 655
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	0,24	0,18	0,18	0,11
Борыштық жүктеме				
Ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздар, мың теңге	31 717 557	42 031 170	48 185 799	17 559 725
Қысқа мерзімді кредиттер мен қарыздар, мың теңге	12 801 605	14 175 804	10 571 068	44 570 449
Борыш / түсім	0,54	0,82	0,70	0,76
Борыш / ЕБИТДА	2,20	2,90	1,66	3,01
Борыш / капитал	1,63	1,81	1,64	2,51

Рентабельділіктің теріс көрсеткіштері
2022 жылдың қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ таза шығыны 11,1 млрд. теңгені құрады. Рентабельділіктің теріс көрсеткіштерінің негізгі себебі – бағамдық айырмашылық бойынша шығындардың өсуі, бұл 2022 жыл ішінде Ресей рублінің бағамының өсуіне байланысты.

Активтер құрылымындағы дебиторлық берешектің салыстырмалы түрде жоғары үлесі
31.12.2022 ж. активтердегі дебиторлық берешектің үлесі – 44,68%;

Міндеттемелер құрылымындағы кредиторлық берешектің жоғары үлесі
31.12.2022 ж. міндеттемелер құрылымындағы кредиторлық берешектің үлесі – 59,36%;

Капиталдың теріс динамикасы
2022 жылдың қорытындысы бойынша капитал 31%-ға қысқарып, 24,7 млрд. теңгені құрады.

Борыштық жүктеменің орташа көрсеткіштері
31.12.2022 жылға борыш/ЕБИТДА – 3,01, борыш/капитал – 2,51, борыш/түсім – 0,76. 31.12.2022 жылға борыштық міндеттемелер 62,1 млрд. теңгені құрады.



ТӘУЕКЕЛДЕР

30 803 820 мың теңге
Дебиторлық берешек



14 %
Дебиторлық берешектің үлесі



44,68 %
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің үлесі



«Транстелеком» АҚ Design Documents жобалық са- раптамасының толық циклынан сәтті өтті және Tier III Design Documents сертификатын алды. Ол дерек- тер орталығының инфрақұрылымы халықаралық талаптарға толық сәйкес келетіндігін растайды.





ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекелдерді басқару

«Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын «Транстелеком» АҚ-ның құны мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге және олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған «Транстелеком» АҚ-ның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде түсінеді. Тәуекелдерді басқару «Транстелеком» АҚ Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару және қаржылық тұрақтылықты қолдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) бизнесті жүргізудің және компанияны басқарудың негізгі процестеріне интеграциялады және ТБКЖ саясатының әрекеті «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық түрлеріне қолданылады.

ТБКЖ тиімді жұмыс істеуі мақсатында «Транстелеком» АҚ өз қызметінің барлық деңгейлерінде бизнестің өмірлік цикліне сәйкес келетін мынадай өзара байланысты компоненттерді басшылыққа алады:

1. басқару және мәдениет;
2. стратегия және мақсат қою;
3. қызметтің тиімділігі;
4. өзгерістерді мониторингілеу және енгізу;
5. ақпарат, коммуникация және есептілік.

ТБКЖ КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ:

Компонент	Қағидаттар
Бақылау ортасы	<ul style="list-style-type: none"> • Ұйымдық құрылымы • Адалдық және этикалық нормалар • Көшбасшылық философиясы мен стилі • Кадр саясаты • Қызметкерлердің құзыреттілігі «басқару және мәдениет» компонентімен қиылысады
Тәуекелдерді бағалау	<ul style="list-style-type: none"> • Тәуекелдерді сәйкестендіру және талдау («қызмет тиімділігі» компонентімен тығыз байланысты)
Бақылау рәсімдері	<ul style="list-style-type: none"> • Рәсімдер мен саясаттар (тәуекелдерді басқарудың бір бөлігі болып табылады)
Ақпарат және коммуникациялар	<ul style="list-style-type: none"> • Ішкі бақылау саласындағы ішкі және сыртқы коммуникациялар
Мониторинг	<ul style="list-style-type: none"> • Мониторинг, есептілік және өзгерістерді енгізу • «Ақпарат, коммуникация және есептілік» компонентімен тығыз қиылысады

ТБКЖ енгізу және жетілдіру «Транстелеком» АҚ-ның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуінің қажетті шарты болып табылады, сондай-ақ қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті орнатуды және дамытуды түспалдайды, шығындарды болдырмау және пайданы барынша көбейту мақсатында «Транстелеком» АҚ-ның қызметінің барлық бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне тән тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау, мониторингілеу, бақылау және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдануды қамтиды.

ТБКЖ МАҚСАТТАРЫ

ТБКЖ негізгі мақсаты капиталдандыруды ұлғайту процесіне ықпал етуі тиіс қауіптер мен мүмкіндіктерді басқару тиімділігін арттыру болып табылады. ТБКЖ өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

1. тәуекелдерді анықтауға, бағалауға және басқаруға бірыңғай және дәйекті тәсілдерді әзірлеу және қолдану, тігінен (басқару) және көлденеңінен (тәжірибе алмасу) тәуекелдер туралы ақпарат алмасу рәсімдерін оңайлату;
2. «Транстелеком» АҚ үшін нақты және түсінікті критерийлер негізінде тәуекелдерді басқару сапасын белгілеу және қадағалау мүмкіндігін қалыптастыру;
3. активтерді, олардың нарықтық құнын есепке алу жүйесін құру және акционерлік капиталды бағалау үшін ақпараттық базаны қалыптастыру;
4. туындайтын тәуекел оқиғаларына жедел ден қою, сыртқы және ішкі ортаның өзгерістерін қадағалау;
5. тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету

не үшінші тараптарға беру мақсатында оларды басқару жөніндегі мақсатты қызметті ұйымдастыру (сақтандыру, хеджирлеу);


6. «Транстелеком» АҚ-ның тәуекелдері туралы ақпаратты жүйелеу және одан әрі жинақтау, бизнестің басқарылуын арттыру;
7. нәтижесінде – тиімділікті арттыру және тәуекелдерді басқаруды оңтайландыру арқылы «Транстелеком» АҚ-ның капиталдануын арттыру.

ТБКЖ ҚАФИДАТТАРЫ

«Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімділігін қадағалауды жүзеге асырады. «Транстелеком» АҚ-ның аудит жөніндегі комитеті «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесіне ТБКЖ және ішкі бақылаудың сенімділігі мен тиімділігін бақылау мәселелері бойынша көмек көрсетеді.

«Транстелеком» АҚ Басқармасы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін құруды және қолдауды қамтамасыз етеді.

Деңгейлес коммуникацияны қамтамасыз ету және тәуекелдер тізілімін тиімді енгізу үшін Тәуекелдер жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол «Транстелеком» АҚ Басқармасы жанындағы тәуекелдерді басқару бөлігінде ұсыныстар әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен Басқармасы өз функцияларын орындау кезінде «Қорғаудың үш желісі» моделіне сүйенеді.



Құрылымдық бөлімшелер өз құзыреті шегінде әрбір қызметкер атынан. Қызметкерлер (тәуекел иелері) лауазымдық міндеттерін орындау кезінде тәуекелдерді тікелей басқарады және өз құзыреті шеңберінде бақылау рәсімдерін орындайды.

Бірінші қорғау желісінің қызметін және негізгі тәуекелдерді мониторингілеу функцияларын жүзеге асыратын, тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың, заңнаманы, әкімшілік қағидаларды/ішкі регламенттерді сақтаудың тиімді практикасының енгізілуін қамтамасыз ететін және қадағалайтын, тәуекел-бөлімшені қоса алғанда, құрылымдық бөлімшелер. Екінші қорғау желісі бірінші қорғау желісінің қызметіне мониторинг, шолу, бағалау, сараптама жүргізеді.

Тиімділікке тәуелсіз бағалау жүргізетін және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылауды жетілдіруге жәрдемдесетін «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі оларға тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз баға береді.

ТБКЖ ТӘСІЛДЕРІ

Тәуекелдерді тиімді басқару келесі бес қадамнан тұратын үздіксіз және циклдік процесті қажет етеді:



1. Бизнес мақсаттарын тұжырымдау және тәуекелдерді сәйкестендіру:

«Транстелеком» АҚ өз қызметінде кездесетін стратегиялық және ажырамас тәуекелдерді ескере отырып, бизнес-мақсаттарды тұжырымдайды. Бизнес контекстінің тәуекел бейініне ықтимал әсері, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ұшыраған тәуекелдер деңгейін төмендетудің ықтимал тәсілдері қарастырылады.

2. Тәуекелдердің елеулігін бағалау:

Тәуекелдерді бағалау процесі «Транстелеком» АҚ-ның қызметіне теріс әсер етуі және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуі мүмкін неғұрлым маңызды тәуекелдерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Тәуекелді бағалау нәтижелері тәуекелге ден қою шараларын таңдауды айқындайды.

3. Тәуекелдердің басымдығы:

Тәуекелдердің басымдығы тәуекелдер картасындағы әрбір тәуекелдің позициясына сәйкес белгіленеді (сындарлы, ірі, орта және төмен тәуекелдер). Тәуекелдерді басымдықпен бағалау нәтижелерінен басқа критерийлер ескерілуі мүмкін: «Транстелеком» АҚ-ның тәуекелге бейімделу және оған жауап

беру қабілеті, тәуекелдердің өзара тәуелділігі, нәтижесінде оларды басқарудың күрделілігі артады, тәуекелдің «Транстелеком» АҚ қызметіне әсер ету жылдамдығы, тәуекел салдарының «Транстелеком» АҚ-ға теріс әсерінің ұзақтығы және т.б.

4. Тәуекелдерге ден қою:

«Транстелеком» АҚ қызметті жүргізу шарттарын, пайдалар мен шығындардың, міндеттемелер мен күтулердің арақатынасын, тәуекелдердің басымдылығын, тәуекел-тәбетті (тәуекелді қабылдау, тәуекелден жалтару, тәуекелді саналы түрде ұлғайту, тәуекелді қысқарту және тәуекелді беру) ескере отырып, тәуекелге ден қою стратегиясын айқындайды.

5. Қызметтің тәуекелдері мен тиімділігін талдау:

Тәуекелдер мен қызмет тиімділігін талдау «Транстелеком» АҚ қызметіне біріктіріледі. «Транстелеком» АҚ қызмет нәтижелеріне, оның ішінде тәуекелдерді ескере отырып, жекелеген бағыттар бөлінісінде шолу жүргізеді: нәтижелілікке әсер еткен тәуекелдер қаралады; тәуекелдер бұрын қаншалықты тиімді бағаланғаны және ден қою жөніндегі шаралар белгіленгені; шаралардың өздері қаншалықты тиімді іске асырылғаны қаралады.

Тәуекел-тәбет

«Транстелеком» АҚ тәуекел-тәбеті тәуекелді ұстап қалудың өзіндік деңгейін сипаттайды, оның шеңберінде «Транстелеком» АҚ қойылған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізе алады, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ қабылдауға дайын сыни тәуекелдер/тәуекел факторлары деңгейінің жоғарғы шегін айқындайды.

2022 жылы «Транстелеком» АҚ тәуекел-тәбетін қалыптастыру тәсілі қайта қаралып, өзгертілді. Тәуекел-тәбеттің сандық көрсеткіштерімен қатар сапалық көрсеткіштер де қолданылады.



2022 жылы тәуекелдерді басқару

«Транстелеком» АҚ ТБКЖ-ны үнемі жетілдіріп отырады және ТБКЖ-ны дамыту мен жетілдіруге өзінің бейілділігін растай отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жетілдіріп отырады.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, «Транстелеком» АҚ-да тәуекел-мәдениетін дамыту, сондай-ақ үздік тәжірибелерді енгізу шеңберінде 2022 жылы бірқатар іс-шаралар өткізілді:

1. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 2022-2024 жылдарға арналған «Транстелеком» АҚ ТБКЖ дамытудың ұзақ мерзімді стра-

тегиялық жоспары әзірленді және бекітілді, оған сәйкес бірқатар жоспарланған іс-шаралар өткізіледі.

2. «Транстелеком» АҚ-ның сыни тәуекелдерін сипаттаумен және талдаумен, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ-ның атқарушы органы мен Директорлар кеңесі үшін тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтермен тәуекелдерді басқару бойынша тоқсан сайынғы есептер дайындалды.
3. «Транстелеком» АҚ-ның тәуекел-менеджерлері тәуекелдерді басқару бойынша кейбір ішкі нормативтік құжаттарды өзектендірді.
4. Тәуекел-менеджерлердің кәсіби біліктілігін арттыру қамтамасыз етілді.



«Транстелеком» АҚ негізгі тәуекелдері

ӨТІМДІЛІК ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛІ

«Транстелеком» АҚ-ның өз міндеттемелерін толық көлемде уақтылы орындай алмауына байланысты не «Транстелеком» АҚ-ның қаржы активтері мен міндеттемелерінің теңгерімсіздігі нәтижесінде туындайтын тәуекел.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті 31.12.22 ж. жағдай бойынша 0,53 құрады. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің төмендеуі байқалады. 31.12.21 ж. жағдай бойынша бұл көрсеткіш 0,82 құрады. Тәуекелді азайту үшін қабылданатын шаралар:

- негізсіз шығыстарды азайту (жобаларды іске асыру үшін «қолданылмайтын» жабдықтарды сатып алу және т.б.);
- клиенттің қалыптасқан дебиторлық берешегі туралы хаттарды (хабарламаларды) уақтылы жіберу және алуды бақылау;
- шартта көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып, талап хаттар қою арқылы мерзімі өткен дебиторлық берешекті төмендету;
- қаржыландыру көздерін іздеу;
- екінші деңгейдегі банктермен жасалған кредиттік шарттар талаптарының орындалуын бақылау.

УАҚЫТША БОС АҚША ҚАРАЖАТЫ БӨЛІГІНДЕ ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Өз қызметін жүзеге асыру кезінде шетел валюталарының ұлттық валютаға бағамдарының өзгеруіне байланысты шығындардың туындау тәуекелі. Тәуекел «Транстелеком» АҚ-ның валюталық позициясын құндық мәнде қайта бағалаудан туындайды.

Шетел валютасында өзара есеп айырысулардың болуына байланысты «Транстелеком» АҚ валюталық

тәуекелге ұшырайды. 31.12.2022 ж. жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ барлық валюталар бойынша таза валюталық позициясы (30 949) млн теңгені құрады. Оның ішінде RUB (33 756) млн теңге (рубль бағамына индекстеу шартымен ұзақ мерзімді шығыс шарты) және GBP (59) млн теңге (шығыс шарттары) бойынша теріс мәндер. VAR бағасы (жылдық мәні) жыл басынан бастап ықтимал шығынның 13 256 млн теңгеден 37 067 млн теңгеге дейін ұлғаюын көрсетті.

Тәуекелді азайту үшін қабылданатын шаралар:

- валюта бағамының мониторингі;
- валюталық позицияны әртараптандыру.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ

Қызметкерлердің еңбекті қорғау саласында белгіленген ережелерді сақтамауы, өндірістік тәртіпті бұзу қызметкерлердің өміріне қауіп төндірудің және денсаулығына зиян келтірудің көзі болып табылады. 2022 жылы «Транстелеком» АҚ филиалдарының қызметкерлерімен өндірістік жарақаттанудың 3 жағдайы орын алды. Жазатайым оқиғалардың негізгі себебі әуе байланыс желілеріндегі зақымдануларды жою, желілерді монтаждау және кабельдік жүйелерді төсеу бойынша техникалық жұмыстарды орындау кезінде қызметкерлердің құлауымен байланысты. Тәуекел ықтималдығын азайту үшін қолданылатын шаралар:

- неғұрлым жетілдірілген сақтандыру белдеулерін сатып алу мүмкіндігі қарастырылуда;
- қызметкерлер наряд-рұқсат жасамай-ақ қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге жіберілмейді;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау инженерлерін қауіпсіз еңбек әдістеріне оқыту сапалы және жүйелі түрде жүргізіледі;
- жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженерлерінің қауіптілігі жоғары жұмыстардың орындалуын бақылау жүзеге асырылады;
- жұмыс жетекшілері жұмысты бастамас бұрын бригада мүшелерінде қажетті жеке қорғаныс құралдарының, жабдықтардың болуын тексереді, жұмыс орындарын дайындауды жүзеге асырады және т.б.;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар екі (қазақ және орыс) тілде ұсынылады.

МЕРЗІМІ ӨТКЕН (3 АЙДАН АСТАМ) ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТІҢ ҰЛҒАЮ ҚАУПІ

«Транстелеком» АҚ сатып алушылары мен тапсырыс берушілеріне бұрын көрсетілген қызметтер үшін алынбаған табысқа байланысты тәуекел.

31.12.2022 ж. мерзімі өткен (3 айдан астам) дебиторлық берешек 16 156 млн теңгені құрайды, өткен есепті кезеңмен салыстырғанда 31.12.2021 ж. берешек 952 млн теңгені құрады. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің ұлғаюының негізгі себебі орындалған жұмыстар актілеріне қол қоймау, сондай-ақ қатаңдатылған ережелерге байланысты

валюталық төлемдерден (compliance) өтудің ұзақ процесіне байланысты шетелде орналасқан серіктес компаниялар тарапынан көрсетілген қызметтер үшін ақшалай қаражаттың уақтылы түсуінің болмауы болып табылады.

Осы тәуекелдің туындау ықтималдығын азайту үшін қабылданатын шаралар:

- орындалған жұмыстар актілеріне уақтылы қол қоюды бақылау;
- Шарт талаптарына сәйкес дебиторлық берешек басталған күннен бастап клиенттерге қоңырау шалу арқылы тұрақты мониторинг және еске салу;
- клиенттің қалыптасқан дебиторлық берешегі туралы хаттарды уақтылы жіберу және алуды бақылау;
- міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзу мәніне қолданыстағы дебиторлық берешектің мониторингін уақтылы бақылау;
- шот-фактуралардың уақтылы және дұрыс берілуін бақылау.

Тәуекелдерді басқару жүйелерінің үздік практикалары мен стандарттарын одан әрі енгізу

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы жаңа жағдайларды ескере отырып, «Транстелеком» АҚ ТБКЖ-ды халықаралық стандарттарға, корпоративтік басқару өлшемдеріне сәйкес дамытуды қамтамасыз етуге және компанияның қойылған мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі келтіруге, сондай-ақ компанияның одан әрі өсу мүмкіндіктерін алуға қабілетті тәуекелдерді азайтуға тиіс негізгі міндеттерді айқындады:


1. ТБКЖ ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына сәйкес ТБКЖ бөлігінде корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру.

2. ТБКЖ бойынша ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру және тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру.

3. «Транстелеком» АҚ-дағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту және оларды стратегиялық жоспарлау, қаржы-инвестициялық қызмет, операциялық қызмет процестерімен және бизнес-шешімдер қабылдаумен интеграциялау.

4. Тәуекел мәдениетінің деңгейін дамыту және арттыру.

5. «Транстелеком» АҚ Даму стратегиясы, жобалық басқару, ақпараттық қауіпсіздік және тұрақты даму шеңберінде тәуекелдерді басқару бөлігінде кросс-функционалдық өзара іс-қимыл.





КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

10 751 889 мың теңге

Интернет желісіне қол
жеткізу қызметтері



6 608 647 мың теңге

Спутниктік байланыс және
деректерді беру қызметтері



9 705 281 мың теңге

ТОБЖ магистральдық
арналарын жалға алу



«Транстелеком» АҚ Жжжобалау тобының қызметкерлері Uptime Institute Tier Standart стандартына сәйкес деректерді өңдеу орталықтарының операциялары бойынша аккредиттелген бағдарлама бойынша халықаралық сертификат алды.





КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат

«Транстелеком» АҚ барлық акционерлердің тең құқықтарын қамтамасыз етеді және корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіріп отырады.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мен атқарушы органы акционерлердің, инвесторлардың және менеджменттің мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, «Транстелеком» АҚ-ның табысты дамуын қамтамасыз

етуге арналған тиімді корпоративтік басқаруды құрады. «Транстелеком» АҚ-да заң бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және құпия қарау тетігі қолданылады. Жедел желі «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ ҚР заңнамасының нормаларын өзге де бұзу фактілері туралы құпия түрде мәлімдеуге мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2022 жылғы 2 наурыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «Транстелеком» АҚ-дағы корпоративтік басқару акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу қағидатына негізделген және «Транстелеком» АҚ-ның тиімді қызметіне, оның ішінде «Транстелеком» АҚ активтерінің өсуіне және «Транстелеком» АҚ қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын

қолдауға ықпал етеді. Кодекстің негіз қалаушы қағидаттары:

- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
- «Транстелеком» АҚ дербес қызметінің принципі;
- «Транстелеком» АҚ қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты;
- заңдылық пен этика қағидаттары;



- дивидендтік саясат тиімділігінің қағидаттары;
- тиімді кадр саясатының қағидаттары;
- қоршаған ортаны қорғау қағидаты;
- корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- жауапкершілік қағидаты.

Осылайша, «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына толық сәйкес әрекет етеді, бұл акционерлерге менеджмент қызметін тиімді бақылау және мониторингілеу мүмкіндігін береді және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал етеді.

Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

Директорлар кеңесі «Транстелеком» АҚ-ның акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, «Транстелеком» АҚ-ның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру мен дамытуда негізгі рөл атқарады, акционерлердің құқықтарын қорғауды және іске асыруды қамтамасыз етеді, атқарушы органның қызметіне бақылауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құрылу тәртібі, құзыреті, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі «Транстелеком» АҚ Жарғысында және Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалған.

«Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. 2022 жылы барлығы «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 11

2022 жылы Директорлар кеңесінде бет-бет отырыстар барысында 94 мәселе қаралды, оның ішінде 60 мәселе Директорлар кеңесі комитеттерінің қарауына алдын ала ұсынылды.

отырысы өткізілді, оның ішінде 11 – бетпе-бет нысанда, 0 – сырттай дауыс беру нысанында.

Директорлар кеңесінің құзыретіне, атап айтқанда, мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

- қызметтің басым бағыттарын және «Транстелеком» АҚ-ның даму стратегиясын анықтау;
- «Транстелеком» АҚ-ның ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;
- атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы лауазымына тағайындау туралы шешім қабылдау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;
- «Транстелеком» АҚ Төрағасының, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі басшысының және Корпоративтік хатшының уәждемелік карталарын және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің паспорттарын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ-ның акционерлерінің жалпы жиналысы мен атқарушы органдарының құзыретіне жатқызылған ішкі құжаттарды қоспағанда, «Транстелеком» АҚ-ның ішкі құжаттарын бекіту.

Директорлар кеңесінің құрамы

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы сайлайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі	Сайланған күні	Мәртебесі
Әлиев Нұрәлі Рахатұлы – Төраға	15 қараша 2019 жыл	Акционердің өкілі
Амрин Салмен Габдоллинович	15 қараша 2019 жыл	Акционердің өкілі
Покупателев Дмитрий Александрович	6 ақпан 2020 жыл	Акционердің өкілі
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	15 қараша 2019 жыл	Тәуелсіз директор
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	6 ақпан 2020 жыл	Тәуелсіз директор

2022 жылғы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер: 2022 жылғы 7 сәуірде өз бастамасымен

Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Исекешев Исан Өрентайұлы өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Басқарма құрамы

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы шешімімен «Транстелеком» АҚ Басқармасының құрамы 8 (сегіз) адам болып айқындалды және

«Транстелеком» АҚ Басқармасының өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып айқындалды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы «Транстелеком» АҚ Басқарма құрамы:

Т.А.Ә.	Лауазымы
Адайбеков Елнар Русланұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы
Миновар Ерлан Ерікұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының стратегиялық даму және инновациялар жөніндегі орынбасары
Барменқұлов Кеңес Таңатарұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының ұйымдық даму жөніндегі орынбасары
Дөненбай Ғазиз Болатұлы	Басқарма Төрағасының Стратегиялық жобаларды дамыту жөніндегі орынбасары;
Қасымов Кәрім Досмұхамбетұлы	Басқарма Төрағасының корпоративтік және мемлекеттік секторлардағы бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары
Ахметов Мұрат Сайлаубекұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының операциялық қызмет жөніндегі орынбасары;
Қожасбаев Данияр Жеңісұлы	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Баймырзақұлы Асқар	«Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасының әкімшілік және құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары

Корпоративтік басқару құрылымы



Корпоративтік басқару бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы және басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде маңызды критерийлердің бірі болып табылады. Сапалы және тиімді корпоративтік басқару ұйымдардың қаржы-шаруашылық

қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді, тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қамтамасыз етеді.

«Транстелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге және акционерлердің мүдделерін сақтауға елеулі көңіл бөледі.

Директорлардың, Директорлар кеңесі комитеттерінің Төрағасы мен мүшелерінің тәуелсіздігін іріктеу критерийлері

Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің өз функцияларын тиімді жүзеге асыруында, әсіресе «Транстелеком» АҚ-ның даму стратегиясын әзірлеуге байланысты, сондай-ақ акционерлердің мүдделерін қорғауға бағытталған мәселелерде маңызды рөл атқарады.

Акционерлердің жалпы жиналысы кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі туралы ережеде бекітілген айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін – Тәуелсіз директорларды сайлайды.

«Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінде есепті жылдың соңында Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің үшеуі тәуелсіз болды – шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсер ету үшін жеткілікті мөлшер.

Директорлар кеңесінің комитеттері 100% Тәуелсіз директорлардан тұрады.

«Транстелеком» АҚ-ның Тәуелсіз директорлары есепті кезеңде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында көзделген тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді:

- «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғасы болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда),
- «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- «Транстелеком» АҚ немесе «Транстелеком» АҚ үлестес тұлғалары ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныстылықпен байланысты емес;

- мемлекеттік қызметші болып табылмайды;
- осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған жоқ;
- «Транстелеком» АҚ аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспады.

Директорлар кеңесі туралы ережеде «Транстелеком» АҚ-ның Тәуелсіз директорлары да сәйкес келетін тәуелсіз директор лауазымына үміткерлерге қосымша талаптар белгіленген:

- Тәуелсіз директордың функционалдық міндеттеріне, Директорлар кеңесінің Комитеттеріне мүшелікке байланысты белгілі бір салаларда арнайы дағдыларға ие болу;
- «Транстелеком» АҚ-мен операциялардың көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты иеленуге, оның ішінде: ұлттық және халықаралық нарықтардағы реттеушілік міндеттемелер, бәсекелес орта, корпоративтік қаржы, аудит және ішкі бақылау саласындағы ерекшеліктер, «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүше болған кезде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін стратегия және/немесе тағайындау және/немесе сыйақы мәселелері бойынша түсінік көрсетуге тиіс;
- іскерлік және/немесе салалық ортада мінсіз беделге/оң жетістіктерге ие болуы, жоғары этикалық нормаларды сақтауы тиіс. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері жоқ.
- Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес,

сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін де қатысу үшін жеткілікті уақыты болуы тиіс.

Басқарма Төрағасы үшін тәуелсіздікті іріктеу өлшемдері заңнамада және «Транстелеком» АҚ-ның ішкі құжаттарында көзделмеген.


Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, директорлар Кеңесінің, Басқарманың, ішкі аудит қызметінің жекелеген мүшелерінің және оның басшысының қызметін бағалау

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметін бағалау 2022 жылы жүргізілген жоқ.

«Транстелеком» АҚ Басқармасының қызметін бағалау мақсатында Директорлар кеңесі 2021 жылғы 28 қыркүйекте «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау мен сыйақы төлеудің жаңа қағидаларын бекітті, олардың негізінде 2022 жылғы 19 мамырда «Транстелеком» АҚ Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған мотивациялық карталары бекітілді. «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің нақты мәндері бар мотивациялық карталар 2021 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша 2022 жылғы 19 шілдеде қаралып, бекітілді.

Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 14 наурыздағы шешімімен бекітілген Комплаенс-маманға, Ішкі аудит қызметінің басшысына және «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тергеп-тексеру қызметінің басшысына қызметті бағалау және сыйақы төлеу қағидалары негізінде жүзеге асырылады.

2022 жылғы 19 шілдеде «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2021 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мотивациялық картасы бекітілді.



Директорлар кеңесінің 2022 жылғы қызметі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАР САНЫ ЖӘНЕ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ

«Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің жұмысы бекітілген жылдық жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады. Есепті жылы «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің барлығы 11 отырысы өткізілді.

Оның ішінде 11 – бетпе-бет нысанда, 0 – сырттай дауыс беру нысанында.

Директорлар кеңесінің аталған отырыстары барысында 94 мәселе қаралды, оның ішінде 94 мәселе – бетпе-бет отырыстар барысында, 0 – сырттай дауыс беру арқылы.

Төменде Директорлар кеңесі отырыстарының және соңғы 3 жылда қаралған мәселелердің статистикасын көрсететін кесте берілген:

ДК ОТЫРЫСТАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Отырыстар саны		Сырттай	
2020	12	2020	0
2021	11	2021	0
2022	11	2022	0

Бетпе-бет		Сұрақтар саны	
2020	12	2020	88
2021	11	2021	89
2022	11	2022	94

2022 жылы «Транстелеком» АҚ директорлар Кеңесінің отырыстарына директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы туралы ақпарат

Т.А.Ә.	Отырыстарға қатысу көрсеткіші, тағайындалған күннен бастап	%	Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Әлиев Нұрәлі Рахатұлы	11-ден 11	100	2022 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
Амрин Салмен Габдоллинович	11-ден 11	100	2022 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
Покупателев Дмитрий Александрович	11-ден 11	100	2022 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	11-ден 11	100	2022 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	11-ден 10	91	2022 жылғы 1 қаңтар – 31 желтоқсан
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	2-ден 2	100	2022 жылғы 1 қаңтар – 7 сәуір

Директорлар Кеңесі мен Басқарма 2022 жылы қараған негізгі мәселелер

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 2022 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамаларында және шешімдерінде көрсетілген.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі келесі бағыттарды реттейтін бірқатар негізгі мәселелерді қарады:

Қаржы-шаруашылық қызмет:

- «Транстелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысына 2021 жылғы «Транстелеком» АҚ таза табысын бөлу тәртібі және «Транстелеком» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы ұсыныстар беру туралы;
- «Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған бюджетін бекіту туралы;

- ірі мәмілелерді және жасалуында «Транстелеком» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу.
- 2021-2022 жылдардағы «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есептерді қарау.

Корпоративтік басқару:

- «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексін бекіту жаңа редакцияда мақұлданды.
- «Транстелеком» АҚ акционерлерінің Жалпы жиынының жылдық және кезектен тыс отырыстарын өткізуге дайындық аясында шешімдер қабылданды;
- «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі Комитеттерінің 2021 жылғы жұмысы туралы есептерді мақұлдау;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі тапсырмаларының орындалуы туралы есептерді тыңдау.

Ішкі аудит:

- «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған аудиторлық жоспарын бекіту;
- Директорлар кеңесі тоқсан сайын Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік тергеу қызметінің есептерін тыңдайды.

Тұрақты даму саласында:

- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту мақұлданды;
- «GZ Automatic» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғылық капиталына қатысу үлесінің 35%-ын сатып алу мәселесі қаралды;
- «Транстелеком» АҚ Басқармасы туралы ережеге өзгерістер бекітілді;
- тоқсан сайын «Транстелеком» АҚ тәуекелдері бойынша есептер қаралды.

БАСҚАРМА 2022 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

«Транстелеком» АҚ Басқармасының құзыретіне Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғымен «Транстелеком» АҚ басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады.

Есепті кезеңде 39 отырыс өткізіліп, «Транстелеком» АҚ Басқармасының құзыретіне кіретін 190 мәселе қаралды.

Басқарма отырысында қаралған негізгі мәселелер мыналар:

1. ОА мен филиалдардың штат кестесін бекіту (өзгерістер мен толықтырулар енгізу);

2. ішкі құжаттарды бекіту:

- «Транстелеком» АҚ трансформациялық жоспары;
- Өзгерістерді басқару саласындағы «Транстелеком» АҚ саясаты.
- «Транстелеком» АҚ Стратегиялық жобаларды дамыту сегменті бойынша функционалдық стратегиялары.
- «Транстелеком» АҚ вендорларын басқару саясаты.
- «Транстелеком» АҚ-ның жаңа редакциядағы B2B, B2C, B2G, B2O, B2R, B2KTZ сегменттері бойынша функционалдық стратегиялары.
- «Транстелеком» АҚ-ның B2B және B2G сегменттері бойынша функционалдық стратегиясы.
- 2022 жылға арналған «Транстелеком» АҚ контрагент банктеріне баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттер;
- «Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған елдік лимиттері.
- «Транстелеком» АҚ қызметкерлеріне тұрғын үйді жалға алуға өтемақы бөлу ережесіне өзгерістер енгізілді.
- «Транстелеком» АҚ-ның B2C, B2O, B2R сегменттері бойынша және жаңа редакциядағы теміржол саласында бизнесті дамыту жөніндегі функционалдық стратегиялары.

- «Транстелеком» АҚ қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесі.
- «Транстелеком» акционерлік қоғамындағы эвакуациялық комиссия туралы ереже.
- «Транстелеком» АҚ Бюджеттік-инвестициялық комитеті және оның құрамы туралы ереже жаңа редакцияда.
- «Транстелеком» АҚ Тарифтік-азық-түлік комитеті және оның құрамы туралы ереже жаңа редакцияда.
- «Транстелеком» АҚ мүлкін түгендеу, негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін есептен шығару/қалпына келтіру жөніндегі комиссия туралы ереже жаңа редакцияда;
- «Транстелеком» АҚ негізгі құралдары мен материалдық емес активтерін түгендеу, есептен шығару/қалпына келтіру жөніндегі жұмыс комиссиясы туралы ереже жаңа редакцияда;
- «Транстелеком» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясы туралы ереже.
- «Транстелеком» АҚ Тарифтік-азық-түлік комитетінің құрамы жаңа редакцияда.
- «Транстелеком» АҚ-ның 2023-2025 жылдарға арналған HR стратегиясы.
- «Транстелеком» АҚ тәртіптік комиссиясы және комиссия құрамы туралы ереже жаңа редакцияда.

- «Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылға арналған түзетілген бюджеті
- «Транстелеком» АҚ Басқарма құрамына кірмейтін орталық аппараттың басшы қызметкерлері үшін 2022 жылға арналған ынталандыру карталары.
- 2021 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ Басқармасының құрамына кірмейтін орталық аппараттың басшы қызметкерлері үшін қорытынды нәтижелері мен сыйақы мөлшерін есептейтін мотивациялық карталар.
- 2022 жылғы 1 жартыжылдықтағы «Транстелеком» АҚ трансформациялық жоспарының орындалуы туралы есеп.
- 2022 жылғы 1 жартыжылдықтағы Технологиялық даму тұжырымдамасының орындалуы туралы есеп
- 2022 жылғы 1 жартыжылдықтағы «Транстелеком» АҚ функционалдық стратегияларының орындалуы туралы есеп
- «Транстелеком» АҚ Бірыңғай қауіпсіздік саясаты талаптарының орындалуын мониторингілеу қорытындылары бойынша есеп.

3. сатып алу мәселелері бойынша:

- Акционерлік қоғамның тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу саясатына және Акционерлік қоғамның сатып алу қызметін басқару қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.



Директорлар Кеңесінің «Транстелеком» АҚ қатысты акционерлердің пікірлерін есепке алу бойынша қабылданған шаралар

«Транстелеком» АҚ-ға қатысты акционерлердің пікірлерін есепке алу үшін Директорлар кеңесінің құрамында «Транстелеком» АҚ-ның екі акционерінің де өкілдері тең мөлшерде ұсынылған.

Акционерлердің өкілдері Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір қалыптастырады және Директорлар кеңесінің отырысында осы позицияны білдіреді. Бұл факт Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында көрсетіледі және Директорлар кеңесінің басқа мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде ескеріледі. Акционерлер Директорлар кеңесіндегі

өз өкілдері арқылы акционерлердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы.

Директорлар кеңесі акционерлер мүдделерінің өкілі болып табылады және акционерлерден келіп түсетін өтініштер мен шағымдарға, оларды өз отырыстарында қарай отырып, жедел ден қоюға тиіс.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің атына акционерлердің «Транстелеком» АҚ-ға қатысты пікірлері түскен жоқ.

Директорлар Кеңесі комитеттерінің қызметі

Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ-да Директорлар кеңесінің үш Комитеті жұмыс істейді, олар ең маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі алдын ала қараумен және тиісті ұсынымдар дайындаумен айналысады:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес Комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) өз қызметін Қоғамның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

«Транстелеком» АҚ-ның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады. Комитет Төрағасы

болып 2020 жылғы 27 сәуірден бастап «Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры Өтемұрат Берік сайланды, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне жауап береді.

2022 жыл ішінде «Транстелеком» АҚ-да Аудит жөніндегі комитеттің келесі құрамы жұмыс істеді:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуірден 2022 жылғы 7 сәуірге дейін

Есепті кезеңде Комитет 7 бетпе-бет отырыс өткізді. Есепті кезеңде Комитет отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды. Комитет отырыстарының күн тәртібіне сәйкес 31 мәселе қаралды, қаралған мәселелер бойынша «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Ішкі аудит мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2021 жылғы есебін алдын ала мақұлдау туралы
2. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мотивациялық картасын және сыйақы мөлшерін есептеуді мақұлдау туралы.
3. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы 1 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау туралы
4. Ішкі аудит қызметінің ұсынымдарын орындаудың бастапқы мерзімдерін ауыстыруды мақұлдау туралы
5. Ішкі аудит қызметінің №236 және №253 ұсынымдарын бақылаудан алуды мақұлдау туралы
6. Ішкі аудит қызметінің №143 ұсынымын бақылаудан алуды мақұлдау туралы
7. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2022 жылғы 2 және 3 тоқсандағы есебін мақұлдау туралы

8. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған аудиторлық жоспарын бекіту туралы;
9. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі қызметкерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Сәйкестік және корпоративтік тергеу мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ қызметтік тергеп-тексеру актісін алдын ала мақұлдау туралы
2. Корпоративтік тергеп-тексеру қызметінің 2022 жылғы 1 және 2 тоқсандағы есептерін мақұлдау туралы, оның шеңберінде 1 жоспарлы және 3 жоспардан тыс тергеп-тексеру нәтижелері ұсынылған
3. Корпоративтік тергеу қызметінің және Комплаенс-маманның қызметін реттейтін «Транстелеком» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
4. «Транстелеком» АҚ корпоративтік тергеп-тексеру қызметінің 2022 жылғы 3 тоқсандағы есебін алдын ала мақұлдау туралы, оның шеңберінде 3-ші жоспарлы және 1 жоспардан тыс тергеп-тексеру бойынша нәтижелер ұсынылды
5. «Транстелеком» АҚ корпоративтік тергеу қызметінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын алдын ала мақұлдау туралы.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. 2021 жылғы 4 тоқсандағы «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы
2. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі кейбір ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау туралы
3. 2022 жылғы 9 айдағы «Транстелеком» АҚ тәуекелдер жөніндегі есебін алдын ала мақұлдау туралы
4. 2023 жылға арналған «Транстелеком» АҚ тәуекелдер тізілімі мен картасын алдын ала мақұлдау туралы
5. «Транстелеком» АҚ кредиттік тәуекелді басқару қағидалары» интеграцияланған менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығын алдын ала мақұлдау және «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын «Транстелеком» АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі кейбір ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Қаржылық есептілік және сыртқы аудит мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ-ның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы.

Ұйымдастыру мәселелері және Директорлар кеңесінің қызметі жөніндегі мәселелер бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Комплаенс-маманы туралы ережені алдын ала мақұлдау туралы

2. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тергеу қызметі туралы ережені алдын ала мақұлдау туралы
3. «Транстелеком» АҚ корпоративтік тергеу жүргізу жөніндегі басшылықты алдын ала мақұлдау туралы
4. «Транстелеком» АҚ корпоративтік тергеу қызметінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын алдын ала мақұлдау туралы
5. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ережеге толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы
6. «Транстелеком» АҚ Комплаенс-маманына, Ішкі аудит қызметінің басшысына және корпоративтік тергеу қызметінің басшысына қызметті бағалау және сыйақы төлеу қағидаларын бекіту жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы
7. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тергеу қызметі және Ішкі аудит қызметі басшысының және қызметкерлерінің өкілеттік мерзімін және еңбегіне ақы төлеу мөлшерін тағайындау, айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы
8. 2022 жылға арналған комплаенс-маманның, корпоративтік тергеу қызметінің басшысының және «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысының мотивациялық карталары мен ҚНҚ паспорттарын бекіту бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы
9. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2021 жылғы қызметі туралы есепті алдын ала қарау туралы
10. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 2 қазандағы шешіміне өзгерістер енгізуді алдын ала мақұлдау туралы
11. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік тергеу қызметі мен Ішкі аудит қызметінің басшылары мен қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы күніне арналған сыйлықақыны алдын ала мақұлдау туралы

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

Т.А.Ә.	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	7	7	100
Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы	7	7	100
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	1	1	100

* Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі 2022 жылғы 7 сәуірге дейін

КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды.

Комитет өз қызметін «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелерді терең және мұқият қарауға және қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруға ықпал етеді.

«Транстелеком» АҚ-ның Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Комитеттердің төрағалары мен мүшелерін сайлау «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамына:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Комитет мүшесі атанған күні
Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

Есепті кезеңде Комитет 5 отырыс өткізді, барлық отырыстар бетпе-бет нысанда өткізілді. Отырыстардың күн тәртібіне сәйкес Комитет 20 мәселені

Комитет төрағасы болып «Транстелеком» АҚ-ның тәуелсіз директоры Ерлан Өрентайұлы Исекешев сайланды, бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешіміне сәйкес «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамы айқындалды:

- Исекешев Исан Өрентайұлы – Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы – Комитет Мүшесі – Тәуелсіз директор;
- Өтемұрат Берік Мұстайұлы – Комитет Мүшесі – Тәуелсіз директор.

2022 жылғы 7 сәуірде Тәуелсіз директор Е.О. Исекешев «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

қарады, олар бойынша «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

Есепті кезеңде Комитеттің құзыретіне кіретін «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық мәселелері, атап айтқанда мынадай мәселелер қаралды:

Кадр мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Басқармасының кейбір мүшелеріне өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Басқарма мүшесін сайлау және оның өкілеттік мерзімін айқындау және лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы ұсынымдар әзірлеу туралы.
2. «Транстелеком» АҚ Басқарма мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.

Сыйақы мәселелері бойынша Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының 2022 жылға арналған мотивациялық картасын бекіту бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы.
2. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
3. «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсынымдар әзірлеу туралы.
4. «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2022 жылға арналған Денсаулық индикаторларының паспорттарын, жаңа редакциядағы Денсаулық индикаторларының паспорттарын және уәждемелік карталарын бекіту бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы.

Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы

Т.А.Ә.	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
Исекешев Ерлан Өрентайұлы	1	1	100
Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы	5	5	100
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	5	5	100

* 2022 жылғы 1 қаңтар мен 7 сәуір аралығында

5. Басқарма Төрағасының корпоративтік және мемлекеттік секторлардағы бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары – Басқарма мүшесі үшін және «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлеріне сыйақы беру жүйесінің кейбір мәселелері бойынша 2022 жылға арналған мотивациялық картаны бекіту бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы.
6. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің нақты мәндері бар мотивациялық карталарды бекіту және сыйақыларының мөлшерін есептеу бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы.
7. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мотивациялық картасын бекіту және сыйақы мөлшерін есептеу жөніндегі ұсынымды әзірлеу туралы.
8. 2021 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Транстелеком» АҚ Корпоративтік хатшысының нақты мәндері бар қызметтің негізгі көрсеткіштерінің мотивациялық картасын бекіту және сыйақы мөлшерін есептеу бойынша ұсынымдар беру туралы.

Ұйымдастыру мәселелері Комитет Директорлар кеңесіне келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің 2021 жылғы есебін алдын ала қарау туралы.
2. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитетінің ағымдағы отырысының төрағасын сайлау туралы.

Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы мынадай түрде болады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Комитет өз қызметін «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 31 тамызда бекіткен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет төрағасы болып «Транстелеком» АҚ-ның тәуелсіз директоры Қанат Мұхаметқарымұлы Досмұқаметов сайланды, ол Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық практикасына жауап береді.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің келесі құрамы айқындалды:

- **Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы** – Комитет Төрағасы – Тәуелсіз директор;
- **Исекешев Исан Өрентайұлы** – Комитет Мүшесі – Тәуелсіз директор;
- **Өтемұрат Берік Мұстайұлы** – Комитет Мүшесі – Тәуелсіз директор.

2022 жылғы 7 сәуірде Тәуелсіз директор Е.О. Исекешев «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Осылайша, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамына кіретіндер:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Сайланған күні
Досмұқаметов Қанат Мұхаметқарымұлы	Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет төрағасы	2020 жылғы 27 сәуір
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	Тәуелсіз директор «Транстелеком» АҚ, Комитет мүшесі	2020 жылғы 27 сәуір

2022 жылы Комитеттің 4 бетпе-бет отырысы өткізіліп, онда 9 мәселе қаралып, ұсынымдар берілді.

Комитет Директорлар кеңесіне, атап айтқанда, келесі мәселелер бойынша ұсыныстар берді:

- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитетінің 2021 жылғы есебін алдын ала қарау туралы.
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесіне «Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығарылатын «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту тура-

лы» мәселе бойынша ұсынымдар әзірлеу туралы.

- «Транстелеком» АҚ бюджетінің кейбір мәселелері туралы.
- «Транстелеком» АҚ бюджетінің кейбір мәселелері туралы.
- 2022 жылғы 1 жартыжылдықтағы «Транстелеком» АҚ бюджетінің атқарылуы туралы есепті қарау туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау туралы.

Комитет мүшелерінің есепті кезеңде өткізілетін отырыстарға дербес қатысуы мынадай түрде болады.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2022 жылғы отырыстарға қатысуы:

Т.А.Ә.	Отырыстардың барлығы (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	4	4	100
Исекешев Ерлан Өрентайұлы*	1	1	100
Өтемұрат Берік Мұстайұлы	4	4	100

* 2022 жылғы 1 қаңтар мен 7 сәуір аралығында

2022 жылы Комитеттер Ережелерге, сондай-ақ 2022 жылға арналған Жұмыс жоспарларына сәйкес мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді толық көлемде орындады.

Комитеттер отырыстардың күн тәртібінің барлық мәселелерін егжей-тегжейлі қарап, «Транстелеком»

АҚ-ның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақты және егжей-тегжейлі ұсынымдар берді.

Комитеттердің жұмысы «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі мен корпоративтік басқару жұмысының тиімділігін арттыруға қатысты Акционерлердің үмітіне жауап беретінін атап өткен жөн.



Директорларға сыйақы

«Транстелеком» АҚ Акционерлерінің жалпы жиыналысының шешімдеріне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқару кезеңінде Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде олардың функцияларын орындауға байланысты сыйақылар төленеді және шығыстар өтеледі, 2022 жылы төлемдер сомасы 143.198 мың теңгені құрады (2021 жыл: 182.712 мың теңге).

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі мүшесінің тұрақты тұратын жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің және «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік ақы) өтеледі.

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамының басшы және басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеу және қызметін бағалаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген Қоғамның басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу және қызметін бағалау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ережелер келесі тұжырымдамаларға негізделген:

- Нақты нәтижеге баса назар аудару – сыйақы жүйесі қызметтің индикаторлары және/немесе негізгі көрсеткіштері бойынша жоспарлы мәндерді орындауға емес, қызметтің нақты нәтижелеріне негізделеді;
- Нәтиженің сапасына баса назар аудару – сыйақы жүйесі сыйақы мөлшерін анықтау үшін емес, тұрақтылық пен ұзақ мерзімділікке баса назар аудара отырып, қол жеткізілген нәтиженің «уыттылығын» немесе «денсаулығын» түсінуге көмектесетін есептелген сыйақы мөлшерін түзететін құрал ретінде денсаулық индикаторларын қолданады;

- Мониторинг және тиімділікті бағалау динамикасы – сыйақы жүйесі жыл қорытындысы бойынша немесе жыл соңындағы жағдай бойынша емес, жыл ішіндегі әрбір ауытқуды белгіленген шекті мәндерден белгілей отырып, динамикадағы денсаулық индикаторларының мәндерін мониторингтеу және бағалау арқылы қызметтің тиімділігін бағалауды көздейді;
- Күтілетін мінез-құлықты қалыптастыру және қолдау – сыйақы жүйесі басшы қызметкерлердің күтілетін мінез-құлқын қалыптастыруға және қолдауға бағытталған, ол белсенділікпен, өршілдікпен, адалдықпен, жауапкершілікті өз мойнына алумен, орындаушылық тәртіпті сақтаумен және үздіксіз жүйелі жетілдіруге ұмтылумен көрінеді;
- Дельтаға баса назар аудару – сыйақы жүйесі есепті кезең мен алдыңғы кезеңнің таза кірісінің айырмашылығына негізделген және таза пайданың өсуіне және/немесе алдыңғы кезеңге қатысты таза пайданың төмендеуіне жол бермеуге бағытталған. Таза пайданың өсуі сыйақы мөлшерін арттырады, ал оның төмендеуі сыйақы мөлшерін азайтады;

- Жүйенің бейімделуі-сыйақы жүйесі белгілі бір бизнес бағытының даму мөлшері мен сатысын ескеруге және таза пайданы ұстап тұруға немесе командалық синергияға сәйкес өсуге баса назар аударуға мүмкіндік береді;
- Әрекет әрекетсіздіктен жақсы-сыйақы жүйесі Басшы қызметкерге сыйақы туралы шешім қабылдау кезінде қосымша дәлел ретінде Директорлар кеңесіне мәселе шығарылғанға дейін өзіне бекітілген денсаулық индикаторлары бойынша жағдайды теңестіру үшін мүмкіндік беруге негізделеді.

Басшы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі мынадай кезеңдерден тұрады:

- денсаулықтың мотивациялық индикаторларын таңдау, шекті мәндерді анықтау;
- денсаулықтың мотивациялық индикаторларын бекіту;
- нәтижелілік мониторингі;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Денсаулық индикаторлары Қоғамның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау арқылы басшы қызметкерлердің мотивациялық карталары түрінде топтастырылады. Бұл ретте әрбір индикаторға есептеу әдістемесін бекітетін паспорт әзірленеді.

Қызмет нәтижелері бойынша, сондай-ақ бір жылғы қызмет нәтижелері бойынша сыйақылар қол жеткізген табыстары және жұмыс тиімділігін арттыру үшін материалдық көтермелеу мақсатында жұмыс нәтижелеріне қарай төленеді, тұрақты сипатта болмайды және орташа жалақыны есептеу кезінде ескерілмейді.

Сыйақы Жеке қордың үш бөлігінен тұрады. Жеке қор - бұл Қоғамның/бизнесінің тиісті сегментінің таза кірісінің бұрын белгіленген пайызы болып табылатын басшы қызметкердің ең жоғары сыйақы мөлшері.

Қол жеткізілген нәтижелердің «уыттылығын» немесе «денсаулығын» түсіну үшін жеке Қордың әрбір

санаты/бөлігі бойынша денсаулықтың әртүрлі индикаторлары қолданылуы мүмкін, атап айтқанда:

1. «Таза пайданы ұстап қалуға» міндетін орындау негізінде қалыптастырылған Жеке Қордың бөлігі үшін клиенттердің қанағаттану деңгейін және/немесе өнімдер мен көрсетілетін сервистің сапасын арттыруға бағытталған денсаулық индикаторлары қолданылуы мүмкін;
2. «Таза пайданың өсуіне» міндетін орындау негізінде қалыптастырылған Жеке Қордың бөлігі үшін өнім желісін, клиенттік базаны кеңейтуге және/немесе қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған денсаулық индикаторлары қолданылуы мүмкін;
3. «Командалық синергияға» міндетін орындау негізінде қалыптастырылған Жеке Қордың бөлігі үшін жетекшілік ететін қызметкерлерді тиімді басқаруға бағытталған денсаулық индикаторлары және/немесе ортақ нәтижеге қол жеткізу үшін бірлескен қызметті талап ететін аралас бөлімшелердің денсаулық индикаторлары қолданылуы мүмкін.

Денсаулық индикаторлары үшін шекті мәндердің үш диапазоны белгіленеді. Calm диапазоны индикатордың оң деңгейін сипаттайды. Caution диапазоны жауапты басшылар тарапынан бақылауды талап ететін индикатордың қолайлы деңгейін сипаттайды. Alarm диапазоны нәтижелерді рұқсат етілген мәндерге қайтару үшін шаралар қабылдауды талап ететін маңызды деңгейді сипаттайды.

Басшы қызметкерлердің бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақының жиынтық мөлшері есепті кезеңнің 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша болжанған есепті кезеңнің күтілетін таза пайдасының 15%-нан аспауы тиіс.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері (жалақының және ақшалай нысандағы көтермелеудің барлық түрлерінің жиынтық мөлшері) 560.955 мың теңгені құрады (2021 жыл: 536.696 мың теңге).





«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ПОЗИЦИЯСЫН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН БАҒАЛАУ

«Транстелеком» АҚ 2022 жылдың қорытындысы бойынша теміржол саласы үшін, сондай-ақ халықаралық және қалааралық байланыс, деректерді беру және Интернет желісіне қол жеткізу саласында телекоммуникациялық және АТ қызметтерін ұсыну ретінде бизнестің дәстүрлі бағыттарында жоғары нәтижелер көрсетті. Халықаралық транзитті ұсыну және байланыс арналарын жалға беру бойынша қызметтер нарығындағы позициялар күшейе түсті. Компания табысының 50%-дан астамы ІТ жобаларды іске асырудан алынған. Ірі АТ-жобаларды іске асыру тәжірибесі және оларды іске асыру үшін бұлтты инфрақұрылымды құру «Транстелеком» АҚ бұлтты қызметтер сегментіндегі бәсекелестік жағдайды қамтамасыз етті. IKS Consulting деректері бойынша 2022 жылдың нәтижелері бойынша Транстелеком Қазақстанның коммерциялық деректер орталығының қызметтер нарығындағы Top 3-ке кірді. Сондай-ақ «Транстелеком» АҚ ФДО нарығын қамтуды 30%-ға арттырды. Мұндай әртараптандыру қойылған стратегиялық міндеттерді іске асырудың кепілі болып табылады. Алайда тіркелген телефон қызметтері ұялы байланыстан төмен екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жақын арада ұялы байланыс қызметтерін ұсынуға лицензия алу қажет.

Даму стратегиясы шеңберінде «Транстелеком» АҚ негізгі стратегиялық бағыттарға назар аударады:

- B2C сегменті, онда компания бизнестің дилерлік моделін енгізу арқылы өз үлесін арттырады.
- B2BG сегменті, онда компания өзінің бизнес моделін бизнес-клиенттердің кең ауқымына салалық және клиенттік компанияның көлеміне сәйкес құрылған пакеттік форматтағы қызметтердің кең спектрін ұсынуға бағыттайды.
- B2O сегменті, онда компания қызметтердің құнды ұсыныстарын қалыптастыруға баса назар аударады, онда қызметтер мен клиенттік сервистің сапасын жетілдіру арқылы бәсекелестерден ерекшеленіп, сегменттегі жалғасып жатқан баға бәсекелестігі жағдайында көрсетілетін қызметтердің бағаларын сақтай алады;
- B2R сегменті ірі өңірлік бизнес-жобаларға бағдарланған.
- B2KTZ сегменті, онда компания өзінің негізгі клиентіне – «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның үлестес компанияларына назар аударады.

Төменде Business Model Canvas форматындағы ағымдағы TTC бизнес моделінің сипаттамасы берілген.



- «Транстелеком» АҚ ұсынылатын бұлттық қызметтер спектрін кеңейту бөлігінде басқа стратегиялық бағыттар үшін ұсынылатын бұлттық қызметтер спектрін кеңейтетін жаңа қызметтер мен шешімдер сегменті. Сондай-ақ, осы бағыт шеңберінде «Транстелеком» АҚ ақпараттық қауіпсіздік, «Заттар интернеті», big data және бизнесті цифрландыру сияқты жаңа нарықтарда өз құзыреттерін арттыратын болады.

Осы стратегиялық бағыттар аясында «Транстелеком» АҚ өз алдына келесі стратегиялық мақсаттарды қояды:

- Компанияның таза кірісінің өсуі.
- Операциялық тиімділікті арттыру.
- Барлық сегменттерде клиенттік базаны кеңейту, «ҚТЖ» АҚ қамтамасыз ететін түсім үлесін төмендету, сервистік түсім үлесін ұлғайту.
- Компанияның өнім портфелін кеңейту.

Алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін «Транстелеком» АҚ мынадай өзгерістерді жүзеге асырды:

- Бизнес сегменттері алты жеке стратегиялық бағытқа бөлінген.
- Әрбір сегмент бойынша функционалдық стратегиялар әзірленді.
- Компания ішінде бизнестің серіктестік моделі енгізілген.



ПЕРСОНАЛ



11 111 млн теңге
Күрделі салымдар



3 453 адам
Жұмыскерлер саны



23 650 мың теңге
1 қызметкерге шаққандағы кірістер



«Транстелеком» АҚ Алматыда өткен Profit Cloud Day конференциясына қатысты. Іс-шара бұлтты технологияларға, деректерді өңдеу орталықтарына және Қазақстандағы үлкен деректерге арналды.





ПЕРСОНАЛ

Персоналды дамыту

2022 жылғы 22 желтоқсанда «Транстелеком» АҚ-ның 2023-2025 жыл кезеңіне арналған жаңа HR стратегиясы бекітілді.

HR стратегиясында келесі стратегиялық бағыттар анықталған:

- Корпоративтік университетті дамыту
- Негізгі қызметкерлерді ұстап қалу
- Құзырет орталықтарын дамыту

НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҰСТАП ҚАЛУ

Негізгі қызметкерлерді ұстап қалу стратегиясы еңбекті ұйымдастырудағы мерзімді қиындықтарға және болашақта басқа жұмыстың ықтимал тиімді ұсыныстарына қарамастан, қызметкерлерді штатта одан әрі жұмыс істеуге қызықтыруға бағытталған. «Транстелеком» АҚ табысы үшін қызметкердің оң көзқарасы мен уәждемесін сақтау өте маңызды. Қызметкерлерді ұстап қалу бағдарламасын жүзеге асыру жұмысшыларды жұмыспен қамтудың және өнімділікті арттыру үшін теңдестірілген еңбек режимін қамтамасыз етудің тиімді әдісі болып табылады. Негізгі қызметкерлерді ұстап қалу стратегиясын іске асыру шеңберінде мынадай міндеттер шешіледі: ауыспалы сыйақы жүйесін әзірлеу, қызметкерлердің адалдығы бағдарламаларын әзірлеу, таланттар пулын дамыту.

КОРПОРАТИВТІК УНИВЕРСИТЕТТІ ДАМУ

«TTC GREEN University» корпоративтік университеті (бұдан әрі – КУ) ішкі оқыту жүйесі ретінде «Транстелеком» АҚ-ның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарына сәйкес қызметкерлерді оқыту мен дамытуға бағытталған және басшылардан бастап мамандарға дейінгі барлық деңгейлерді қамтиды.

КУ негізгі басымдықтары: білім мен дағдыларды жинақтау, сақтау және беру үшін оқыту инфрақұрылымын қалыптастыру; жаттықтырушылар институтын дамыту және таланттарды барынша ашу; басқарушылық, кәсіби (hard), «жұмсақ» (soft) дағдылармен оқытудың кешенді жүйесін құру болып айқындалды. Бұл бағыт қашықтықтан оқыту жүйесін дамытуды, ішкі жаттықтырушыларды дамытуды және кешенді бағдарламаларды әзірлеуді қамтиды.

ҚҰЗЫРЕТ ОРТАЛЫҚТАРЫН ДАМУ

«Транстелеком» АҚ-ның Даму стратегиясына сәйкес, «Транстелеком» АҚ-ның сәтті қозғалысын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі аралас бизнес-модельге көшу болып табылады, онда жобалық бизнес-модель жеке және бизнес-клиенттің жаппай тұтынушысына бағытталған өнім бизнес-моделімен толықтырылады.

Осыған байланысты мынадай саладағы құзырет орталықтарын дамыту қажет: өнімдерді әзірлеу, деректерді өңдеу орталықтары, сәулет.

HR-стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер:

1. «Транстелеком» АҚ-ның адами капиталының сапасын дамытатын және арттыратын HR-стратегиясының стратегиялық бағытталған моделін құру.
2. Қызметкерлер үшін білімнің, дағдылар мен құзыреттердің катализаторы ретінде дамыған оқыту инфрақұрылымы және жаттықтырушылар қауымдастығы бар корпоративтік университет.
3. Бизнесінің қорытынды нәтижелеріне әсер ететін жиынтық сыйақының қалыптасқан жүйесі.
4. Басым бағыттар саласындағы дамыған құзыреттік орталықтары: өнімдерді әзірлеу, деректерді өңдеу орталықтары, сәулет.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

Денсаулық үшін қауіптердің, жазатайым оқиғалар мен жарақаттанушылықтың алдын алу – бұл біздің компаниямыздың тұрақты стратегиясының негізгі элементі және біздің бизнес-процестеріміздің ажырамас бөлігі. Еңбекті қорғау және техникалық тәуекелдерді табысты басқару біздің қызметкерлеріміз бен активтерімізді қорғауда маңызды рөл атқарады, сол арқылы компанияның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. «Транстелеком» АҚ-ның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы сөзсіз басымдықтары өндірістік объектілердің апатсыз жұмыс режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің еңбек қызметі қауіпсіздігінің деңгейін арттыру, өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіптік ауруларды азайту болып табылады.

ҚР заңнамасына сәйкес «Транстелеком» АҚ-да Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметтері (ОА-да да, әрбір өңірлік филиалда да) құрылып, табы-

сты жұмыс істеуде. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі қызметкерлерінің атқаратын негізгі функциялары:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау;
- тәуекелдер мен қауіптерді сәйкестендіру;
- өндірістік қауіпсіздік және еңбекті қорғау персоналын оқыту.

ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTU ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту – жаңадан қабылданған қызметкерлер, практиканттар, келушілер үшін кіріспе нұсқаулықтар өткізілді. Ішкі бақылау шеңберінде филиалдардың қызметкерлерімен түсіндіру кездесулері өткізілді, Орталық аппараттың (бұдан әрі – ОА) және филиалдардың (бұдан әрі – ТТКФ) хабардарлығын арттыру курстары өткізілді:

1. ДСЕҚ жағдайына ішкі бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде жаңадан енгізілген объектілерде – ОА филиалдарына, 10 құрылымдық бөлімшелеріне 5 жоспарлы және 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Қызметкерлерді зиянды және қауіпті факторлардан қорғау бойынша бақылау.
2. Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау өткізілді – ОА бойынша 120 жұмыс орны, ТТКФ бойынша 478 жұмыс орны.
3. ЭНЗП жүйесін өзектендіруді қамтамасыз ету:
 - жұмыс түрлерін өзектендіру;
 - ЭНЗП жүйесіндегі қауіптілігі жоғары жұмыстар туралы ЕҚжәнеЕҚ инженерлерін хабардар ету жөніндегі функцияны енгізу;
 - ЭНЗП-ны білімді тексеру нәтижелеріне; медициналық қарап-тексеру нәтижелеріне байланыстыруды жасау;
 - тиісті тұлғаларды алдағы білімді тексеру туралы алдын ала хабардар ету бойынша функция құру.

4. «Транстелеком» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау бойынша жоспарлы іс-шаралар өткізу. «Транстелеком» АҚ орталық аппаратында денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді бағалау тізілімі бекітілді. Қызметкерлерді бекітілген тәуекелдер тізілімімен және оларды басқару шараларымен таныстыру жүргізілді.
5. Электр қауіпсіздігі бойынша білімге біліктілік тексеруін жүргізу – ОА-ның 140 қызметкері; ТТ-КФ-ның 2141 қызметкері.
6. Мерзімді медициналық тексеру жүргізу:

- ОА бойынша – 140 қызметкер медициналық тексеруден өтті;
- ФТКК бойынша – 2729 қызметкер медициналық тексеруден өтті.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғамда ЕҚЖЕҚ саласындағы тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс жүргізілуде. Жүргізілген қауіптерді сәйкестендіруге сәйкес белгіленген тәуекелдер орташа немесе жол берілетін болып табылады, жол берілмейтін деңгейі бар тәуекелдер анықталмаған.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУ

%



Кешенді жоспардың барлық іс-шаралары толық көлемде орындалды.

«Транстелеком» АҚ қызметкерлері орындалатын жұмыстың нормаларына, маусымына, сипатына сәйкес жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету үшін әмбебап және өнеркәсіптік медициналық қобдишалармен қамтамасыз етілген.

Жұмыс орындарын аттестаттау қорытындысы бойынша анықталған зиянды, қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін филиалдардың қызметкерлері арнайы тамақпен қамтамасыз етілген.

ІШКІ БАҚЫЛАУ

2022 жылы орталық аппарат мыналарды жүзеге асырды:

1. Жоспарлы тексерулер – 5 филиал, ОА-ның 10 құрылымдық бөлімшесі
2. Жоспардан тыс тексерулер – 2 филиал;

Берілді:

1. 6 филиал бойынша нұсқаулар;
2. Орталық аппарат бойынша 15 нұсқау.

Анықталды:

1. Филиалдар бойынша ЕҚЖәнеЕҚ талаптарын 192 рет бұзу; оның ішінде жойылғаны – 164 бұзушылық, жойылу процесінде – 28 бұзушылық.
2. Орталық аппарат бойынша ЕҚЖәнеЕҚ талаптарын 26 рет бұзу, оның ішінде жойылғаны – 12 бұзушылық, жойылу процесінде – 14 бұзушылық, олар 2023 жылдың 1 тоқсанының соңына дейін жойылады.

Екі жыл ішінде ОА ЕҚЖәнеЕҚ қызметінің тексерулерімен 14 филиалдың 13-і қамтылды.

ФИЛИАЛДАР МЕН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІ ТЕКСЕРУ 2021 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА

АО тексерістері

2021 10

2022 3

ТТКФ тексерістері

2021 7

2022 8

ЖАРАҚАТТАНУШЫЛЫҚ

31.12.2022 ж. жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ қызметкерлерімен 3 жазатайым оқиға тіркелді

1. 2022 жылғы 17 тамызда Арал теңізі станциясындағы «Қызылордатранстелеком» филиалында қайталама желіге қызмет көрсету жөніндегі электромеханик А.А. Таевпен жазатайым оқиға болды. ӘБЖ зақымдануын жою бойынша жұмыстарды орындау кезінде оның тіректен құлауы орын алды. Жарақаттың ауырлығы: ауыр.
2. 2022 жылғы 02 желтоқсанда «Ақтөбетранстелеком» филиалында Мәртөк ауданының Достық (Веренка) кентінде биіктігі 15 метр діңгекте Kcell ЖШС үшін РРЛ антеннасын монтаждау бойынша үш адамнан тұратын бригада жұмыс істеді. Жұмыстың соңында төмен түсу кезінде жетекші инженер ПГ КТО Будник Артур Иванович шамамен 9 метр биіктіктен құлады. Жарақаттың ауырлығы: ауыр.

3. 2022 жылғы 26 желтоқсанда «Өскементранстелеком» филиалында бригада ШҚМУ ММ корпусының ішіне ҚКЖ төсеу бойынша жұмыстар жүргізді. 12 сағат 15 минутта 1.3 метр биіктіктен баспалдақпен жұмыс істеген кезде Өскемен-1 станциясының құрылыс тобының электромеханигі Асылбеков Әлішер Асылбекұлы тепе-теңдігін жоғалтып, баспен төмен құлады.

Жарақаттың ауырлығы: ауыр.

БАСҚА ІС-ШАРАЛАР

Электрондық форматта «Near Miss» (орын ала жаздаған жарақат) тіркеу және есепке алу құралы әзірленді және енгізілді.

«TTC Smart bot» корпоративтік телеграм-бот базасында «ВауQа» сервисі әзірленді.

Бұл сервис денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы инциденттерді жедел анықтауға, алдын алуға және болдырмауға бағытталған денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің қосымша элементі болып табылады. Қызметкерлердің

аталған сервисті пайдалануға тартылуын арттыру мақсатында «Транстелеком» АҚ-ның Басқарма төрағасының қатысуымен бейнеролик түсірілді.

GREEN порталында филиалдардың ЕҚжәнеЕҚ мамандарымен толтыру үшін ЕҚБЖ ДП сәйкес есеп нысандары орналастырылған. «Транстелеком» АҚ бойынша ЕҚжәнеЕҚ бойынша деректердің жалпы жиынтығы автоматты түрде қалыптастырылады.

Сондай-ақ, ЕҚжәнеЕҚ бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы нұсқаулар беру процесін автоматтандыру міндеті жоспарланған. ЕҚжәнеЕҚ туралы Үлгілік ережеде көзделген шаблонға сәйкес ұйымда GREEN порталында нұсқауларды автоматты түрде қалыптастыру/сақтау/есепке алу үшін нысан орналастырылатын болады.

Жоғарыда аталған іс-шаралар ЕҚжәнеЕҚ процесінің жұмысын оңтайландыруға және жеделдігіне бағытталған, деректерді автоматты түрде жинақтау қателіктер жіберудегі адами факторды жояды.

Сондай-ақ автоматтандыру бірыңғай платформада ТТКФ және ОА-да ЕҚжәнеЕҚ бойынша деректерді есепке алуды/сақтауды/көрсетуді жүргізуге мүмкіндік береді.

Қызметкерлер құрамы

Гендерлік топтары бойынша персоналдың құрылымы

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдік саны	адам	3 710	447	2 605	658
	%	100	12	70,2	17,7
оның ішінде:					
ерлер	адам	2 239	324	1 725	190
	%	60,3	72,3	66,2	28,8
әйелдер	адам	1 471	123	880	468
	%	39,6	27,4	33,7	71,1

Жас топтары бойынша персоналдың құрылымы

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдік саны	адам	3 710	447	2 605	658
	%	100	12	70,2	17,7
оның ішінде:					
25 жасқа дейін	адам	384	-	358	26
	%	10,3	-	13,7	3,9
25-34 жас	адам	865	156	1 127	117
	%	23,3	34,8	43,2	17,8
35-44 жас	адам	955	164	628	163
	%	25,7	36,6	24,1	24,7
45-54 жас	адам	591	87	313	191
	%	15,9	19,4	12	29
55 және одан үлкен	адам	380	41	178	161
	%	10,2	9,1	6,8	24,4

Гендерлік топтары бойынша қабылданғандардың саны

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдік саны	адам	3 710	419	2 605	675
	%	100	11,2	70,2	18,1
Қабылданды	адам	765	19	655	90
	%	20,6	4,7	23,7	13,7
оның ішінде:					
ерлер	адам	503	14	455	32
	%	13,5	3,1	17,3	5,15
женщины	адам	263	5	200	58
	%	7,1	0	7,9	8,7


Жас топтары бойынша қабылданғандардың саны

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/қызметшілер	Жұмысшылар	
Қабылданды	адам	765	20	625	93
	%	100	4,4	81,3	14,3
оның ішінде:					
25 жасқа дейін	адам	237	1	211	25
	%	0,4	0,1	0,3	0,3
25-34 жас	адам	305	8	273	24
	%	39,8	0,4	0,43	0,25
35-44 жас	адам	149	3	124	19
	%	0,19	0,15	0,19	0,2
45-54 жас	адам	55	3	34	18
	%	0,1	0,15	0,05	0,19
55 және одан үлкен	адам	19	2	10	7
	%	0,02	0,1	0,01	0,07


2022 ЖЫЛЫ
«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚАБЫЛДАНЫ






2022 ЖЫЛДАҒЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ ӨҢІР БОЙЫНША



2022 ЖЫЛДАҒЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТАМАУЫ ЖАС БОЙЫНША



2022 ЖЫЛДАҒЫ
САНЫ ЖАС БОЙЫНША



Нәтижелілікті бағалау

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/ қызметшілер	Жұмысшылар	
Тізімдік саны	адам	3 710	447	2 605	658
оның ішінде:					
ерлер	адам	2 239	324	1 725	190
әйелдер	адам	1 471	123	880	468
оның ішінде нәтижелілік бағалауынан өткендері:					
ерлер	адам	21	21	0	0
	%	1	6	0	0
әйелдер	адам	3	3	0	0
	%	0,2	2,4	0	0

Әйелдер сыйақысының ерлер сыйақысына қатынасы

	Қызметкерлер санаты				
	Барлығы	Басшылар	Мамандар/ қызметшілер	Жұмысшылар	
Базалық мөлшерлеме	%	100	100	-	-
оның ішінде:					
ерлер	%	92	92	-	-
әйелдер	%	8	8	-	-
Сыйақы	%	100	100	-	-
оның ішінде:					
ерлер	%	92	92	-	-
әйелдер	%	8	8	-	-

Қызметкерлерді оқыту

Тұрақты даму және нарықта көшбасшы орынға ие болу қызметкерлердің біліктілігі мен кәсіпқойлығына тікелей байланысты. «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің кәсібилігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін «Транстелеком» АҚ мамандарын сертификаттауға ерекше назар аударылды.

Мәселен, 2022 жылы «Транстелеком» АҚ-ның 30 маманы сертификатталды, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік, жобалау, экономика және қаржы, ақпараттық технологиялар инфрақұрылымы, желілік жабдықтар, маршруттау және виртуалдандыру саласында.

«Транстелеком» АҚ сертификатталған мамандарының жалпы саны 0,9%-ға өсті. 2022 жылы персоналды оқытуға жұмсалған шығыстар 131 828 мың теңгені құрады.

131 828 000 теңге

2022 жылы персоналды оқытуға жұмсалған шығыстар құрады

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ СЕРТИФИКАТТАЛҒАН МАМАНДАРЫНЫҢ ӨСУІ

адам

Жобалау		Zabbix	
2022	11	2022	0
2022 дейін	53	2022 дейін	2
NIMA, ISO		Uptime Institute Tier Standart	
2022	6	2022	0
2022 дейін	7	2022 дейін	4
ХҚЕС (ACCA), СИМА, CAP/CIPA		Huawei, HPE Virtual Connect, Vmware	
2022	3	2022	2
2022 дейін	11	2022 дейін	8
Кәсіби бухгалтер, ХҚЕДип		Juniper, Linux, Microsoft, SQL	
2022	3	2022	0
2022 дейін	38	2022 дейін	8
IPMA D, C, B		Certified Ethical Hacker, Program on Cyber security Studies (PCSS)	
2022	0	2022	2
До 2022	60	2022 дейін	3
Cobit 5, Togaf		Cisco	
2022	3	2022	2
2022 дейін	18	2022 дейін	64
ITIL			
2022	1		
2022 дейін	44		



TTC GREEN UNIVERSITY КОРПОРАТИВТІК УНИВЕРСИТЕТИ

2022 жылы Корпоративтік университет «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің 20% қамтумен 9 ішкі курс өткізді. ROI ЕҚЖәнеЕҚ, ӨТМ, ДӨО инженерлік инфрақұрылымы, инвестициялық жобаларды бағалау, ICND 2 CCNA емтиханына дайындық сияқты оқытудан 31 млн. теңгені құрады. 25 ішкі жаттықтырушының дағдыларын жетілдіру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды, атап айтқанда, фасилитация, көпшілік алдында сөз сөйлеу және тренинг құру бойынша тимбилдинг пен вебинар ұйымдастырылды.

Тест нұсқасында «Транстелеком» АҚ бұлтты сервистер бойынша оқытудың бейне форматы іске қосылды.



Әлеуметтік саясат

«Транстелеком» АҚ әлеуметтік саясаты ынталандыру құралы ретінде қызметкерлердің қанағаттанушылығына тікелей әсер етеді, бұл өз кезегінде «Транстелеком» АҚ қызметінің өндірістік-экономикалық көрсеткіштеріне әсер етеді. Ол «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің өмір сапасын арттыруға, әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдарға (қызметкерлер, зейнеткерлер, ҰОС ардагерлері және оларға теңестірілген тұлғалар және т.б.) көмек көрсетуге және қолдау көрсетуге, персоналдың қанағаттану көрсеткіштерін арттыруға бағытталған.

«Транстелеком» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шартта материалдық көмек түрінде әлеуметтік қолдаудың негізгі бағыттары көзделген:

- қызметкерлерге: мерейтой күнінің басталуымен, 8 наурызға, баланың тууына, некені тіркеуге, тістерін -протездеуге, сауықтыруға және емдеуге, жерлеуге сыйлықақы, -күтпеген жағдайлардың туындауына байланысты материалдық көмек, медициналық сақтандыру;

- балаларға: балаларды мектепке дайындауға, Балаларды қорғау күніне, Отбасы күніне, балалар мерекелеріне іс-шаралар ұйымдастыруға және өткізуге;
- «Транстелеком» АҚ-да есепте тұрған зейнеткерлерге: мерейтойлық күннің басталуына, зейнеткерді жерлеуге, ҰОС қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар үшін 9 мамырға төлемдер, Мерекелер байланыс және ақпарат күні, Қарттар күні.

Сонымен қатар, ҚР жоғары оқу орындарында білім алып жатқан балалар үшін ақылы негізде мүгедек баланы оқытуға, оңалтуға және сауықтыруға, шығармашылық конкурстарға, спорттық жарыстарға қатысуға өтемақы, зейнеткерлік жасқа келгенге дейін 3 жыл бұрын қызметкерлерді қысқарту кезінде өтемақы көзделген.


2022 жылы әлеуметтік жеңілдіктерге жұмсалған шығыстар 797 125 мың теңгені құрады. 2021 жылмен салыстырғанда әлеуметтік жәрдемақы шығындары 26%-ға өсті. 2022 жылы «Транстелеком» АҚ бір қызметкерінің орташа құны 214 мың теңгені құрады.



2022 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШЫҒЫНДАР САНАТТАР БОЙЫНША


мың теңге

- 526 222 Қызметкерлерге арналған төлемдер, материалдық көмек
- 161 312 Қызметкерлердің балалары үшін төлемдер
- 28 239 Есепте тұрған зейнеткерлер үшін төлемдер



ҰЖЫМДЫҚ ШАРТПЕН ҚАМТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ПАЙЫЗЫ

- 54% ОА
- 100% Филиалдар



Спорт және денсаулық

Салауатты өмір салтын насихаттауға көп көңіл бөлінеді және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына тұрақты негізде қаражат бөлінеді. Спорттық іс-шараларды өткізу қызметкерлерді салауатты өмір салтына, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға, адамдарды спорттық іс-шараларға тартуға, салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттауға бағытталған. Пандемия басталғанға дейін «Транстелеком» АҚ Спартакиадасы жақсы дәстүр және біздің корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлігі болды.

2022 жылы Шымкент қаласында 2022 жылғы мамырда өткізілген Спартакиаданы ұйымдастыру жөніндегі іс-шара қайта басталды. Барлық өңірлерден келген командалар V жазғы Спартакиадаға

қатысты. Өткізілген жарыс қорытындысы бойынша Шымкент филиалының командасы бірінші орынды иеленді.





2022 жылы «Транстелеком» АҚ V жазғы Спартакиадасындағы жеңістерге, Астана қаласының футбол әуесқойлары арасындағы қалалық турнирдегі (С лигасы) күміс орынға, футболшылар біздің компанияның және жалпы елдің намысын еуропалық футбол аренасында, атап айтқанда 2022 жылдың қазан айында Анталья қаласында (Түркия) өткен Euro Business Cup корпоративтік турнирінде қорғады. Бұл турнирге Еуропаның 16 елінен 32 команда қатысты.

Қызметкерлер әртүрлі спорт түрлерімен белсенді айналысады, волейбол, хоккей және футболдан командалар құрылды.



«Транстелеком» АҚ кәсіподағы компания өміріне белсенді қатысады. 2022 жылы кәсіподақ арқылы қызметкерлердің, балалардың, жақын туыстардың емделуіне материалдық көмек көрсетілді. Іс-шаралар, 8 наурыз, Наурыз мейрамына сыйлық сертификаттары ұйымдастырылды.

Биыл 10 ерікті 20 ардагер мен 5 тыл еңбеккерлеріне барды.



Балаларды қорғау күніне орай жыл сайын қызметкерлердің балалары үшін іс-шаралар өткізіледі. 2022 жылы «Менің отбасым», «Әлем менің көзіммен» тақырыбында сертификаттар мен конкурс, Ахмет Байтұрсыновтың өлеңін оқу және «Транстелеком» АҚ 20 жылдан кейін» тақырыбында бейнеролик тапсырылды. Үздік жұмыстар үшін балаларға сыйлықтар табысталды.

ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Жыл сайын «Транстелеком» АҚ қызметкерлері ауырған жағдайда ерікті сақтандыру қызметтерін пайдаланады. 2022 жылы компания «Халық» СК АҚ-мен шарт жасасты. Жыл бойы 6 505 адам сақтандыру қызметтерін пайдаланды, оның ішінде 2 814 қызметкер және 3 691 отбасы мүшелері. Сақтандыру сыйлықақысының сомасы 361 574 мың теңгені құрады.

ҚР ЖОО-мен өзара әрекеттесу

«Транстелеком» АҚ-да тәжірибе және тағылымдама



281

СТУДЕНТ ПРАКТИКАДАН ӨТТІ



25

СТУДЕНТ ОА МЕН ӨҢІРЛЕРГЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ



23

2022 ЖЫЛЫ 23 МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ



35

МЕМОРАНДУМ КОМПАНИЯДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ



40

БАҒЫТ СТУДЕНТТЕР ПРАКТИКАДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТТЕР/БРИГАДАЛАР/УЧАСКЕЛЕР



96%

%-ДЫ ҚҰРАДЫ САУАЛНАМА БОЙЫНША ПРАКТИКАҒА ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

«Транстелеком» АҚ компанияға елдің ірі қалалары мен өңірлік орталықтарын қоса алғанда, перспективалы және талантты жастарды тарту бойынша ҚР оқу орындарымен белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазіргі уақытта «Транстелеком» АҚ-да ынтымақтастық туралы 35 шарт/меморандум қолданылады, оның 23-і 2022 жылы республикалық және өңірлік маңызы бар шарттарға қол қойылған. Бұл ретте «Транстелеком» АҚ «Esil University» мекемесі (Астана қ.), «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Павлодар қ.), «Сәрсен Аманжо-

лов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ (Өскемен қ.), «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» ШЖҚ РМК (Қарағанды қ.), Логистика және көлік академиясы (Алматы қ.), «Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті» МЕМБ (Ақтөбе қ.), Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті (Шымкент қ.), Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті (Ақтау қ.), А. Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік университеті (Қостанай қ.), Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қ.) және т.б. сияқты келесі университеттермен серіктес ЖОО-ларының тізімін кеңейтті.

Серіктестік келісімдер шеңберінде уағдаластыққа қол жеткізілді:

- білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы;
- «Транстелеком» АҚ-да тәжірибені және тағылымдаманы, дуальды оқытуды ұйымдастыру;
- жас және перспективалы студенттерді бизнес қажеттіліктеріне тәрбиелеу;
- жаңа әзірлемелер мен технологияларды енгізу бойынша бірлесіп дөңгелек үстелдер/конференциялар өткізу;
- «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің, соның ішінде магистратура, докторантура, MBA және DBA бойынша жеңілдіктерді ескере отырып, екінші жоғары білім алу мүмкіндігі және т.б.



2022 жылы 281 адам өндірістік практикадан өтті, оның ішінде 25 адам жұмысқа орналастырылды. Практиканттардың ең көп саны орталық аппаратта, сондай-ақ Астанатранстелеком, Өскементранстелеком, Жамбылтранстелеком, Көкшетаутранстелеком филиалдарында шоғырланған.

Практика мен тағылымдамадан өтудің мақсаты білім алушыларда кәсіби қызметте іскерлік пен практикалық дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Көптеген пікірлерінде практиканттар/тағылымдамашылар «Транстелеком» АҚ-да оқу бүгінде өте беделді екенін атап өтті, өйткені дәл осы жерде сіз АТ қызметтері нарығында қажетті білім мен дағдыларды игересіз. «Транстелеком» АҚ талантты студенттер, тағылымдамадан өтушілер мен жас мамандар үшін қажетті жұмыс орнына айналады деп сенгім келеді.

Қызметкерлерді марапаттау және көтермелеу

«РЕСПУБЛИКА КҮНІ»

2022 жылы Республика күні көптеген жылдар ішінде алғаш рет 25 қазанда аталып өтті. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2022 жылдың шілдесінде мерекеге ұлттық мереке мәртебесі берілді. Осыған орай «Транстелеком» АҚ-да өңірлермен онлайн-трансляция режимінде салтанатты кеңес өткізілді. Мереке қарсаңында байланыс саласында үлкен еңбегі бар «Транстелеком» АҚ-ның 27 қызметкері Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі – ЦДИАӨМ) жоғары наградаларына ие болды.

- «Үздік байланысшы» төсбелгісімен жанқиярлық еңбегі, жоғары кәсібилігі және байланыс саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін 5 қызметкер марапатталды.
- Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің Құрмет хатымен еңбектің жоғары көрсеткіштері, қойылған міндеттерді іске асырудағы кәсіби тәжірибесі мен шеберлігі үшін 8 қызметкер марапатталды.



- Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің Алғыс хатымен кәсібилігі, адалдығы, мақсаткерлігі және тиімді жұмысы үшін 14 қызметкер марапатталды.

«БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ КҮНІ»

Жыл сайын «Транстелеком» АҚ байланыс және ақпараттандыру күні кәсіби мерекесі қарсаңында еңбек жетістіктері мен байланыс саласына қосқан елеулі үлесі үшін ведомстволық наградалармен марапатталады.

Биыл ЦДИАӨМ «Транстелеком» АҚ-ның 26 қызметкерін Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрі атынан Құрмет хаттарымен және Алғыс хаттармен атап өтті. Біз Telco және IT қызметтерін сапалы ұсыну мақсатында күнделікті жедел әрекет етуді, жедел араласуды, 24/7 қолжетімділікті қажет ететін күрделі міндеттерге тап болған әрбір қызметкердің үлесін бағалаймыз.

- «Транстелеком» АҚ-ның 16 қызметкері Құрмет хатымен марапатталды.
- «Транстелеком» АҚ-ның 10 қызметкері Алғыс хаттармен марапатталды.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ МАРАПАТТАРЫ

«Транстелеком» АҚ-да материалдық емес көтермелеу жүйесі жұмыс істейді, оның шеңберінде жыл сайын «Транстелеком» АҚ-ның Басқарма төрағасының атынан өзінің кәсіби қызметінде жоғары жетістіктері үшін айрықша көзге түскен қызметкерлер көтермеленеді.

2022 жылы «Байланыс және ақпараттандыру күні» мерекесіне орай жоғары нәтижелерге қол жеткізгені, кәсібилігі мен шеберлігі үшін «Транстелеком» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен 81 қызметкер марапатталды (оның ішінде өңірлер – 27 адам; ОА – 54 адам).



«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҮЗДІК КОМАНДАЛАРЫ БАЙҚАУЫ 2022

Сонымен қатар, «Транстелеком» АҚ-да «Байланыс және ақпараттандыру күніне» орай «Транстелеком» АҚ өңірлерінде Үздік командаға (қызмет / бригада / бөлім) конкурс өткізу дәстүрге айналды.

2020 жылы біз қатысушылар санын көбейтіп, 7 номинация бойынша конкурс өткіздік:

- **Үздік желілік-кабельдік бригада** (желілік зақымданулардың болмауы, өндірістік жоспар бойынша жұмыс көлемін орындау, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел орындау, өтінімдер бойынша орындалатын жұмыстардың сапасы, магистральдық желінің үздіксіз жұмысы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін)
- **Екінші реттік желіге қызмет көрсету бойынша үздік топ** (байланыстың кабельдік және әуе желілеріндегі зақымданулардың ең аз саны, тоқтап қалудың алдын алу, байланыстың тірегіне және жалғастырғыш муфтаны монтаждауға ең аз жұмсалған уақыт, байланыстың кабельдік және әуе желілерін сапалы ілу және төсеу, өтінімдерді өңдеу жылдамдығы және командалық жұмыстың тиімділігі үшін)
- **Станциялық жабдықты қолдау бойынша үздік қызмет** (телекоммуникация қызметтерін дамытуға қосқан көп жылғы үлесі үшін, SI-3000 АТС жабдығын баптаудағы тамаша өндірістік көрсеткіштері үшін, АТС МС-240 ЖІЖ бөлігінде жаңа идеяларды енгізу және жетілдіру, тиімді командалық жұмыс және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін)
- **Үздік ақпараттық технологиялар мен интернет желілері қызметі** (қызметтің/сервистің өмірлік циклі бойы клиенттерге тиімді қолдау көрсетуді, стратегиялық маңызды арналарды қосу бойын-

ша сапалы жұмысты, жұмыстағы жаңа әдістерді, клиенттерді жедел қосуды, тоқтап қалу тәуекелдерін азайту үшін резервтік шешімдердің болуын қамтамасыз еткені үшін)

- **КТО желілеріне қызмет көрсету бойынша үздік жобалық топ** (жоғары көрсеткіштерге ұмтылу, жұмысқа жауапкершілікпен қарау, авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жедел орындау, Тапсырыс берушінің желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, төтенше жағдайларда стандартты емес шешімдерді қолдану, «ҚазТрансОйл» АҚ жобасына қызмет көрсетуде жоғары кәсібилік үшін)
- **ИОА желілеріне қызмет көрсету бойынша үздік жобалық топ** (жоғары кәсібилігі, зақымданулардың ең аз саны, зақымдануларды тез жою, тапсырыс берушінің желісінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және «Интергаз Орталық Азия» АҚ-мен ынтымақтастықты тиімді дамыту үшін)
- **ДӨӨ пайдалану бойынша үздік жобалық топ** (ДӨӨ жабдығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін, үлкен жауапкершілік, тәртіп, клиенттерді жедел қосу, жабдықтың ақаулыққа төзімділігін және команданың жоғары жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайларда стандартты емес шешімдерді қолдану)
- **В2С сату қызметі** (жылдық сату жоспарын орындау үшін, әлеуетті серіктестерді тарту бойынша ең жақсы көрсеткіштер, жоғары жетістіктер және бизнесті/сату қызметтерін дамытуға қосқан үлесі, өнім желісін жақсы білу, нарықты дамыту және компания брендині ілгерілету бойынша белсенді жұмыс, үздік топтық жұмыс үшін)
- **Үздік В2R сату қызметі** (жылдық кіріс жоспарын орындау, жаңа клиенттерді белсенді тарту, жобаларды сәтті жүзеге асыру, қызметтерді әртараптандыру, жергілікті жерде білім беру, нарықты дамыту және компания брендині жылжыту бойынша белсенді жұмыс үшін)

- **Үздік Есеп айырысу бөлімі** (дебиторлық берешекті төмендету бойынша тиімді жұмыс істегені үшін, жұмыс істеп тұрған абоненттердің кетуін азайту, клиенттерге қызмет көрсету сапасын жоғары деңгейге дейін көтеру, есепті кезеңді уақтылы жабу және тапсырмаларды орындау сапасы үшін)
- **Үздік идея** (идеяның өзектілігі, ұтымды астық, тиімділік, көрсетілген бастама, «Транстелеком» АҚ-дағы қызмет пен процестерді жақсарту, жаңа көзқарас, шығармашылық және креативті тәсілдеме үшін)

Әр номинацияның өз критерийлері болды, олар бойынша командалардың күнтізбелік жылдағы жұмысының тиімділігі бағаланды. Конкурсқа қатысушыларды жетекшілік ететін бағыттардан (ОА) тұратын конкурстық комиссия бағалады. Конкурстың қорытындысы (жеңімпаздар) кәсіби мереке қарсаңында өңірлермен тікелей эфирде өткен салтанатты жиналыста жарияланды, онда «Транстелеком» АҚ филиалдарының 2022 үздік командалары 1, 2, 3 орын үшін сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

Сондай-ақ 2022 жылы «Транстелеком» АҚ-ның 30 қызметкері Стратегиялық жобаларды табысты жүзеге асырғаны үшін ҚР Ұлттық коммуникация және цифрландыру қауымдастығынан және Қазақстан халықтары Ассамблеясының (ҚХА) кәсіпкерлер қауымдастығынан алғыс хаттар алғанын атап өткім келеді.





САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Транстелеком» АҚ-да сатып алу «Транстелеком» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 02 қыркүйектегі шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ-ның сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі қызметтік және өндірістік қажеттілікке сүйене отырып, «Транстелеком» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің өтінімдері бойынша қалыптастырылған «Транстелеком» АҚ-ның

бекітілген бюджеті негізінде айқындалады.

Жеткізушіні таңдау «Транстелеком» АҚ-ның ішкі құжаттарымен регламенттелетін өткізілген сатып алу рәсімдерінің нәтижелері бойынша айқындалады.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу саясатына және «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін басқару қағидаларына сәйкес Конкурс тәсілімен өнім берушіні таңдау бойынша сатып алу рәсімдері электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде жүргізіледі www.eep.mitwork.kz.

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу бойынша жеткізушіні таңдау жөніндегі рәсімдер сапалы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, оңтайлы қолайлы бағаларды сатып алу мақсатында және адал бәсекелестікті ескере отырып, тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар нарығын зерделеу жолымен өндірушілерге/жеткізушілерге (дилерлерге, дистрибьютерлерге) сұрау салулар жіберіледі.

Сатып алу рәсімдерін жетілдіру және оңтайландыру мақсатында сатып алу бойынша ішкі құжаттарды өзектендіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

ЖАЛПЫ САТЫП АЛУ КӨЛЕМІ

- 40,54% Тауарлар
- 29,25% Жұмыстар
- 30,91% Қызметтер



«Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылғы жалпы сатып алу көлемі 39 186 629 мың теңгені құрады, оның ішінде 15 774 810 мың теңге сомасына тауарлар, 11 381 937

мың теңге сомасына жұмыстар және 12 029 881 мың теңге сомасына қызметтер сатып алынды. Жалпы, «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін оңтайланды-

ру, өндірістік қуаттарды дамыту және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шараларды жүргізеді.





ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғауға көзқарас

«Транстелеком» АҚ – телекоммуникациялық және IT қызметтер көрсету, жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту және пайдалану саласындағы өз қызметін жүзеге асыра отырып, «Транстелеком» АҚ-ның қызметі, кез келген басқа өндірістік қызмет сияқты, қоршаған ортаға әсер ететінін толық көлемде түсінеді.

Телекоммуникация секторы басқа салалармен салыстырғанда қоршаған ортаға салыстырмалы түрде төмен әсер етеді. «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаға, денсаулыққа, қауіпсіздікке және өмір сапасына әсер еткені үшін өзінің жауапкершілігін мойындайды. қоршаған ортаға, денсаулыққа, қауіпсіздікке және өмір сапасына әсер ету жауапкершілігін мойындайды.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ортаны сақтау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Табиғи ресурстарды құрметтеу және оларды пайдалануды азайту. Тұрақты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаға әсерді азайту.

Компания қызметінің экологиялық аспектілерін басқару экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің

маңызды бөлігі болып табылады. «Транстелеком» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған және өзінің ЭМЖ-ін үнемі жетілдіруге ұмтылады.

ЭМЖ-ді жұмыс күйінде ұстау және оның көрсеткіштерін үнемі жақсарту үшін ЭМЖ-нің ішкі құжаттары қолданылады:

- «Транстелеком» АҚ экологиялық саясаты;
- Экологиялық менеджмент саласындағы мақсаттар, міндеттер және бағдарламалар;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;
- Медициналық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулық;
- Құрамында сынабы бар жабдықтармен және материалдармен жұмыс істеу;
- Экологиялық аспектілерді (бұдан әрі – ЭА) сәйкестендіру және бағалау;
- ЭА тізілімі;
- Маңызды ЭА тізілімі;
- Нормативтік талаптардың тізілімі;
- ЭМС жөніндегі нұсқаулық.

«Транстелеком» АҚ біздің экологиялық саясатымыз бен мақсаттарымызды негізге ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы дамудың мынадай басым бағыттарын айқындады:



1. Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;
2. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізу жолымен қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету есебінен экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
3. «Транстелеком» АҚ-да тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу;
4. Қоршаған ортаға теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін «Транстелеком» АҚ қызметінің елеулі экологиялық әсерін анықтау, сондай-ақ оны төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;
5. Аумақтың өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен ластануын болдырмау.

Экологиялық аспектілерді басқару үшін корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатын және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды. «Транстелеком» АҚ келесі сертификаттарды алды ISO 14001 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған және ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес сертификатталған және өзінің ЭМЖ-ні үнемі жетілдіруге ұмтылады.

2022 жылы «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласындағы ISO 14001 стандартының талаптарына сәйкестігіне инспекциялық аудиттен өтті.

«Транстелеком» АҚ ҚР табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын қатаң сақтайды және қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағытталған бірқатар іс-шараларды үнемі іске асырады. Қоршаған ортаны қорғау шығындары бірнеше бөліктен тұрады:

- атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары, ағынды суларды ағызу кезінде ластаушы заттардың құрамы, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін экологиялық төлемдер;
- атмосфераға зиянды заттардың шекті жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобаларын әзірлеуге және атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларына рұқсат алуға, қоршаған ортаға әсерді бағалау жобаларын әзірлеуге инвестициялар.

2021-2022 жылдар кезеңінде бақылаушы органдардан ескертулер түскен жоқ.

2022 жылы экологиялық заңнаманы сақтамағаны үшін салынған айыппұл санкциялары мен басқа да қаржылық емес санкциялар жоқ.

Атмосфералық шығарындылар және климаттың өзгеруі

«Транстелеком» АҚ технологиялық жетілдірулерді ұдайы енгізе отырып және ластаушы заттар шығарындыларын қысқартуға ықпал ете отырып, біздің қызметіміздің атмосфералық ортаға теріс әсерін азайтуды қамтамасыз етуге ұмтылады. Ол үшін «Транстелеком» АҚ атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын сенімді түрде төмендететін өндірістің экологиялық таза және энергия тиімді технологияларын пайдаланады.

Экологиялық аспектіні басқару үшін «Транстелеком» АҚ-да экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылған, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді

басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. «Транстелеком» АҚ ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестікке сертифицирталған және ЭМС-ті тұрақты жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Өндірістік қызмет шеңберінде «Транстелеком» АҚ филиалдары тиісті рұқсаттар алады, сондай-ақ жыл сайын қадағалау органдарына статистикалық ақпарат беріледі.

2022 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны 933,538 тоннаны құрады және белгіленген нормативтердің мән-дерінен аспады.

2022 жылғы филиалдар бөлінісінде газ тәріздес ластаушы заттардың шығарындылары

Филиалдар	Нақты көлемі, тонна	Қоршаған ортаға эмиссия сомасы, теңге	%
ОА	23,85	257 745,5	9,5%
Астана ТТК	26,57	58 562	-7,1%
Алматы ТТК	131,252	306 111,3	4,8%
Ақтөбе ТТК	121,611	331 781,51	-6,9%
Ақтау ТТК	71,284	177 184	10,9%
Атырау ТТК	63,752	408 412,3	10,5%
Жамбыл ТТК	83,541	175 812	18,5%
Қарағанды ТТК	99,56	291 361	-2,9%
Қостанай ТТК	22,21	49 021,67	-18,5%
Көкшетау ТТК	62,203	135 196	-8,8%
Қызылорда ТТК	50,120	162 712,81	19%
Өскемен ТТК	29,621	59 512	-6,4%
Павлодар ТТК	43,254	84 621	-2,2%
Семей ТТК	37,9	73 147	-5,1%
Шымкент ТТК	66,81	129 741,91	8,2%
Жиыны	933,538	2 700 922	

2021-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ НАҚТЫ КӨЛЕМДЕРДІ САЛЫСТЫРУ

ОА	2021	2022
2021	21,944	
2022		23,85

Астана ТТК	2021	2022
2021	28,16	
2022		26,57

Алматы ТТК	2021	2022
2021	125,261	
2022		131,252

Ақтөбе ТТК	2021	2022
2021	130,651	
2022		121,611

Ақтау ТТК	2021	2022
2021	64,317	
2022		71,284

Атырау ТТК	2021	2022
2021	57,469	
2022		63,752

Жамбыл ТТК	2021	2022
2021	70,164	
2022		83,541

Қарағанды ТТК	2021	2022
2021	102,085	
2022		99,56

Қостанай ТТК	2021	2022
2021	27,57	
2022		22,21

Көкшетау ТТК	2021	2022
2021	68,011	
2022		62,203

Қызылорда ТТК	2021	2022
2021	42,662	
2022		50,12

Өскемен ТТК	2021	2022
2021	31,811	
2022		29,621

Павлодар ТТК	2021	2022
2021	44,302	
2022		43,254

Семей ТТК	2021	2022
2021	39,5	
2022		37,9

Шымкент ТТК	2021	2022
2021	61,09	
2022		66,81

2022 жылғы шығарындылар

№	Заттардың атауы	Тонна/жыл
1	Күкірт диоксиді	0,93
2	Уайт-спирит	0,41
3	Көміртек	0,30
4	Құрамында %-бен кремнийдің қос тотығы бар бейорганикалық шаң: 20-дан кем (доломит, цемент өндірісінің G680 шаңы – әктас, бор, тұқыл, шикізат қоспасы, айналатын пештердің шаңы, боксит)	0,01
5	Құрамында кремнийдің қостотығы бар бейорганикалық шаң %-бен: 70-20 (шамот, цемент, цемент өндірісінің шаңы – саз, сазды тақтатас, домна қожы, құм, клинкер, күл, кремнезем, қазақстандық кен орындарының көмір күлі)	9,5
6	Қорғасын және оның бейорганикалық қосылыстары (қорғасынға қайта есептегенде)	0,00
7	Фторлы газ тәрізді қосылыстар (фторға қайта есептегенде):	0,00
8	Этан қышқылы	0,00
9	Этанол	0,05
10	Көміртек оксиді	7,51
11	Формальдегид	0,06
12	Нашар еритін бейорганикалық фторидтер (алюминий фториді, кальций фториді, натрий гексафторалюминаты)	0,00
13	Ағаш шаңы	0,45
14	Бенз/а/пирен	0,33
15	Бутан-1-ол	0,03
16	Бутилацетат	0,06
17	Азот (II) оксиді	2,01
18	Азот (IV) диоксиді	3,14
19	C12-19 алкандары (C-ға қайта есептегенде)	1,88
20	Марганец және оның қосындылары (марганец (IV) оксидіне қайта есептегенде)	0,00
21	Метилбензол	0,03
22	Қалайы оксиді (қалайға қайта есептегенде)	0,00
23	Өлшенген заттар	0,00
24	Темір (II, III) оксидтері	0,28
25	Ксилол (o-, m-, p- изомерлерінің қоспасы)	0,08
26	Бензин (мұнай, аз күкіртті) (көміртекке қайта есептегенде)	0,00
27	Пропан-2-он	0,12
28	2-Этоксидэтанол	0,01
29	диСурьма триоксиді (сурьмаға қайта есептегенде)	0,00
30	Диметилбензол (o-,m-, p- изомерлер қоспасы)	0,18
31	Хлорэтилен	0,00
32	Қалқымалы бөлшектер PM10 (1)	0,00
33	Күкіртсутек (Дигидросульфид)	0,44
34	Оксиран	0,00
35	Абразивті шаң	0,00
36	Хлорэтилен	0,00
37	Проп-2-ен-1-аль	0,07
	Барлығы	27,88

«Транстелеком» АҚ қызметі өсімдіктер мен жануарлар әлеміне теріс әсер етпейді. «Транстелеком» АҚ-ның мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің немесе

қорықтардың аумақтарында, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан объектілері жоқ.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

«Транстелеком» АҚ ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды Директорлар кеңесіне тікелей бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) қамтамасыз етеді. ІАҚ қызметіне жетекшілік етуді «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Қызметтің басшысы мен қызметкерлерін «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі тағайындайды.

Қызметтің миссиясы «Транстелеком» АҚ-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда Директорлар кеңесі мен «Транстелеком» АҚ Басқармасына қажетті көмек көрсету болып табылады.

Қызмет жұмысының негізгі мақсаты Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке «Транстелеком» АҚ-дағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

ІАҚ туралы ережеде ІАҚ мақсаттары, өкілеттіктері мен жауапкершілігі, сондай-ақ біліктілік талаптары айқындалған. ІАҚ туралы ереже Халықаралық кәсіби стандарттар негізінде әзірленді. ІАҚ туралы ереже «Транстелеком» АҚ бизнесінің ерекше қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді.

ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы мен функционалдық есеп берушілігіне мынадай шарттармен қол жеткізіледі:

1. Директорлар кеңесінің ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен тәртібін регламенттейтін ішкі аудит саласындағы ережені және басқа да саясаттарды бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
2. Директорлар кеңесінің тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспарды бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
3. Директорлар кеңесіне (Аудит жөніндегі комитетке) жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы және жылдық есепті және ішкі аудит қызметі туралы өзге де ақпаратты ұсынуы;
4. Директорлар кеңесінің ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және жұмыскерлерін қызметке тағайындау, қызметтен босату, сыйақы беру туралы шешімдерді бекітуі (Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала қарауы);
5. Директорлар кеңесінің (Аудит жөніндегі комитеттің) ІАҚ өкілеттіктерінің елеулі шектеулерін немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға теріс әсер етуі мүмкін өзге де шектеулерді қарауы.

ІАҚ өз қызметін «Транстелеком» АҚ-ның Директорлар кеңесі жыл сайын бекітетін тәуекелге бағдарланған жылдық аудиторлық жоспардың негізінде жүзеге асырады және қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

ІАҚ қызметтің жалпы қабылданған стандарттары мен озық практикаларды қолдана отырып, ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды кезең-кезеңімен жүргізеді.

2022 жылы ІАҚ бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес 9 жоспарлы аудиторлық тексеру жүргізді.



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

«Транстелеком» АҚ-да Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты жұмыс істейді, ол «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Транстелеком» АҚ-ның басқа да органдары арасындағы корпоративтік жанжалдарды реттеу тәртібі мен рәсімдерін регламенттейді.

«Транстелеком» АҚ корпоративтік жанжалдарды, егер олар қоғамда туындауы мүмкін болса, барынша толық және тез анықтауды қамтамасыз етеді, атап айтқанда:

- корпоративтік қақтығыстарды олардың дамуының ең ерте кезеңдерінде анықтауды және оларға «Транстелеком» АҚ, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан мұқият қарауды қамтамасыз етеді;
- «Транстелеком» АҚ-ның корпоративтік хатшысына корпоративтік қақтығыстарды есепке алуды, акционерлерден келіп түскен өтініштерді, хаттар мен талаптарды тіркеуді жүзеге асыруды жүктейді. «Транстелеком» АҚ-ның корпоративтік хатшысы оларға алдын ала баға береді және осы қақтығысты қарау құзыретіне жатқызылған «Транстелеком» АҚ-ның органына береді.

Корпоративтік хатшы «Транстелеком» АҚ-ның акционерлердің өтініштерін тиісінше қарауын және акционерлердің құқықтарының бұзылуына байланысты қақтығыстарды шешуді қамтамасыз етеді. «Транстелеком» АҚ филиалдарында осындай жұмысты ұйымдастыру оларды басқаратын тұлғаларға жүктелуге тиіс. Бірақ бұл жағдайда да «Транстелеком» АҚ-ның корпоративтік хатшысы «Транстелеком» АҚ-ның филиалдарында туындаған корпоративтік қақтығыстар туралы толық ақпаратқа ие болуы тиіс, барынша қысқа мерзімде қақтығыстың мәні бойынша өз ұстанымын айқындайды, тиісті шешім қабылдайды және оны акционерлердің назарына жеткізеді.

«Транстелеком» АҚ-ның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері 2022 жылы мүдделер қақтығысына жол бермеді: жеке мүдделілік олардың өз міндеттерін тиісінше орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлар туындаған жоқ; бейтарап шешім қабылдауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы туындаған жағдайлар туындаған жоқ; мүдделілігі бар лауазымды тұлғалар осындай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.



ТЕРРОРИСТІК ҚАУІПТЕРГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңына сәйкес «Транстелеком» АҚ-да терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру бойынша мақсатты жоспарлы жұмыс жалғастырылды.

Ұйымдастыру іс-шаралары:

- 2021 жылға арналған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді;
- жаңартылған әдістемелік материалдар негізінде қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыруға өзгерістер енгізілді;
- «Транстелеком» АҚ филиалдары объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесіне талдау жүргізілді, террористік қатерлерге қарсы іс-қимыл бойынша дайындық жүргізілді;
- әзірленген және бекітілген жоспар бойынша кезең-кезеңімен «Транстелеком» АҚ-ның маңызды нысандарын техникалық жабдықтау жүргізілді.





СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

«Транстелеком» АҚ сыбайлас жемқорлық көріністерін ұлттық қауіпсіздікке төнетін жүйелі қатерлердің бірі ретінде қарастырады және құқықтық сауаттылықты және оның көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыру мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатта белгіленетін қағидаттар мен басымдықтарға бағдарланады, Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасының барлық қолданыстағы талаптарын ескереді.

«Транстелеком» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасыруда оның кез келген көріністерінде абсолютті төзбеушілік саясатын ұстанады. «Транстелеком» АҚ парақорлықтың кез келген нысандарын, оның ішінде жұмыстарды орындағаны немесе оларды ұсынған адамдардың пайдасына қызмет көрсеткені (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, жеңілдіктер не мүлдікті, физикалық немесе моральдық сипаттағы қызметтер ұсынуды немесе алуды, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздіктер) «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің өкілеттіктерінің шеңберіне кіретін болса, қабылдамайды. Болашақта тараптардың қандай да бір міндеттемелеріне әкеп соғуы мүмкін қонақжайлылық белгілерін немесе сыйлықтарды көрсетпейді және қабылдамайды. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жұмыстан шығарылуға және жауапқа тартылуға жатады.

2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша басқа да нормативтік ак-

тілерінің маңызды ерекшелігі кәсіпкерлік қызметті сыбайлас жемқорлық сын-тегеуріндерден қорғау туралы кепілдіктерден басқа, кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүзеге асыратын субъектілерге жатқызылғаны болып табылады, демек, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды оқшаулау бойынша шаралар қабылдауға міндетті.

2015 жылғы қарашада «Транстелеком» АҚ-да бекітілген Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес компания қызметкерлері оның қағидаттарын мүлтіксіз сақтауы және басшылыққа алуы тиіс:

- заңдылық;
- адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінің қызметіндегі жариялылық пен ашықтық;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылықтың бұлтартпастығы;
- «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінде лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде адалдық және сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін, алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын құқықтық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихатты жүзеге асыру;
- саяси, ұйымдастырушылық, ақпараттық-насихаттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды кешенді пайдалану;
- Компаниямен, мемлекеттік органдармен, «Транстелеком» АҚ-ның контрагенттерімен алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық.

Саясаттың міндеттері:

- құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу;
- «Транстелеком» АҚ қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;
- алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою.

Сатып алуларды өткізу кезінде, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қарым-қатынас кезінде корпоративтік басқару, серіктестермен, контрагенттермен және клиенттермен өзара іс-қимыл салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша практикалық шараларды іске асыру мақсатында «Транстелеком» АҚ мынадай шараларды қабылдайды:

- барлық қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне жол бермеу бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары жеткізіледі;
- сатып алу және қызмет көрсету кезінде бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- оларды ұйымдастыру және жүргізу процестерін автоматтандыруға арналған заманауи ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, сатып алу, жариялылық және қатыстылық жоспарлары уақтылы қамтамасыз етіледі.

2016 жылдан бастап «Транстелеком» АҚ-да «Сенім телефоны» жұмыс істейді, оған компанияның қызметкерлері мен іскерлік серіктестері жүгініп, сыбайлас жемқорлық, алаяқтық көріністерінің, қаржы-бухгалтерлік және кадрлық жұмыстағы бұзушылықтардың болуы мүмкін фактілері туралы жеке немесе жасырын негізде хабарлайды. Сенім телефонына негізделген барлық бұзушылық фактілері бойынша «Транстелеком» АҚ басшыларына дереу хабарланады және шаралар қабылданады.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ауыстыру кезінде нормативтік актілерге сәйкес бос лауазымдарға конкурстық іріктеу рәсімдерінің жариялылығын, ашықтығын және айқындығын қамтамасыз етуге бақылау жүргізіледі. Конкурстық іріктеудің қорытындылары туралы ақпарат ресми сайтта орналастырылады.

«Транстелеком» АҚ өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын сақтайды және сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністерінде ымырасыз қарсы іс-қимылға және сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқаруға күш салады. «Транстелеком» АҚ контрагенттерімен жасалған шарттар тараптар мен олардың қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерін қамтиды: тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

«Транстелеком» АҚ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған ескерту-алдын алу жұмыстарына көп көңіл бөлінеді.

«Транстелеком» АҚ-да «Транстелеком» АҚ АЖ-ны пайдалана отырып, «Жедел желі» жұмысы ұйымдастырылды, «Транстелеком» АҚ-ның барлық мүдделі тұлғаларына заңнаманы, реттеуші талаптарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық және этика мәселелері бойынша ішкі саясат пен рәсімдерді нақты немесе болжамды бұзушылықтарға қатысты өз алаңдаушылықтары туралы хабарлауға мүмкіндік беріледі. Оларға хабарламаны құпия және анонимді негізде жіберу мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте құпиялылық пен анонимділікке кепілдік беріледі.



РЕЖИМДІК, КҮЗЕТ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ

- «Транстелеком» АҚ филиалдарының ғимараттарына кіруді бақылау және басқару жүйесі жұмыс істейді, жаңадан қабылданған қызметкерлерге электрондық қолжетімділік карталары беріледі;
- «Транстелеком» АҚ объектілерінде тәулік бойы жұмыс істейтін және күндізгі физикалық күзет бекеттері орнатылды;
- ай сайын әкімшілік ғимараттар, аумақтар және желілік-кабельдік шаруашылық объектілерінің қоршауының жай-күйіне бөгде заттарды анықтау тұрғысынан тексеру жүргізіледі;
- объектілер заманауи инженерлік-техникалық күзет жабдықтарымен, кіруді басқару және бақылау және бейнебақылау жүйесімен жабдықталады;
- әкімшілік ғимараттар объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорттары әзірленді және бекітілді;
- ай сайын террористік сипаттағы қауіп-қатер туындаған жағдайда жұмыс істейтін персоналды іс-қимылдарға оқыту бойынша жоспарлы сабақтар өткізіледі;
- «Транстелеком» АҚ объектілерінде қауіп төнген немесе террористік акт жасалған жағдайда хабарлау схемалары мен тізімдері түзетіледі және жаңартылады.



ТЕХНИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

- түнгі уақытта объектілердің аумағын жарықтандыру құралдарының жарамдылығы тұрақты негізде қамтамасыз етіледі;
- антитеррористік қорғау тақырыбына үгіт-насихат жаңартылуда;
- ай сайын күзет дабылдағышының жұмысқа қабілеттілігі тексеріледі;
- «Транстелеком» АҚ филиалдарында бар жеке қорғаныс құралдарының жай-күйі тоқсан сайын тексеріледі профилактика жүргізіледі;
- ай сайын жертөле, шатыр үй-жайларын және «Транстелеком» АҚ филиалдарының іргелес аумақтарын тексеру жүргізіледі;
- байланыстың желілік құрылыстарына бөгде заттардың болуына мерзімді тексеру жүргізіледі.

ҚР 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының орындалуын қамтамасыз ету

Діни төзімділікті, өзара сыйластықты дарытуға және діни экстремизмге жол бермеуге бағытталған насихат жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Аталған жұмыс аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

- діни экстремизмге және терроризмге қарсы күрестің нормативтік-құқықтық базасын зерделеу жөніндегі сабақтар мен дәрістер;
- филиалдардың шағын станцияларында қызметкерлермен және жас мамандармен терроризмге қарсы қорғалу және діни экстремизмнің алдын алу бойынша сабақтар;
- тұрақты негізде «Транстелеком» АҚ объектілеріне террористік және экстремистік сипаттағы әдебиеттің енуіне жол бермеу бойынша бақылау жүзеге асырылды;
- ҚР Еңбек кодексінің талаптарын, ҚР Әкімшілік бұзушылықтар туралы кодексінің баптарын және ҚР Қылмыстық кодексінің баптарын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV заңдарын түсіндіре отырып, филиалдар бөлімшелеріндегі діни ахуалды зерделеу.



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІС-ШАРАЛАРЫ

Азаматтық қорғау (азаматтық қорғаныс) іс-шараларын орындау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі:

- ОА және «Астанатранстелеком» филиалы бойынша кешенді оқу-жаттығу ұйымдастырылды және өткізілді (2022 жылғы 16 наурыз);
- ОА және «Астанатранстелеком» филиалының Астана қаласындағы ТЖ-ға ден қою бойынша тактикалық-арнайы оқу-жаттығуы ұйымдастырылды және өткізілді (2022 жылғы 16 қыркүйек).

2022 жылдың сәуір, қазан айларында ОА-да Азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау өтті (бақылаушы – Астана қ. ТЖД). Бұзушылықтар анықталған жоқ, айыппұл санкциялары салынған жоқ.

«Транстелеком» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізілуде.

«Транстелеком» АҚ-ның 15 қызметкерін азаматтық қорғаныс курстарында оқыту ұйымдастырылды.



ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР

«Транстелеком» АҚ-ның қызметі қалыптасатын негізгі корпоративтік құндылықтар оның қызметкерлерінің әдептілігі, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың жұмысының тиімділігі, өзара көмек, бір-біріне, мүдделі тұлғаларға және тұтастай «Транстелеком» АҚ-ға құрмет болып табылады.

«Транстелеком» АҚ іскерлік этиканың мынадай қағидастарын басшылыққа алады:

- адалдық;
- әділдік;
- адал ниеттілік;
- ашықтық;
- жауапкершілік.

«Транстелеком» АҚ-ның іскерлік этика кодексі «Транстелеком» АҚ-ның корпоративтік мәдениетін қалыптастыратын және корпоративтік құндылықтарын бекітетін ішкі нормативтік құжат болып табылады. Кодекс «Транстелеком» АҚ мен оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының неғұрлым маңызды қағидаларын, корпоратившілік өзара қарым-қатынастардың этикалық нормаларын, әлеуметтік жауапкершілікті, сондай-ақ корпоративтік басқарудың іскерлік этикасы мәселелерін айқындайды.

Іскерлік әдеп кодексі корпоративтік басқарудың үздік қазақстандық және шетелдік практикаларының тәжірибесін ескере отырып, жалпы қабылданған іскерлік әдеп нормалары негізінде әзірленді.

Кодекс «Транстелеком» АҚ-ның барлық қызметкерлері (филиалдардың қызметкерлерін қоса алғанда) мен оның басқару органдарының мүшелері үшін міндетті сипатқа ие.

Компаниямен жасалған азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ тапсырмаларды орындайтын агенттер болып табылатын не үшінші тұлғалардың алдында «Транстелеком» АҚ-ның атынан өкілдік ететін мердігерлер мен консультанттар үшін, егер олардың әрекеттері «Транстелеком» АҚ атынан жүзеге асырылатын болса, Кодекс қолда бар міндеттемелердің мәніне қайшы келмейтін бөлігінде ұсынымдық сипатқа ие болады.

Кодекстің ережелері қолданыстағы заңнамаға қатысты бағынышты мәнге ие және даулы мәселелерді шешу кезінде ескерілуі мүмкін.



ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР

Телекоммуникация қызметтері нарығындағы «Транстелеком» АҚ негізгі міндеттерінің бірі телекоммуникация қызметтерін ұсынатын операторға пайдаланушының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында сапалы қызмет көрсету болып табылады. Бұл үшін қызметтердің сапасын арттыруға және оны нормативтік деңгейде қолдауға бағытталған ұйымдастыру іс-шараларын енгізу қажет (қызметтердің сапасын басқару жүйелерін әзірлеу және енгізу, қызметтердің сапасын бақылаудың міндетті рәсімдерін жетілдіру, «Транстелеком» АҚ-ның телекоммуникация қызметтерін пайдаланатын азаматтардың шағымдарын (өтініштерін) есепке алуды дұрыс ұйымдастыру және т.б.).

«Транстелеком» АҚ-ға жүгінген кезде жеке және заңды тұлғалармен жұмысты одан әрі жетілдіру, олардың өтініштерін жедел және объективті қарау және уақтылы ден қою мақсатында «Өтініштерді (өтініштерді, ұсыныстар мен шағымдарды) есепке алу және қарау тәртібі» нұсқаулығы, сондай-ақ «Шағымдарды басқару процесі» нұсқаулығы әзірленді. Телекоммуникациялардың ұсынылатын қызметтерінің сапасы, жеке және заңды тұлғалардың барлық өтініштері «Транстелеком» АҚ-ның бақылауында болады, жүйелі түрде талданады және бағаланады. «Транстелеком» АҚ-ның ОА/ТКТК-на тікелей өтініш берушілер немесе әртүрлі адресаттар (мемлекеттік органдар және басқа да заңды тұлғалар) жолдаған шағым сипатындағы барлық ауызша және жазбаша өтініштер есепке алуға жатады.

БӘСЕКЕЛЕСТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



«Транстелеком» АҚ жосықсыз бәсекелестік пен үстем жағдайды теріс пайдалану фактілеріне жол бермей, монополияға қарсы заңнаманы мүлтіксіз сақтай отырып және бәсекелестерге қатысты өткір мәлімдемелерге жол бермей, өзара сыйластық және өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарында бәсекелестермен қатынастар орнатады.

«Транстелеком» АҚ қызметкерлері бәсекелестердің өнімдері мен қызметтерін негізсіз сынға алуға құқылы емес, ал олармен қарым-қатынас қиын болған жағдайда олар тікелей менеджерлердің нұсқауларын басшылыққа алуы керек.



САПАНЫ БАСҚАРУ

Біріктірілген менеджмент жүйесі

Клиенттерге бар қызметтерді ұсына отырып және жаңа ақпараттық-коммуникациялық сервистерді дамыта отырып, «Транстелеком» АҚ дәстүрлі түрде оларға нарықтағы бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету үшін өз қызметтерінің сапа деңгейіне елеулі назар аударады.

Біздің компания ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 50001:2018, ISO/IEC 20000-1:2018, СТ РК ISO/IEC 27001-2015, ISO 45001:2018 менеджмент жүйелері саласында басқару жүйесін дамыту және жұмыс жағдайында қолдау есебінен корпоративтік басқарудың халықаралық талаптарына және менеджменттің озық технологияларына сәйкес келуге ұмтылады.

«Транстелеком» АҚ 2022 жылы мыналардан өтті:

- ISO/IEC 20000-1 халықаралық стандартының және ҚР Ұлттық СТ ISO/IEC 20000-1 «IT-сервистерді басқару жүйесі» талаптарына сәйкестігіне қайта сертификаттау аудиті;
- ҚР СТ ISO/IEC 27001 «Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі» ұлттық стандартының талаптарына сәйкестігіне қайта сертификаттау аудиті;
- ISO 45001 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке қайта сертификаттау аудиті және «Кәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы менеджмент жүйесі» ҚР Ұлттық СТ ISO 45001 талаптарына сәйкестікке инспекциялық аудит;
- ISO 9001 халықаралық стандарты және ҚР Ұлттық СТ ISO 9001 «Сапа менеджменті жүйесі» нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті;

- ISO 14001 халықаралық стандартының және ҚР ұлттық СТ ISO 14001 «Экологиялық менеджмент жүйесі» нұсқасы бойынша инспекциялық аудит өтті;
- ISO 50001 және ҚР СТ ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» стандарттарының жаңа нұсқасына көшті.

Сертификаттық аудит нәтижелері бойынша келесі сертификаттар алынды:

- IQNet сертификаттау жөніндегі органдардың халықаралық қауымдастығының мүшесі болып табылатын «Еуразия орыс тіркелімі» сертификаттау қауымдастығы берген ISO/IEC 20000-1:2018 «IT-сервистерді басқару жүйесі» стандартының талаптарына сәйкестіктің халықаралық сертификаты;
- «Қазақстандық сапа орталығы» сертификаттаушы органы берген ISO/IEC 20000-1:2016 «IT-сервистерді басқару жүйесі» стандартының талаптарына сәйкестіктің Ұлттық сертификаты;
- «Еуразия орыс тіркелімі» сертификаттау қауымдастығы берген ISO 45001:2018 «Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы менеджмент жүйесі» стандартының талаптарына сәйкестіктің халықаралық сертификаты;
- «Қазақстандық сапа орталығы» сертификаттаушы органы берген «Ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі» ISO/IEC 27001-2015 стандартының талаптарына сәйкестіктің Ұлттық сертификаты.

Қайта сертификаттау және инспекциялық аудиттердің нәтижелері бойынша «Транстелеком» АҚ халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестігін сәтті өтті және растады, ал алынған сертификаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде тіркелген.

БМЖ дамыту «Транстелеком» АҚ Сапа саласындағы саясатында, Экология саласындағы саясатта, Энергетикалық саясатта, Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы саясатта және Еңбек қауіпсіздігі мен Еңбекті қорғау саласындағы саясатта айқындалған мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Сертифи-

каттар бүкіл «Транстелеком» АҚ-ның менеджмент жүйесіне қолданылады. ISO 9000 сериялы стандарттары қызмет сапасына емес, клиенттердің қызмет сапасына қанағаттануына байланысты мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйесіне талап етеді. Қазіргі уақытта осы серияның ISO стандарттары ең көп таралған – олар бүкіл әлемде танылған және 164-тен астам елде ұлттық стандарттар ретінде қабылданған.

Сертификаттардың болуы «Транстелеком» АҚ-ың тұтынушылардың талаптарына сәйкес келетін қызметтерді көрсете алатындығын куәландырады және бизнестің тиімді және табысты дамуына жәрдемде-

БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ ІШКІ АУДИТІ

Біріктірілген менеджмент жүйесінің (бұдан әрі – БМЖ) ішкі аудитінің нәтижелілігі процестерді өлшеу, талдау және түзету арқылы жүйенің жұмыс істеуіне тұрақты мониторинг жүргізу жолымен қамтамасыз етіледі. Есепті жылы сертификатталған БМЖ одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылды.

ISO 9001, ISO 14001, ISO 50001, ISO/IEC 20000-1, ISO/IEC 27001-1, ISO 45001 стандарттарының талаптарына сәйкес ұйым БМЖ жоспарланған іс-шараларға және осы стандарттың талаптарына және ұйым белгілеген МИЖ талаптарына сәйкес келетінін, сондай-ақ оны енгізу және жұмыс күйінде ұстау нәтижелілігін анықтау үшін ішкі аудиттер жүргізуі керек.

Стандарттардың талаптарын орындау үшін 2022 жылға арналған БМЖ ішкі аудиттерін жүргізу кестесі әзірленді және бекітілді.

«БМЖ ішкі аудит жүргізу кестесін бекіту туралы» ішкі бақылау жөніндегі Атқарушы директордың бұйрығына сәйкес филиалдарда ішкі аудит жүргізілді:

седі, бұл нарықтың әртүрлі сегменттерінде көшбасшы позицияларды алу және ұстап тұру үшін маңызды.

«Транстелеком» АҚ-да сертификатталған қызметтердің болуы «Транстелеком» АҚ телекоммуникация, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласында тұтынушылардың талаптарына жауап беретін және техникалық нормалар мен стандарттарға сәйкес келетін кепілдік берілген жоғары сапалы қызметтерді ұсынатынын қосымша растау болып табылады.

Жыл сайын менеджмент жүйелері бойынша инспекциялық аудит жүргізіледі.

- **Астанатранстелеком»;**
- **«Алматытранстелеком»;**
- **«Ақтөбетранстелеком»;**
- **«Павлодартранстелеком»;**
- **«Қызылордартранстелеком»;**
- **«Семейтранстелеком»;**
- **«Шымкенттранстелеком».**

Кесте негізінде «Транстелеком» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі аудит жүргізу жоспары бекітілді.

Ішкі аудиттерді жүргізу нәтижелері бойынша аудиттелетін тарапқа «Транстелеком» АҚ-ның әрбір тексерілген Филиалы бойынша есептер жасалды және ұсынылды. Анықталған ауытқулар бойынша Ауытқу себептерін жою бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары, сондай-ақ түзету іс-шараларының жоспарын орындау бойынша есептер дайындалды.

БМЖ іс-әрекетте сақталады, үнемі жақсарту принципіне сәйкес дамиды және тұтастай алғанда тиімді және аудит критерийлеріне сәйкес келеді.



ТІРКЕУШІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Толық атауы:

«Бағалы қағаздардың орталық
депозитарийі» акционерлік қоғамы.

Пошталық мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,
050051, Алматы қаласы,
«Самал-1» шағын ауданы, 28 ғимарат.

Тел.: +7 (727) 262 08 46

Факс: +7 (727) 355 47 60

«Жедел желі» телефоны 8 800 080 86 68
(қалалық және ұялы телефондардан ҚР
бойынша қоңырау шалу – тегін)

E-mail: kacd@kacd.kz



АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының 2020 жылғы 9 қарашадағы шешімімен 2020 жылғы, 2021 жылғы, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Транстелеком» АҚ қаржылық есептілігіне қатысты аудитті жүзеге асыратын «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС аудиторлық ұйымы айқындалды.

ЕУ аудит, салық салу, мәмілелерді сүйемелдеу және кеңес беру саласында халықаралық көшбасшы болып табылады. Аудиторлық ұйым қызметінің тәжірибесі мен сапасы қоғамның әлемнің түрлі елдеріндегі капитал нарығы мен экономикаға деген сенімін нығайтуға көмектеседі.

1992 жылы «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС Қазақстанда түрлі индустрияларда жұмыс істейтін трансұлттық корпорацияларды, ұлттық және жеке компанияларды қоса алғанда, көптеген ұйымдарға аудиторлық және консалтингтік қызметтер көрсете бастады. Бүгінде Қазақстандағы «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС-нің 700-ден астам қызметкері бар және Алматы, Астана және Атырау қалаларында орналасқан үш кеңсесі бар. Қазақстанда «ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС 85-тен астам кәсіби қызмет түрлерін көрсетеді.

Тәуелсіз аудитордың қорытындысы

«ЭРНСТ ЭНД ЯНГ» ЖШС сыртқы аудиторының пікірінше, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Транстелеком» АҚ қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерде және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы ұсынылған.



ҚОСЫМШАЛАР

27 765 абонент

Жеке тұлғалардың тіркелген
желілерінің саны



98 550 порт

Бекітілген ҚЖҚ
порттарының саны



17 572 абонент

Ақылы TV қосылу
нүктелерінің саны



Астана қ. Вектор-2000 телеграф коммутациялық серверін Алматы қ. және Ақтөбе қ. БТК Вектор-ВТ телеграф шлюздерін орната отырып жаңғырту жүзеге асырылды





ҚОСЫМШАЛАР

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨТІНІШІ

Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес көрсетілген күні аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістерді нақты көрсететін «Транстелеком» АҚ («Компания») қаржылық есептілігін дайындауға жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға жауапты болады:

- Дұрыс таңдауды қамтамасыз ету және есеп саясатының принциптерін қолдану;
- Ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығын және түсінікті болуын қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге оқиғалар немесе шарттар Компания қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәти-

желеріне әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу үшін;

- Компанияның жақын болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сондай-ақ:

- Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау үшін;
- Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Компанияның қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдіктегі ақпаратты ұсынуға және қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу үшін;
- ХҚЕС және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу үшін;
- Компания активтерінің сақталығын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды мүмкін болатын шараларды қабылдау үшін; және
- қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және алдын алу үшін жауапты болады.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ



«Эрнст энд Янг» ЖШС
 Әл-Фараби д-лы, 77/7
 «Есетай Тауэр» ғимараты
 Алматы қ., 050060
 Қазақстан Республикасы
 Тел.: +7 727 258 59 60
 Факс: +7 727 258 59 61
 www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
 пр. Аль-Фараби, д. 77/7
 здание «Есетай Тауэр»
 г. Алматы, 050060
 Республика Казахстан
 Тел.: +7 727 258 59 60
 Факс: +7 727 258 59 61
 www.ey.com

Ernst & Young LLP
 Al-Farabi ave., 77/7
 Esentai Tower
 Almaty, 050060
 Republic of Kazakhstan
 Tel.: +7 727 258 59 60
 Fax: +7 727 258 59 61
 www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Транстелеком» акционерлік қоғамның Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Транстелеком» акционерлік қоғамның (бұдан әрі - «Ұйым») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Ұйымның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Ұйымға қатысты біз тәуелсіздік және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Қызметтің үздіксіздігіне қатысты елеулі белгісіздік

Біз Ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның айналымдағы активтерінен асып түсетінін көрсететін қаржылық есептіліктің 3-ескертпесіне назар аударамыз. Қаржылық есептіліктің 3-ескертпесінде көрсетілгендей, бұл талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде едәуір күмән туғызуды мүмкін елеулі белгісіздіктің болуына нұсқайды.

Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.



Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі

Тиісті шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды

Түсімді мойындау

3-ескертпеде көрсетілгендей, Ұйым телекоммуникациялық қызметтердің, АТ қызметтерінің көрсетілуінен, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жөніндегі ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудан түскен түсімді таниды. Ұйым бір мәміле тауарлардың жеткізілуін және қызметтердің көрсетілуін қамти алғанда, сатып алушылармен орындалуға жататын бірнеше міндетті қамтитын шарттарды жасайды.

Тауарлар мен қызметтерге бақылау жасау сатып алушыға өткенде түсім танылады. Шарттық талаптардың көптігі мен әр алуандығы, баға белгілеудің түрлі элементтері мен түсім басшылықтың жосықсыз әрекеттерінің салдарынан бұрмалануы мүмкін екендігі тәуекелі салдарынан түсімнің танылуы күрделі деп саналады және басшылықтың айтарлықтай пайымдауларын қажет етеді.

Сонымен қатар телекоммуникациялық қызметтерді көрсетуден түскен түсімді танумен және бағалаумен байланысты едәуір бұрмалану тәуекелі бар, өйткені Ұйым пайдаланатын биллинг жүйелері күрделі болып табылады.

Кірістің түрлі ағындарын тану процесі туралы түсінікке ие болдық.

Біз орындалған жұмыс актісінде көрсетілген бақылаудың берілу күнін түсім танылған күнмен салыстырдық. Біз шарттардың құнын танылған түсім сомасымен салыстырдық. Біз шарттарда орындалуға жататын түрлі міндеттер арасында түсімнің қалай бөлінетіндігін тестіледік.

Біз, түсімнің ай сайынғы талдауы мен түсімнің негізгі көрсеткіштеріндегі өзгерістердің талдауын қоса алғанда, талдау рәсімдерін орындадық, қаржы және қаржылық емес деректерді салыстырдық. Сондай-ақ біз түсімді танудың уақтылығын бағаладық.

Біз тиісті АТ жүйелері мен ішкі бақылау құралдарының дизайнын қарастырдық және биллинг жүйелерінде түсім бойынша деректерді жинауда және операцияларды есепке алуда ішкі бақылау құралдарының операциялық тиімділігін тестіледік; биллинг жүйесінде қолданылған тарифтік мөлшерлемелердің шарт талаптарына сәйкестігі; және клиенттерге көрсетілген телекоммуникациялық қызметтерден түскен түсім сомасын есептедік.



Сондай-ақ, Ұйым атқару міндетінің орындалу дәрежесін бағалау негізінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау жөніндегі ұзақ мерзімді жобаларды іске асырудан түскен түсімді таниды, бұнда оны анықтау үшін Ұйым басшылығы жалпы түсімді және ұзақ мерзімді жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындарды болжауды және шарттар бойынша түсімнің жалпы сомасын пайдалану міндеттеріне бөлуді білдіретін ресурстар әдісін пайдаланады.

Осылайша, біз бұл мәселені аудитіміз үшін барынша маңызды мәселелердің бірі ретінде айқындадық.

Түсімді тану және Басшылық қолданған пайымдаулар бойынша есеп саясатына қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуі қаржылық есептіліктің 3 және 4-ескертпелеріне қосылған.

Біз жобаларды аяқтауға, жобаларды аяқтау пайызына, жоспарды кірістер, сол сияқты шығыстар бойынша іс жүзіндегі деректермен салыстыруға, сондай-ақ шығынды жобалар бойынша келешек шығындар резервтеріне болжамды залалдарды айқындау кезінде басшылықтың жорамалдарын бағаладық. Біз орындалған жұмыс актілеріндегі сомаларды кезең ішінде танылған түсім сомаларымен салыстырдық. Біз ұзақ мерзімді жобалардың жай-күйін бағалау үшін негізгі шарттардың талаптары мен болған шығындарды зерделедік.

Біз түсімнің тиісті кезеңде танылатындығын анықтау үшін жыл соңына дейін және кейін тікелей танылған түсімді бағаладық.

Біз Ұйым таңдаған және қолданатын түсімді тануға қатысты есеп саясатын және 15 ХҚЕС-тің талаптарын ескере отырып түсімге қатысты ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Біз қаржылық есептіліктің 22-ескертпесінде ақпараттың ашылып көрсетілуін сараладық.

Несие келісімдері бойынша ковенанттарды сақтамау

Несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Ұйым белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды сақтауы тиіс. Біз ковенанттарды орындау қаржылық міндеттемелердің маңыздылығына, сондай-ақ 2022 жылы орын алған ковенанттардың бұзылуына байланысты аудиттің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады деп есептейміз, нәтижесінде Ұйым 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепте қысқа мерзімді міндеттемелердің құрамына кейбір қарыздар мен облигацияларды енгізді.

Ковенанттар бойынша талаптарды орындамау туралы ақпарат қаржылық есептіліктің 14 және 15-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.

Біз несие келісімдерінің талаптарын зерделеп, қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды, мерзімінен бұрын өтеу талаптары мен дефолт оқиғаларын сараладық. Біз басшылықтың есептеулерін бағалап, олардың математикалық дәлдігін тексердік. Біз есептеулерде қолданылатын деректерді қаржылық есептілікпен салыстырдық.

Біз қарыздар мен облигациялардың жіктелуін бұзылған ковенанттар мен алынған босату хаттарын ескере отырып, ағымдағы немесе ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде бағаладық.

Біз Ұйымның қаржылық есептілігіндегі міндеттемелер бойынша ковенанттардың орындалмауына қатысты ашып көрсетуді сараладық.



Маңызды жағдайлар

Біз қаржылық есептіліктің 26-ескертпесіне назарыңызды аудартамыз, онда Ұйымның байланысты тараптармен жасалған операцияларының едәуір көлемі сипатталған. Біз осы мәселеге орай түрлендірілген пікірімізді білдіріп отырған жоқпыз.

Ұйымның 2022 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Ұйымның 2022 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Ұйымның 2022 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп шығарылғаннан кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымәйтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Ұйымды таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Ұйымның қаржылық есептілігін дайындау процесіне қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Ұйымның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде оңдайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Адиль Сыздықов.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздықов
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік күәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2023 жылғы 21 сәуір



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия: сериясы МФЮ-2, № 0000003,
Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	151.255.483	145.756.135
Берілген ұзақ мерзімді аванстар	7	4.942.449	5.988.288
Материалдық емес активтер	6	5.679.558	4.892.657
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	8	276.452	291.312
		162.153.942	156.928.392
Қысқа мерзімді активтер			
Тауарлық-материалдық қорлар	11	5.839.892	2.428.605
Байланысты тараптардың сауда дебиторлық берешегі	26	13.469.365	10.629.297
Үшінші тараптардың сауда дебиторлық берешегі	9	9.288.857	10.445.482
Шарттар бойынша активтер	9	3.055.691	-
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		-	238.995
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		196.428	445.891
Өзге де қысқа мерзімді активтер	10	7.651.925	7.927.911
Берілген аванстар	7	3.103.149	2.757.221
Ақша қаражаты және оның баламалары	12	15.278.187	6.888.249
		57.883.494	41.761.651
Активтер жиыны		220.037.436	198.690.043
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Акционерлік капитал	13	12.241.487	12.241.487
Бөлінбеген пайда		12.525.168	23.624.580
		24.766.655	35.866.067
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	2.811.537	24.185.249
Шығарылған облигациялар	15	14.748.188	24.000.550
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	913.666	1.307.592
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер		626.978	650.278
Сауда кредиторлық берешек	18	30.333.287	53.869.328
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	1.157.331	1.315.176
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	20	4.373.858	6.405.770
		54.964.845	111.733.943
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	14	34.412.771	9.797.903
Шығарылған облигациялар	15	10.157.678	773.165
Жалдау бойынша міндеттемелер	16	435.691	526.915
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер		81.237	48.620
Сауда кредиторлық берешек	18	85.588.293	33.651.809
Дивидендтер бойынша берешек	13	-	2.469.517
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	17	7.681.083	1.155.252
Төленуі тиіс салықтар және өзге де міндетті төлемдер		403.264	338.549
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	19	1.545.919	2.328.303
		140.305.936	51.090.033
Міндеттемелер жиыны		195.270.781	162.823.976
Капитал және міндеттемелер жиыны		220.037.436	198.690.043



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Түсім	21	81.535.010	84.479.365
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	21	127.768	135.943
Өзіндік құны	22	(67.344.354)	(58.428.982)
Жалпы пайда		14.318.424	26.186.326
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(8.017.666)	(7.340.940)
Негізгі қызметтен түскен пайда		6.300.758	18.845.386
Қаржылық кірістер	24	13.862.513	863.991
Қаржылық шығыстар	25	(15.548.436)	(11.798.508)
Теріс бағамдық айырмашылық		(17.946.745)	(1.334.755)
Негізгі құралдардың құнсыздануы		-	(135.733)
Басқа кірістер/(шығыстар), нетто		171.246	(29.895)
(Залал)/салық салуға дейінгі пайда		(13.160.664)	6.410.486
Табыс салығы бойынша үнемдеу / (шығыстар)	20	2.031.912	(1.587.337)
(Залал)/бір жылдағы пайда		(11.128.752)	4.823.149
Табыс салығын шегергендегі басқа жиынтық табыс/(залал)			
Пайдаға немесе залалға кейіннен қайта жіктеуге жатпайтын баптар			
Белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарының міндеттемелерін қайта бағалау		29.340	(37.903)
Бір жылдағы жиынтық (залал)/кіріс жиыны		(11.099.412)	4.785.246
(Залал)/акцияға шаққандағы пайда			
Бас компанияның жай акцияларын ұстаушыларға тиесілі базалық және бытыраңқы (залал)/жыл ішіндегі пайда (теңгемен)	13	(1.973,85)	855,45

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Акционерлік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	12.241.487	18.839.334	31.080.821
Бір жылдағы пайда	-	4.823.149	4.823.149
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал	-	(37.903)	(37.903)
Бір жылдағы жиынтық кірістің жиыны	-	4.785.246	4.785.246
2021 жылғы 31 желтоқсанға	12.241.487	23.624.580	35.866.067
Бір жылдағы залал	-	(11.128.752)	(11.128.752)
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс	-	29.340	29.340
Бір жылдағы жиынтық залалдың жиыны	-	(11.099.412)	(11.099.412)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	12.241.487	12.525.168	24.766.655

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескертпе	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы			
(Залал)/салық салуға дейінгі пайда		(13.160.664)	6.410.486
Түзетулер:			
Амортизацияны	22, 23	14.341.885	16.449.617
Қаржылық шығыстар	25	15.548.436	11.798.508
Қаржылық кірістер	24	(13.862.513)	(863.991)
Ескірген тауарлық материалдық қорлар бойынша резервті есептеу/ (қалпына келтіру)	23	149.964	(45.653)
Берілген аванстардың, өзге де қысқа мерзімді активтердің, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына резервті есептеу/ (қалпына келтіру)	23	24.705	(804.172)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған залал, нетто		173.903	201.294
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер бойынша шығыстар		96.127	68.343
Салықтық тексеру бойынша шығыстарды есептеу		-	20.571
Теріс бағамдық айырмашылық		17.946.745	1.333.699
(Қалпына келтіру)/басшы персоналға сыйақы бойынша резервті есептеу	23	(800.904)	603.935
(Қалпына келтіру)/дебиторлық берешекке күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті есептеу	23	(397.334)	1.032.822
Басқа ұзақ мерзімді активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға резервті есептеу/ (қалпына келтіру)	23	40	(2.830)
Негізгі құралдардың құнсыздануы		-	135.733
Ақшалай қаражатқа және олардың баламаларына күтілетін кредиттік залалдарға резервті есептеу		142.156	33.553
Операциялық қызметтен айналым капиталындағы және басқа баптардағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражаттарының қозғалысы		20.202.546	36.371.915
Айналым капиталындағы және басқа баптардағы өзгерістер			
Сауда дебиторлық берешектің өзгеруі		(3.915.271)	(7.388.939)
Тауар-материалдық қорлардың өзгеруі		(3.635.317)	(1.380.075)
Берілген аванстарды өзгерту		(370.633)	864.009
Басқа қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің өзгеруі		2.296.979	994.453
Сауда кредиторлық берешектің өзгеруі		16.547.786	2.136.816
Төленуі тиіс салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді өзгерту		590.069	424.925
Алынған аванстарды өзгерту		6.248.071	(775.545)
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелерді өзгерту		44.664	44.666
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелерді өзгерту		(90.087)	(53.229)
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты		37.918.807	31.238.996
Қарыздар мен жалдау міндеттемелері бойынша төленген пайыздар	27	(4.222.914)	(5.087.417)
Облигациялар бойынша төленген купондық сыйақы	27	(3.100.100)	(1.150.000)
Қарыздар мен облигациялар бойынша төленген комиссиялар		-	(276.997)
Алынған пайыздар		-	392.921
Төленген табыс салығы		(194.655)	(619.344)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты		30.401.138	24.498.159

АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу, сондай-ақ ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға аванстарды төлеу		(21.248.812)	(22.172.436)
Негізгі құралдардың шығуынан түсетін түсімдер		-	8.571
Жалдау бойынша ақшалай қаражатты алу		221.910	237.094
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(21.026.902)	(21.926.771)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Қарыздарды өтеу	27	(9.362.542)	(40.635.821)
Қарыз алу	27	12.425.962	27.689.748
Облигациялар шығару	27	29	15.000.840
Төленген дивидендтер	13	(2.469.517)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	27	(473.283)	(2.427.715)
Қаржы қызметінен алынған (пайдаланылған) таза ақша қаражаты		120.649	(372.948)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі		9.494.885	2.198.440
Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарының қалдығына және олардың шетел валютасындағы баламаларына әсері		(962.791)	(100.691)
Ақша қаражаттары және олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтегі өзгеріс		(142.156)	(33.553)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		6.888.249	4.824.053
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	12	15.278.187	6.888.249

Глоссарий

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ
«Транстелеком» АҚ	«Транстелеком» акционерлік қоғамы
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ЦДИАӨМ	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ААҚ	Ашық акционерлік қоғам
АТС	Автоматты телефон станциясы
ОПТЖ	Ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
КЖҚ	Кең жолақты қолжетімділік
ТОБЖ	Талшықты-оптикалық байланыс желілері
ДӨО	Деректерді өңдеу орталығы
ҚОТЖ	Қашықтықтан оқыту және тестілеу жүйесі
ARPU	Бір пайдаланушыға орташа түсім
SLA	Қызмет көрсету деңгейі туралы келісім
М2М	Машина-машиналық өзара іс-қимыл
КҚЖ	Кабельдік құрылыстар желілері
АБЖ	Автоматтандырылған басқару жүйесі
АҚБЖ	Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі
ЖІІЖ	Жедел-ізвестіру іс-шараларының жүйесі
ЭДТ АБЖ	«Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі
БЦП	Бірыңғай цифрлық платформа
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
HW ЭнМЖ	Энергетикалық менеджмент жүйесі Hardware
LTE	Ұялы телефондар мен деректермен жұмыс істейтін басқа терминалдар үшін сымсыз жоғары жылдамдықты деректерді беру стандарты
MPLS	Белгілердің көмегімен бір желі торабынан екіншісіне деректерді беруді жүзеге асыратын жоғары өнімді телекоммуникациялық желідегі механизм
VPN	Virtual Private Network
АТС	Автоматты телефон станциясы
НАА	Нөмірді автоматты анықтау аппаратурасы
БКМ	Бақылау-кассалық машина
ФДО	Фискалдық деректер операторы
ҚНҚ	Қызметтің негізгі көрсеткіштері
МКК	Мемлекеттік кірістер комитеті

Есеп туралы

«Транстелеком» акционерлік қоғамы оқырман назарына «Транстелеком» АҚ-ның 2022 жылғы кезекті интеграцияланған есебін (бұдан әрі – Есеп) ұсынады. Бұл Есеп қызметтің негізгі көрсеткіштерін, акционерлер, тұтынушылар, инвесторлар мен серіктестер үшін қажетті ақпаратты, сондай-ақ «Транстелеком» АҚ-ның одан әрі даму перспективаларын көрсетеді. «Транстелеком» АҚ Корпоративтік басқару мен орнықты дамудың жоғары стандарттарына да назар аударады.

«Транстелеком» АҚ барлық мүдделі тараптардың үміттерін қанағаттандыратын өз қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты уақтылы және барынша толық ұсынуға ұмтылады. 2015 жылдан бастап «Транстелеком» АҚ жылдық есептерді жариялайды, онда өзінің операциялық қызметінің нәтижелері туралы ғана емес, сондай-ақ тұрақты дамуы туралы, атап айтқанда, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мәселелерді ашу кезінде GRI стандарттарын қолдану туралы ақпарат көрсетіледі.

Осы Есепті пайдалы және қысқа ету мақсатында біз оған қосымша ақпарат көздеріне, оның ішінде «Транстелеком» АҚ-ның веб-сайтына сілтемелерді енгіздік.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ
ЕСЕПТІ ШЕКАРАЛАРЫ

Есепті кезең 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезең болып табылады. «Транстелеком» АҚ қызметінің көрсеткіштері 2020 және 2022 жылдардағы динамикада ұсынылған.

Қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындылары бойынша ақпарат 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілікте көрсетілген, сондай-ақ www.ttc.kz корпоративтік веб-сайтында

жарияланған. «Транстелеком» АҚ қызметінің барлық қаржылық көрсеткіштері ХҚЕС бойынша аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес теңгемен көрсетілген.

Есеп орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде дайындалған және www.ttc.kz корпоративтік веб-сайтында орналастырылатын болады.

Есептің қағаз көшірмелері сұрау салу бойынша мүдделі тараптарға ұсынылуы мүмкін.

ЕСЕП
МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ
ПРОЦЕСІ

Қызмет нәтижелерін толық және объективті көрсетуге ұмтыла отырып, «Транстелеком» АҚ Есепте есепті кезеңде туындаған жетістіктерді де, қиындықтарды да ашады.

Есеп мазмұнын анықтау қағидаттары:

- Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл
- Тұрақты даму мәнмәтіні
- Елеулілік
- Толықтық

Есеп «Транстелеком» АҚ-ның басымдықтарына сәйкес ұзақ мерзімді экономикалық өсуді, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды, адами капиталды дамытуды қоса алғанда, бірқатар мәселелерді қамтиды.

Есеп мүдделі тараптар мен қалың жұртшылық үшін қолжетімді нысанда ақпарат ұсынады, күрделі техникалық терминологияны пайдаланудан аулақ болады және негізінен арнайы салалық техникалық, технологиялық және экономикалық білім мен дағдыларды талап ететін мәліметтерді қамтымайды. Есепте материалды көрнекі және қолжетімді ұсыну үшін диаграммалар, кестелер мен графиктер қолданылады, пайдаланылған қысқартулардың тізімі беріледі, тек сенімді ақпарат беріледі.

Маңызды тақырыптарды таңдау кезінде тұрақты даму туралы ақпаратты ашу үшін GRI стандарттарымен ұсынылған төрт сатылы процесс қолданылды. Бірінші кезеңде телекоммуникация саласы үшін маңыздылық мәнмәтіні бағаланды, біз үздік тәжірибені қарастырдық, сараптамалық ұйымдардың пікірлерін талдадық. Содан кейін біз бизнес-модельге және операциялық процестерге талдау жасадық, біріншіден, экспозицияның қай жерде болатынын бағалау, екіншіден оның маңыздылығын бағалау. Біз ішкі талдауды мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қорытындыларымен толықтырдық. Соңғы, төртінші кезеңде біз маңыздылық шегін анықтадық және осы есепте көрсетілген тақырыптарға басымдық бердік.

ТАҢДАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫҢ ТІЗІМІ

Экономика

Экономикалық нәтижелілік

Сатып алу тәжірибесі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

Экология

Энергия

Эмиссиялар

«Транстелеком» АҚ

Жұмысбастылығы

Еңбекті қорғау

Тренингтер мен оқыту

Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер

БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ МӘЛІМДЕМЕ

Есепте болашаққа қатысты келтірілген деректер болжамдық сипаттағы ақпаратқа негізделген. Мынадай сөздер: «есептейді», «болжайды», «күтеді», «бағалайды», «ниеттенеді»; «жоспар» деген белгісі бар көрсеткіштер және оларға ұқсас сөйлемшелер бұл жағдайда біз болжамды мәлімдеме туралы айтып отырғанымызды көрсетеді. Нақты нәтижелер жоспарлы және мақсатты көрсеткіштерден, күтілетін нәтижелерден, болжамды мәлімдемелердегі бағалар мен ниеттерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Болжамды мәлімдемелер Есеп шыққан күнге ғана жарамды. «Транстелеком» АҚ болжамды мәлімдемелерде қамтылған қызметтің күтілетін нәтижелеріне іс жүзінде қол жеткізілетініне кепілдік бермейді, сондықтан олар неғұрлым ықтимал және үлгілік сценарий ретінде қарастырылмауы тиіс және қарастырыла алмайды.

КУӘЛАНДЫРУ

Жылдық есептерді дайындау «Транстелеком» АҚ-ның ақпараттық ашықтығын арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар ішкі бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Байланыс ақпараты

Осы есепте ұсынылған ақпарат бойынша

барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша мына

мекенжайға хабарласуыңызды сұраймыз:

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 10,
23-қабат

Азық-түлік және маркетинг кеңсесі

Тел.: +7 (7172) 61 11 97

E-mail: prmc@ttc.kz

Жылдық есептегі ақпаратты пайдаланған кезде оған сілтеме жасау міндетті.



GRI

мазмұн индексі

«Транстелеком» АҚ 2022 жылғы GRI стандарттарына сәйкес есеп дайындады

Қолдану туралы мәлімдеме

GRI 1 қолдану		GRI 1: Негіздер 2022				
Қолданылатын салалық стандарт		Қолданылмайды				
GRI стандарты	Ашу	Бөлім	Ерекшелік			Салалық стандарттағы №
			Көрсеткіш	Себебі	Түсіндірме	

Жалпы ашулар

GRI 2 Жалпы ашулар 2022	2-1 Ұйым профілі	Компания туралы мәлімет				
	2-2 Есепке енгізілген ұйымдар	Компания туралы мәлімет				
	2-3 Есепті кезең	Есеп туралы				
	2-4 Есеп берудегі өзгерістер	Есеп туралы				
	2-5 Сыртқы кепілдік	Есеп туралы				
	2-6 Операциялар, күн тізбегі және басқа қатынастар	Бизнес моделі				
	2-7 Жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-8 Штаттан тыс жұмысшылар	Персонал құрамы				
	2-9 Корпоративтік басқару құрылымы мен құрамы	Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы				
	2-10 Жоғары басқару органдарын тағайындау	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру				
	2-11 Жоғары басқару органының басшысы	Директорлар кеңесінің құрамы				
	2-12 Ұйымның әсерін қадағалаудағы жоғары басшылықтың рөлі	Тұрақты даму				
	2-13 Тұрақты даму саласындағы өкілеттіктерді беру	Тұрақты даму				
	2-14 Тұрақты даму бойынша есеп берудегі жоғары басқару органдарының рөлі	Тұрақты даму				
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын шешу				
	2-16 Хабарламалар мен шағымдар	Шағымдар мен апелляциялар				
	2-17 ҰР бойынша жоғары басқару органдарының құзыреттерін дамыту	Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру				
	2-18 Жоғары басқару органдарының қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің, оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау				

	2-19 Сыйақы саясаты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы; Басқарма мүшелерінің сыйақысы			
	2-20 Сыйлықты анықтау процесі	Басқарма мүшелерінің сыйақысы			
	2-21 Салыстырмалы өтемақы көрсеткіштері	Басқарма мүшелерінің сыйақысы			
	2-22 Тұрақты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Тұрақты даму			
	2-23 Жауапты іскерлік тәжірибелер саясаты	Құндылықтар мен этикалық принциптер			
	2-24 Саясаттың орындалуы	Құндылықтар мен этикалық принциптер			
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Тәуекелдерді басқару			
	2-26 Іскерлік тәжірибелер бойынша кеңес беру және өтініш беру механизмдері	-	Қолданылмайды	Қазіргі уақытта компанияда өтініш беру механизмдері жоқ	
	2-27 Заңдар мен ережелерді сақтау	Нормативтік ортаны шолу			
	2-28 Бірлестіктерге мүшелік	Жарғылар мен бірлестіктерге қатысу			
	2-29 Мүдделі тараптарды тарту тәсілі	Мүдделі тараптарды тарту			
	2-30 Ұжымдық шарттар	Әлеуметтік саясат			

Маңызды тақырыптар

GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-1 Маңызды тақырыптарды анықтау процесі	Есеп туралы		
	3-2 Маңызды тақырыптардың тізімі	Есеп туралы		

Экономикалық тиімділік

GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Тұрақты даму		
GRI 201 Экономикалық тиімділік 2022	201-1 Құрылған және бөлінген экономикалық құн	Тұрақты даму		

Сатып алу тәжірибесі

GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Сатып алуды ұйымдастыру		
GRI 204 Сатып алу тәжірибесі 2022	204-1 Жергілікті жеткізушілерге арналған шығыстардың үлесі	Сатып алуды ұйымдастыру		

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	
GRI 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес 2022	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдер бойынша коммуникациялар және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	
Энергия			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару		Қолданылмайды
GRI 302 Энергия 2022	302-1 Ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну		Қолданылмайды
	302-4 Энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайту		Қолданылмайды
Эмиссиялар			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау	
GRI 305 Эмиссиялар 2022	305-1 Парниктік газдардың тікелей эмиссиялары (1 Қамту)	Қоршаған ортаны қорғау	
	305-7 Атмосфераға басқа да елеулі шығарындылар	Қоршаған ортаны қорғау	
Жұмыспен қамту			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Персонал құрамы	
GRI 401 Жұмыспен қамту 2022	401-1 Жалданған қызметкерлер және қызметкерлердің ауысуы	Персонал құрамы	
	401-3 Ата-ана демалысы	Әлеуметтік саясат	
Еңбекті қорғау			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
GRI 403 Еңбекті қорғау 2022	403-1 Еңбекті қорғау жүйелері	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-2: Қауіпті анықтау, хабарлау және оқиғаны зерттеу	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	

	403-3: Еңбекті қорғау қызметтері	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-4: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша жұмысшылардың қатысуы, кеңес беруі және ақпарат алмасуы	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-5: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша қызметкерлерді оқыту	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-6: Қызметкерлердің денсаулығын қолдау	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-7: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік зәрдаптарының алдын алу және азайту	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
	403-9: Өндірістік жараттар	Жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау	
Оқыту			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Қызметкерлерді оқыту	
GRI 404 Тренингтер және оқыту 2022	404-1 Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орташа саны	Қызметкерлерді оқыту	
	404-2 Біліктілікті арттыру бағдарламалары	Қызметкерлерді оқыту	
	404-3 Тұрақты жұмыс нәтижелеріне шолулар алатын қызметкерлердің пайызы	Қызметкерлерді оқыту	
Тең мансаптық мүмкіндіктер			
GRI 3 маңызды тақырыптар 2022	3-3 Тақырыпты басқару	Персонал құрамы	
GRI 405 Өртүрлілік және тең мансаптық мүмкіндіктер 2022	405-1 Басқарудағы және кадрлық құрылымдағы өртүрлілік	Персонал құрамы	
	405-2 Әйелдер сыйақысының ерлердің сыйақысына қатынасы	Персонал құрамы	
Компания үшін маңызды емес деп танылған сала үшін маңызды тақырыптар		Қолданылмайды	